

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ
ХАБАРШЫ

№ 2 (28)

2009

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ

ХАБАРШЫ

№ 2 (28)



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетені**

№ 2 (28)

2009 жылғы маусым

Құрылтайшы:
Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігі


Редакциялық алқа:

М. Құл-Мұхаммед
Мемтерминком
төрағасы

С. Абдрахманов
М. Айымбетов
Т. Алпысбаев
М. Ахмет
Ж. Бейсенбайұлы
Ә. Кекілбаев
Б. Қалиұлы
Ш. Құрманбайұлы
М. Құлкенов
Б. Майлыбаев
Б. Момынова
Д. Омашұлы
К. Хұсайын
Е. Шаймерден
К. Юсуп

Бас редактор
Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ

ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы 2002 жылғы 27 мамырда № 2993-Ж қуәлігі берілген.





ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ, ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Хабаршының бұл айдарымен Мемтерминком мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлының «Ісләм Жарылғаповтың сөзжасам тәжірибесі», Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың профессоры, филология ғылымдарының докторы Е. Әбдірәсіловтің «Салалық терминдер мен жалпығылыми терминдердің электрондық жиынтығын жасау қажеттілігі», С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің доценті, филология ғылымдарының докторы С.С. Исақованың «Лингвистикалық терминдерді когнитивтік тұрғыдан талдау», А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері Н. Әшімбаеваның «Қазақтың бұрынғы ел басқару құрылымына қатысты кейбір атаулар», Ұлттық қорғаныс университеті ғылыми орталығының әскери терминология тобының бастығы Н.С. Ысқақованың «Проблемы перевода военных терминов в военно-технической научной литературе» деп аталатын мақалалары беріліп отыр.

Ш. Құрманбайұлы,

филология ғылымдарының докторы, профессор

А. Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институтының директоры

Ісләм Жарылғаповтың сөзжасам тәжірибесі

Кеңестік кезеңде бізде ұлт тіліндегі термин шығармашылығы мүлдем кенжелеп, ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялылары қалыптастырған термин-жасам дәстүрі жалғасын таппай қалғандығы жөнінде айтып та, жазып та жүрміз. Тіл мамандары да ғылым мен техниканың, өзге де көптеген арнаулы салалардың мамандары да ғылыми ұғымдарды ұлт тілінде атап, қазақша термин жасау мәселесінен шет қалғаны осы кезеңнің шындығы. Оған дау айтып, дәлел іздеп жатудың реті жоқ. 30-жылдардан бастап, Кеңес одағы ыдыраған кешегі 90-жылдарға дейінгі уақыт аралығында қалыптасқан терминологиялық қорымызға көз жүгіртсек жеткілікті. Терминдерді орыс тілінен қалай және қаншалықты мөлшерде қабылдағанымыз, бәрі де анық көрініп тұр. Жалпы алғанда орыс тілін үлгі етіп алған кеңестік терминқор жасау бағытын ұстанып, терминологиямызды халықаралықтандыру үрдісінен шықпағанымызбен, сол уақытта да қазақ тілінде сөз жасаудың маңызын терең түсініп, өздері де бұл іске қал-қадерінше атсалысқан жекелеген азаматтар болды. Бұл орайда Ә. Сатыбалдиев, І. Жарылғапов, М. Әлімбаев, Б. Қыдырбекұлы, Р. Бердібаев сынды есімі елге белгілі аудармашы, ақын-жазушы, әдебиетші, журналистердің еңбегін ерекше атаған абзал. Бұл аталған есімдердің арасынан қазақ тілінің сөздік қорын байытуға елеулі үлес қосқан І. Жарылғаповқа жеке тоқталған орынды.

Ісләм Жарылғаповтың сөзжасам шеберлігі туралы қалың көпшілік пен қалам ұстаған қауым арасында еске алынып, жекелеген мақалаларда немесе сөз арасында айтылғаны болмаса, осы уақытқа дейін оның шығармашылығы, қаламынан туындаған сөздері туралы жүйелі лингвистикалық талдау жасалып, таратылып жазыла қоймаған еді. Бұл орайда 2008 жылы жарық көрген журналист-жазушы Өтеш Қырғызбаевтың «Сөз зергері Ісләм Жарылғапов» деген өмірбаяндық, танымдық кітабын осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталған еңбек деп бағалаған орынды. Автор аталған кітабында І. Жарылғаповты қайраткер, аудармашы, ұстаз, сыншы, ғалым, ақын яғни көп қырлы, жан-жақты азамат



ретінде таниды. Кітап авторы оның осы қырларын ашуға талпыныс жасаған, өзіндік пайымдауларын ортаға салған. І. Жарылғаповтың өзге қырларын сол салалардың білікті мамандары әдебиет сыншылары мен ақындар бағалай жатар. Ө. Қырғызбаевтың авторлығымен жарық көрген бұл кітап І. Жарылғапов мұрасын жұртшылық назарына, ғылыми қауым талқысына ұсынып отырған алғашқы арнаулы еңбек болуымен құнды. Кітап авторының еңбегін осы тұрғыдан бағалаған орынды ғой деп ойлаймыз. Жалпы алдағы уақытта І. Жарылғаповтың соңында қалған мұрасын, хатқа түскен, жазған-сызғандарының бәрін жинақтап, жүйелеп, жеке басылым етіп шығарған дұрыс болар еді. Сонда әр саланың мамандары, ғалымдар оның шығармашылығымен тікелей танысып, өздеріне қатысты қырларын жан-жақты талдап, ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігіне ие болады. Ұлт тілінің дамуына бір кісідей еңбек сіңіріп, өзіндік үлес қосқан азаматтың еңбектері сонда ғана тиісті сала мамандары тарапынан шыннайы бағасын алады деп білеміз. Біз төменде тәжірибелі аудармашы, белгілі сөзжасам шеберінің қаламынан туындаған сөздері, терминдері, оның қазақ лексикасының баюына қосқан өзіндік үлесі туралы ғана сөз етпекпіз.

«Ісләм Жарылғапов творчествосында В.И. Ленин қай жағынан алғанда да, бірінші орында» деп жазыпты Жапар Өмірбеков. Шындығында да, оның шығармашылығы В.И. Ленин есімімен тығыз байланысты. Социализм көсемі В.И. Ленин соңына 55 том еңбек қалдырғаны белгілі. Кешегі кеңестік кезеңде оның еңбектерін ұлт тілдеріне аударуға, мектеп жасындағы баладан бастап оқытып, «кеңес халқына» кеңінен насихаттауға айрықша мән берілді. Қазақстанда бұл істің қолға алынған бастапқы кезеңінен бастап, басы-қасында болған қазақ қаламгерлерінің бірі І. Жарылғапов. Ол пролетариат көсемінің еңбектерін қазақ тіліне аударуға бар ынта-жігерімен кірісіп, бұл іске көп еңбек сіңірді. Оның аудармашылық тәжірибесінің молығып, саяси әдебиеттерді аударудың білікті маманы ретінде қалыптасуы да В. Ленин еңбектерін қазақ тіліне аудару ісімен сонау 30-жылдардан бері айналыса бастауымен тікелей байланысты. Мәселен, «В.И. Лениннің өмірі мен революциялық қызметтері» (1937). «Жастар одағының міндеттері» (1944), «В.И. Ленин. Комсомолдың III Бүкілодақтық съезінде сөйлеген сөзі» (1943-44) сияқты аудармалары оның саяси әдебиеттерді аудару саласындағы атқарған істері болып табылады. Бұл орайда Ө. Қырғызбаевтың «Сол кезеңдегі уақыт талабына байланысты партиялық қызметте жүргендіктен В.И. Ленин шығармаларын зерттеу, еңбектерін қазақ тіліне аудару «Лениниана» тақырыбы – Ісләм

Жарылғаповтың ғылыми-көркем шығармашылығы мен аудармашылық қызметінің басты темірқазығы болды» деген пікірінің негізі бар. Алғашқыда саяси әдебиеттерді аударудан бастап, кейінірек ол көркем әдебиеттерді аударуға да жетік маманданды. Замандастары оны көркем әдебиетті аударудың да шебері, білікті аудармашы, тәжірибелі редактор ретінде танығанын, өзінен жасы үлкен-кіші қаламгерлер қауымының пікірлерінен анық аңғаруға болады. Мәселен, сөз зергері Ғ. Мүсіреповтің «Жарылғапов Ислам көркем әдебиеттің редакторы санатында мейлінше ысылған маман, аса зейінді-зерек редакторлардың бірі болып саналады» деген пікірі де соны байқатады. Жалпы І. Жарылғапов жасап, тілдік қолданысымызға енгізіп кеткен сөздердің дені негізінен аударма үдерісі кезінде туындаған атаулар. Әдебиетші Ислам Жарылғапов ең алдымен аударманың, оның ішінде, саяси аударма мен көркем аударманың шебері. Оның жасаған барлық сөздері, бүкіл сөзжасам шығармашылығы аудармамен тікелей байланысты. Оның сөзжасам шығармашылығын өзі жоғары бағалаған, кәсіби маманданған аударма ісінен бөліп қарауға болмайтыны анық. Бұл орайда «Әсіресе, аудармашылар сөз жасаумен көбірек шұғылданатынына өзіміз де куә болып жүрміз. Мысалы, бүгінгі Қазақстанның білгір аудармашыларының бірі Ислам Жарылғаповтың еңбегін ерекше атаған әділдік дер едік. Ислам аудармалар арқылы қазақ тіліне бірнеше сөз қосты», – деген белгілі ақын Мұзафар Әлімбаев пікірі өте орынды айтылған деп білеміз.

Белгілі сөзжасам шебері І. Жарылғапов қазақ тіліне өз тарапынан қанша жаңа сөз жасап қосты деген сұрақ қоюшылар болды. Әрине, бұл сұраққа дәлме-дәл жауап беру қиындау болар. Бірақ ол жасады, қолданысқа енгізді деп көрсетіліп жүрген атауларды саралайтын болсақ, оның қаламынан туындаған атауларды мейлінше нақтылай түсуге болады. Аудармашының өзі бұл жөнінде бір өлеңінде «Төлдетіп ана тілімді, Бес мың сөз қостым мен өзім» депті. Ал Ө. Қырғызбаев «Бұл өлеңінде Ислам Жарылғапов өзінің тапқан жаңа сөздері, сөз тіркестері бар, шет ел тілдерінен аударған балама сөздерінің жалпы санын көрсетсе керек. Оның ішінде жаңа сөздері бес жүздің басын құрайды» (4-бет), – деп жазады. І. Жарылғаповтың соңында қалдырған қолжазбаларымен тікелей танысып, оны жариялап отырған «Сөз зергері Ислам Жарылғапов» атты кітап авторының пікіріне және осы кітаптағы берілген сөздер тізіміне сүйенсек, сөзжасаушының бес жүзге тарта сөз жасады дегені шындыққа жақындайды. Бірақ бұдан І. Жарылғаповтың өзі жасаған немесе тілдік қордан тауып ұсынған осы атауларының бәрі жұртшылық тарапынан



қабылданып, жаппай қолданысқа еніп кетті деген қорытынды жасауға болмайды. Оның қаламынан туындаған сөздердің бірқатары көпшілік тарапынан жылы қабылданып, күні бүгінге дейін қолданылып, «жаңа сөз» мәртебесін жоғалта бастаса, енді бірқатары автордың ұсынысы ретінде қалып, жалпы қолданысқа көше қоймады. Сондай-ақ сөзжасаушының сиректеу қолданылып жүрген, әлі де қалың көпшілік тарапынан бірізді қолданылу дәрежесіне жете қоймаған атаулары да бар. І. Жарылғаповтың жаппай қолданысқа көшіп, қалыптасып кеткен атаулары қанша, деген мәселеге келер болсақ, бұл орайда қазақтың белгілі қаламгері Сафуан Шәймерденовтің пікірі шындыққа жақын деп білеміз. Ол өзінің І. Жарылғапов туралы «Сүзгіш жазушы» деген шағын мақаласында былай деп жазады: «Балмұздақ. Аялдама. Оқырман. Көрермен. Жағажай. Жайлаужай. Бейдауа... тағысын тағылар. Осындай сөздердің ұзын-ырғасы жиырма-отыз. Ал мұның өзі бір адам үшін аз дүние емес. Өйткені сөз туындату – айрықша талантты қажет ететін қиын құбылыс. Қазіргі әдеби тілімізде де, ауызекі сөйлеуімізде де қалыптасып кеткен жиырма-отыз жаңа сөз! Ал қалыптаса қоймағаны қаншама?..»

І. Жарылғапов қаламынан туындады деп көрсетілген атауларды саралап қарағанда қаламгердің мақаласында айтылған деректің дәлдігі жоғары екендігіне көз жеткізуге болады. С. Шәймерденов қолданысқа еніп кетті деп көрсеткен сөздердің басым көпшілігін жұртшылықтың жатсынбай пайдаланатын болғаны рас. Бірақ олардың арасынан *бейдауа, жайлаужай* сияқты жекелеген сөздер қазір сол кездегіден сирек қолданатын атаулар қатарына ойысса, керісінше, 90-жылдарға дейін әлі жұртшылық құлағы үйренісе қоймаған *орынтақ, қазанама, тілтаным* тәрізді атаулары жиі қолданылатын сөздер қатарына еніп келеді.

Сөзжасаушының қаламынан туындағаны еш күмән туғызбайтын, қазақ тілінің лексикалық қорына қосылып, тілімізде кеңінен қолданып жүрген жеке авторлық атаулары мыналар: *аялдама, балмұздақ, баспагер, басылым, галамшар, гарышкер, дүниетаным, еңбеккер, жағажай, жазылым, зымыран, көрермен, қазанама, қайраткер, қаламгер, қойылым, мерейтой, оқырман, орынтақ, өркениет, суреткер, тұсқағаз, тыңдарман, үлгерім, шипажай.*

Оның бұл қатарға жататын сөздері бұлармен де шектелмеуі мүмкін. Ғылыми нақтылық үшін оның қаламына тиесілі делініп көрсетілген *алушы (получатель), анықтама (справка), бап (статья), келісім (соглашение), жиналыс (собрание), сыйлық (премия), тігінді (подшивка), күрескер (борец), отырыс (заседание), мәлімдеме (заявление), қолхат (расписка),*

сенімхат (доверенность), келуші (посетитель), мазмұндама (коммюнике), дәретхана (туалет), шеберхана (мастерская) сынды тілде тұрақты қолданылатын бірқатар атаулардың әлі анық-қанығын аша түсу керек.

Жаппай бірізді қолданылу деңгейіне жетпесе де, тілде біршама қолданылатын, тұрақтауға жақын атаулары *аққайнар (шампанское), азагүл (венок), гүлгүл (букет), құбылнама (компас), лақапат (псевдоним)*, т.б. Бұл сөздер тұрақты қолданылмаса да, белгілі қаламгерлердің шығармаларына еніп, жұртшылыққа едәуір таныс болып қалған.

Аударма, терминжасам кезінде тілімізде бұрыннан бар төл атауларымызды орынды пайдалану орнына қолдан жасанды сөз жасап, соларды тықпалап, қалайда қолданысқа енгізуге күш салып жататын жағдайлар да ұшырасады. Бұл тұрғыдан қарағанда, І. Жарылғапов қалайда жаңа сөз жасауды, өзі ұсынған сөздерді қолданысқа енгізуді ғана мақсат етіп қоймаған. Ол аударма үдерісі кезінде тілімізде бұрыннан бар, алайда қалтарыста қалып, мамандар тарапынан ескерілмей келген көптеген қазақ сөздерін ерінбей іздеп тауып, оларды өз мағынасында немесе мағынасын біршама жаңғыртып қолдана білген. Ондай сөздердің қатарына ол қолданған *асадал, гарыш, кеніш, ымыра, пырақ, әжсуа, ұран, жиһаз, қойма, көген, демеуші, емші* сынды атауларды қосуға болады.

2008 жылы Ө. Қырғызбаевтың авторлығымен жарық көрген «Сөз зергері Ісләм Жарылғапов» атты кітапта «І. Жарылғаповтың сөз маржандары» деп ұзын саны 500-тарта сөз бен 100-ден астам өсімдік, асыл тастар мен аң-құс, жан-жануарлар атауларының тізімі беріледі. Алайда, осы тізімдегі сөздердің едәуір бөлігі тілімізде бұрыннан бар, қолданыста болған, немесе 30-жылдарға дейін алаш зиялылары жасаған атаулар екенін айту керек. Біз ХХ ғасыр басында жарық көрген бірқатар газет-журналдар мен түрлі басылымдарды сүзіп қарағанда оған көз жеткіздік. Ол басылымдардың бәрін тізіп жатудың қажеті бола қоймас. Алайда, сөзіміз дәлелді болу үшін, аталған сөздердің бірнеше сөздіктердегі берілуін хронологиялық тәртіппен, төмендегі кесте түрінде беріп отырмыз.

Сөз	1950-жылдар	1960-жылдар	1970-жылдар	1980-жылдар	1990-жылдар
асадал	—	—	—	—	—
гарыш	—	—	—	—	—
кеніш	—	—	—	—	—
ымыра	—	—	—	—	—
пырақ	—	—	—	—	—
әжсуа	—	—	—	—	—
ұран	—	—	—	—	—
жиһаз	—	—	—	—	—
қойма	—	—	—	—	—
көген	—	—	—	—	—
демеуші	—	—	—	—	—
емші	—	—	—	—	—

Орысшасы	Қазақша- арыста тілмаш. Маскеу, 1925.	Пән сөздері. Қызылорда, 1927.	Атаулар сөздігі. Қызылорда, 1931.	I. Жарылғапов жасады деген сөздері тізімінде
дневник	–	–	күнделік	күнделік
сознание	сана	сана	сана	сана
таблица	–	кесте	кесте	кесте
горизонт	–	көкжсиек	көк жсиек	көкжсиек
председатель	–	аға	төраға	төраға
революция	төңкеріс (переворот)	төңкеріс	төңкеріс	төңкеріс
гонсрар	–	–	қаламақы	қаламақы
ожерелье	алқа	–	алқа	алқа
дезинфекция	бұқырлау	аластау	бұқырлау	бұқырлау
срганизация	ұйым	ұйым	ұйым	ұйым
показатель	–	–	көрсеткіш	көрсеткіш
приговор	–	үкім	үкім	үкім
аптека	–	дәріхана	әптек	дәріхана
постановление	қаулы	қаулы	қаулы	қаулы
мировоззрение	–	дүние тану	ой өрісі (дүниеге көзқарас)	дүниетаным
сратор	шешен	шешен	шешен	шешен
государство	–	мемлекет	мемлекет	мемлекет
резолуция	–	қарар	қарар	қарар
(у)правление	басқарма	басқарма	басқарма	басқарма
жилище	–	–	баспана	баспана
культура	мәдениет	мәдениет	мәдениет	мәдениет
совет	кеңес	кеңес	кеңес	кеңес
полка	сөре	–	сөре	сөре
доля, надел	сыбаға	сыбаға, үлес	сыбаға	сыбаға
кожаный пояс	кісе	–	–	кісе
приказ	бұйрық	жарлық	жарлық, әмір	бұйрық
сатира	мысқыл (сарказм)	мысқыл (сарказм)	мысқыл	мысқыл
проказа	алапес	алапес	алапес	алапес
совет	кеңес	кеңес	кеңес	кеңес
обоз	кіре	–	–	кіре
рубин	лағыл	–	лағыл	лағыл
яхонт	жақұт	–	–	жақұт
ковыль	–	көде	көде	көде

«Қаламақы» мен «зейнетақы» сияқты сөздер заңнамалық маңызы бар ресми құжаттарда да кеңінен қолданылады», – дей келіп, автор І. Жарылғаповтың сөз маржандарының қатарында «қаламақы» сөзін де көрсетіпті. Жоғарыдағы кестеде көрсетіліп отырғандай, бұл атау 30-жылдары жасалып, ресми бекітілген терминдер қатарында сөздікке енген. Бұл кезде І. Жарылғапов 10-12 жаста болған екен, сондықтан бұл сөзді оның қаламынан туындаған атаулар қатарына қоса алмасак керек. Осы үлгімен жасалған «еңбек ақы», «жал ақы» (заработанная плата) сынды атаулар 20-жылдары қолданысқа ене бастаған. Жалпы жоғарыдағы кестеде келтірілген сөздерді І. Жарылғапов жасаған атаулар қатарына қосудың негізі де, реті де жоқ. Оның жасаған сөздерінің қатарында *асхана* (*столовая*) сөзі де беріліпті. Академик І. Кеңесбаев пен Ғ. Мүсіреповтің 1972 жылы «Лениншіл жас» газетінде бірлесіп жарияланған «Әдеби тіліміз – кең арналы тіл» деген мақалаларында *шілдехана*, *масахана*, *асхана* тілімізде бұрыннан бар атаулар деп көрсетіліпті. Кітапта берілген өсімдік, асыл тастар мен аң-құс, жан-жануарлар атауларының да тіл жанашырының қаламынан туындаған әр сөзін ғылыми дәлдікпен нақты көрсетіп, оның сөзжасам тәжірибесін зерделеп, бүгінгі уақыттағы сөз шығармашылығында пайдаланып жатсақ, құба-құп. Алайда, ол жасады деген сөздердің санын қолдан ұлғайтып көрсетуге ұмтылуға қандай да бір қажеттілік бар деп ойламаймыз. «Аялдама», «балмұздақ», «суреткер» сынды зергердің қолынан шыққан бұйымдай, бас-аяғы жұп-жұмыр, іші-сырты үйлесім тауып сәтті жасалған сөздері-ақ оның білікті аудармашы, қазақ тіліндегі сөз шығармашылығына өзіндік үлес қосқан ұлтжанды маман екенін айғақтап тұр.

Сөзден сөз жасап шығару деген қиынның қиыны. Сондықтан да, ойы ұшқыр, қаламы жүйрік талай қаламгерлер мен ғалымдардың ұсынған атауларының бәрі бірдей жұртшылық талғамынан шығып, тілге сіңіп кете бермеген. Білікті аудармашы І. Жарылғапов ұсынған атаулардың арасында да ондай сөздер едәуір. Мәселен, мына төменгі кестеге назар салып көрелік:

Орысшасы	І. Жарылғапов ұсынған атаулар	Қазіргі қолданыстағы қалыптасқан нұсқасы
документ	<i>сендіргі</i>	<i>құжат</i>
договор	<i>бәтуа, шарттаспа</i>	<i>шарт</i>
овощ	<i>қаула</i>	<i>көкөніс</i>
календарь	<i>жылайна, жылжарғы</i>	<i>күнтізбе</i>
кухня	<i>қазанжай</i>	<i>ас үй</i>
интервью	<i>тілдесе</i>	<i>сұхбат</i>
критика	<i>парықтама</i>	<i>сын</i>
критик	<i>парықтамашы</i>	<i>сыншы</i>
принцип	<i>басқағида, түптұрғы</i>	<i>қағида</i>
предисловие	<i>беташар</i>	<i>алғысөз</i>
процесс	<i>ағым, барыс</i>	<i>үдеріс</i>
постановщик	<i>қойымпаз</i>	<i>қоюшы</i>
законодательство	<i>заният</i>	<i>заңнама</i>
клетка	<i>үйкі, үйкін</i>	<i>жасуша</i>
континент	<i>жержаһан</i>	<i>кұрлық</i>
микрорайон	<i>бүйрекент</i>	<i>ықшамаудан</i>
правописание	<i>заңтаным</i>	<i>құқықтану</i>
программа	<i>мұратнама</i>	<i>бағдарлама</i>
заключение	<i>байлам</i>	<i>қорытынды</i>
летучка	<i>лезген</i>	<i>лездеме</i>
словник	<i>сөзен, сөзтізбел</i>	<i>сөзтізбе</i>
командировка	<i>рәсімжол</i>	<i>іссапар</i>
разговорник	<i>сөйлеуіш</i>	<i>тілдескіш</i>
капуста	<i>басжалбыр</i>	<i>қырыққабат</i>
летчик	<i>ұшаман</i>	<i>ұшықшы</i>
выпускник	<i>бітіргін</i>	<i>түлек</i>
отличник	<i>санлақ</i>	<i>үздік</i>
самолет	<i>ұшаған</i>	<i>ұшак</i>
смена	<i>кезектесе</i>	<i>ауысым</i>
тамсжня	<i>жүкөткерлік</i>	<i>кеден</i>
детсад	<i>бөбекхана, бөбекжай</i>	<i>балабақша</i>
мастер	<i>ісбегі</i>	<i>шебер</i>
помидор	<i>алжұмыр</i>	<i>қызанақ</i>
дух	<i>рухия</i>	<i>рух</i>
исдопад	<i>құстасқын, ортасқын</i>	<i>сарқырама</i>
творчество	<i>өнерлік</i>	<i>шығармашылық</i>
справочник	<i>анықтауыш, анықтамал</i>	<i>анықтамалық</i>
словарь	<i>сөзтіл, сөзбілмел, сөзбіл</i>	<i>сөздік</i>
перевод	<i>туындама</i>	<i>аударма</i>
юбиляр	<i>мерекей</i>	<i>мерейгер</i>
естествознание	<i>жаратия, табиғатбілгірлік</i>	<i>жаратылыстану</i>
пелина	<i>тынжер</i>	<i>тын</i>
пелинник	<i>тынжерші</i>	<i>тын игеруші</i>
давление	<i>қан шірегі</i>	<i>қан қысымы</i>
суверенитет	<i>қожалық</i>	<i>егемендік</i>

І. Жарылғапов орыс тіліндегі «болельщик» сөзінің қазақша баламасы ретінде «жанкүйер» деудің орнына «намыскер» сөзін ұсынған. Алайда «жанкүйер» жұртшылықтың санасына сіңіп, қолданысқа еніп кеткендіктен, «намыскер» сөзіне орын босата қоймады. І. Жарылғапов туралы кітапта «дача» сөзінің баламасы бірде «жайлаужай», бірде «саябақ» деп берілген. Қазір дачаны – «саяжай», паркті – «саябақ» деп атау орныға бастағаны белгілі.

Сондай-ақ аудармашы қаламынан туындаған *жарияшы (диктор), сырсурет (живопись), айшықтама (заголовок), өнерлеме (изобретение), зерттеме (исследование), күлдірме (комедия), деректеуіш (источник), тілбілгір (лингвист), жадира (мемуар), атамал (название), бетжазба (надпись), шертпе (новелла), ойнауыт (оркестр), хикаяла (повесть), жырзия (поэзия), істемел (практика), жаранғат (публицистика), үйреткер (режиссер), өртжүрек (романтик), үнүлгі (стиль), мильамал (теория), әдемиет (эстетика), айдарша (эпиграф), багия (археология), күмбезие (архитектура), сыйпырия (арифметика), білгірбилігі (аристократия), аспания (астрономия), затия (материя), анажер (материк), данакітап, шаркітап (энциклопедия), құлшыңгер (энтузиаст), тіленгер (доброволец), тілзерткер, тілзертте (языковедение), бұрышия, көлемше (тригонометрия), ісмерлеуші (конструктор), қисабия (бухгалтерия), бөлтек (цех), шынықтамал (спорт), құрышкер (спортсмен), сымбатпал (физкультура), ақшажалдар (ростовщик), шәкіртхана (интернат), ішімхана (кабак) сияқты т.б. көптеген сөздер қолданысқа ене қоймаған атаулар қатарында тұр.*

Сөзжасаушы ұсынған мұндай атаулардың арасынан сұрыптап алып, әлі де қажетімізге жаратуға болатын ұтымды жасалғандарының әлі де бар екенін айтқан абзал. Мысалы, *уыздық (яичница), жатжазба (диктовка), жатжазу (диктант), ысқын (массаж), ысқыншы (массажист), кесуіш (резец), шарай (орбита), айдарша (эпиграф), өрнекіші (дизайнер), түймешек (кнопка), белгішен (медаль), мерейшен (орден) т.б.*

Ал рецензияны «бағағат», «бағанама» деген екен. Осының «бағағат» деген нұсқасын «рецензия» сөзінің баламасы ретінде пайдалануға әбден болады деп санаймыз.

Кітапта *критика – парақтама, критик – парақтамашы* деп беріліпті. Шамасы, «парықтама», «парықтамашы» болуы керек. Аудармашы бұл сөзді «парықтау» сөзінің мағынасын негізге ала отырып жасаған болса керек деп пайымдаймыз.

I. Жарылғаповтың сөзжасам ерекшелігі туралы айтар болсақ, ол тілімізде бұрыннан бар, өзіне дейін де сөз тудыруда түрлі дәрежеде пайдаланылып келген қосымшалардың арасынан *-гер/-кер* (*еңбеккер, қаламгер, суреткер*), *-ма/-ме* (*аялдама, туындама, өнерлеме*), *-ым/-ім* (*басылым, жазылым, үлгерім*), *-ман/-мен* (*оқырман, тыңдарман, көрермен*), *-хана* (*жолхана – вокзал, бөбекхана, ішімхана*) сынды сөз тудырушы жұрнақтарды көбірек пайдаланған.

I. Жарылғапов жасап, қазіргі тілімізде бірізді қолданылып жүрген жоғарыдағы атауларының бірқатары кезінде кейбір көрнекті тілші ғалымдар мен белгілі аудармашылар тарапынан қабылдана қоймаған еді. Академик I. Кеңесбаев 1958 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Қазақ әдебиеті» газетіне хат» деген мақаласында *-ман/-мен* жұрнақтары арқылы сөз тудырудың дұрыс еместігін айтып, сынға алған еді. Ол былай деп жазады: «Жұрнақ арқылы термин жасауды өзінше түсініп, өзінше тәсіл ашуға құмар жолдастар бар. «Қазақ әдебиеті» бетінен кейінгі кезде «көрермен», «оқырман» тәрізді жаңа сөздер орын тебе бастады. Бұл «жаңалықтан» дәнеңе де ұта алмаймыз. Белгілі бір жұрнақты талғаусыз кез келген жерде жұмсау орынсыз болады. Тілімізде өте жиі кездесетін құнарлы (өнімді) жұрнақтар да, құнарсыз (өнімсіз) жұрнақтар да бар: *-ман(-мен)* жұрнағы соңғы жұрнаққа жатады. *Ал-ар-ман, бер-ер-мен, ат-ар-ман, шаб-ар-ман* бірді-екілі сөзден басқаға бұл жұрнақ қосылмайды. Есімшенің келер шақ түрін жасасақ, *-ман(-мен)* жұрнағын жалғай беруге болады екен деп, қисыны келмейтін жерге оны тыққыштауға болмайды. *Зритель, читатель* дегендерге дара балама табуды талап етіп, қазақ тілі қағидасын белшесінен басып, *көрермен, оқырман* сияқты сөздерді дұрыс деуге болмайды. Бұл ізбен кете берсек, «айнымалы» (кісі), «бытыраңқы» (сөз), «құранды» (нәрсе) дегендегі соңғы жұрнақтарды «оқы-нды», оқы-ңқы», «оқы-малы» түрінде қосып, «жаңа» сөз жасамасқа кім кепіл бола алады? Бұл түрде сөз жасау «сиыр боздайды», «түйе мөңірейді» сықылды мәнсіз, мағынасыз бірдеңе болады. *Оқырман, көрермен* тәрізді тұлғалар әйел киімін еркекке кигізумен бірдей».

«Көрермен», «оқырман» сөздері туралы I. Жарылғаповтың замандасы әрі әріптесі белгілі аудармашы-жазушы Ә. Сатыбалдиев та өз пікірін білдірген болатын. Ол «Тіл шұбарлығы неден?» деген мақаласында академик I. Кеңесбаев пікірін қолдай отырып, «Сөз тіркесінің арасына салып жібергенде, «көрерменнің» қолапайсыздығы «синекдохадан» артық емес» десе, оның «оқырман» сөзіне қатысты айтқаны да осы ойымен сабақтасып жатыр. «Жаңадан термин жасағанда, оның биязылығын,

құлаққа жағымдылығын, нәзік те музыкалы болу жағын ескеру керек. Бұл – елеулі шарт. Тіліміздің сыпайы болуын әрқашан көздеуге тиістіміз. Тек осы тұрғыдан алғанда ғана «оқырман» деген сөз көкейге сәл қоныңқырамайды. Бірақ, қазіргі уақытта, бар сыннан өтіп, тіл ұстартудағы табысымыз санатына қосылып кеткен «кұрам», «кұрылым» деген сияқты сөздер де әуелгі кезде құлақты қырпап, тырнаған болатын. Айта берсе, құлақ та үйреніп кететін көрінеді. Оның үстіне, жаңаның әрқашан соны көрініп, тосаңсып тұратыны да бар», – деп жазады ол.

Айтса айтқандай, бұл атуларға қазір жұртшылықтың құлағы үйренісіп кетті. *-ман/-мен* жұрнақтары арқылы жасалған сөздердің «қолапайсыздығы», эстетикалық талаптарға сай еместігі туралы айтылған сындар ұмытылып, олар көпшіліктің жатсынбай қолданатын сөздері қатарына енді. Дәл сол сияқты 90-жылдары І. Жарылғаповтың өзі де «қожалық» деп атауды ұсынып, қолданысқа енуіне ашық қарсы болған «егемен» сөзі де бүгін ешкім жатсынбайтын үйреншікті атауға айналды. Бұл – жаңа атаулардың жұртшылықтың санасына сіңіп, қалыптасып кетуіне баспасөздің, ақпарат құралдарының айрықша ықпал ететінін көрсеттін фактор.

Сондай-ақ екі сөзді біріктіру арқылы сөз туындату да аудармашының сөз шығармашылығында жиі пайдаланған тәсілі. Мысалы, *балмұздақ, галамшар, дүниетаным, мерейтой, орынтақ, тұсқағаз* сияқты оның қолданыстағы сөздері осы тәсіл арқылы жасалған атаулар. Аудармашы «үй», «пана» мағынасын білдіретін «жай» сөзін пайдалана отырып көптеген сөздер туындатқан. Мысалы, *дауажай (курорт), жагажай (пляж), жайлаужай (дача), шипажай (санаторий), өнержай (дом творчества), дамылжай (дом отдыха), сауықжай (здравница), сақтықжай (профилакторий), жанжай (больничная палата), кебежай (балкон), қазанжай (кухня), жанатжай (вилла), бөбекжай (детсад), өлікжай (морг), нәржай (буфет), тақтажай (гроб)*.

Бұл атаулардың арасынан *жагажай* сияқтылары бірден қолданысқа еніп кетсе, *шипажай* ал *кебежай, қазанжай, жанатжай, бөбекжай, өлікжай, нәржай, тақтажай* тәрізді атаулары авторлық ұсыныс ретінде қалып қойды.

Оның осы сөзжасам үлгісі бойынша кейінгі жылдары бірқатар жаңа сөздер жасалды. Мысалы, *мекенжай, әуежай, сапаржай* сынды сөздер.

«Осы аялдаманың – баяндаманың үлгісінде жасалғаны көрініп тұр. Өткен ғасырдың 40-жылдарына дейін газет-журналдарда докладты сол күйінде жазып келіп, қазақ жазушылары баяндама деп алатын болған» (176-б.), – деп жазады Ө. Қырғызбаев аталған кітабында.

Аударма шеберінің қаламынан туындаған «аялдама» сөзінің «баяндама» үлгісімен **-ма, -ме** жұрнақтарын жалғау арқылы жасалғанына еш дауымыз жоқ. Алайда «баяндама» деген атауды 40-жылдардан кейін қазақ жазушылары жасады деу онша дәл емес. Бұл атауды алаш зиялылары ХХ ғасырдың 20-жылдары-ақ жасап, қолданысқа енгізген. «Баяндама» атауы «докладтың» баламасы ретінде 1925 жылы Қ. Кемеңгерұлының редакторлығымен Мәскеуде жарық көрген «Қазақша-орысша тілмашта» да, 1927 жылы Қызылордада Н. Қаратышқанұлының құрастыруымен басылып шыққан «Пән сөздері» атты терминдер жинағында да берілген. «Пән сөздері» ХХ ғасыр басындағы А. Байтұрсынұлы басқарған термин комиссиясының ресми бекітіп, жұртшылыққа ұсынған атаулары қамтылған басылым. Сондықтан «баяндаманы» 40-жылдардан кейінгі кеңестік дәуірде жасалған атау емес, қазақ терминологиясы дамуының алаш кезеңінде жасалған терминдер қатарында қарастырғанымыз әділетті болмақ.

«Чемодан» сөзін аудармашы-қаламгер «жағлан» деп алууды ұсыныпты. «Жағыланның» теріден, қайыстан жасалған сандық екені мәлім. Алайда мәселенің мына қырына да назар аударған дұрыс болар деп санаймыз. «Чемодан» орыс тіліне енген түркі сөзі (түркизм) – «шабадан». Сондықтан біз көне атау «жағланды» өз мағынасында жұмсап, «чемоданды» – «шабадан» деп өз мағынасында пайдалансақ, дұрыс болар деген пікірдеміз.

І. Жарылғапов сөзжасаммен айналысумен бірге, терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыру мен үйлестіру ісінен де шет қалмаған. Ол 1947 жылдан Министрлер Кеңесінің жанындағы терминологиялық комиссия мен оның хатшылығының мүшесі, ал 1972-1978 жылдары он екі томдық Қазақ энциклопедиясы бас редакциясы терминологиялық комиссиясының мүшесі болған.

1981 жылғы 29 желтоқсанда жазған өмірбаяндық деректерінде «Маловато было времени на творчество у людей, работающих где-то. И у меня было немного времени. В творчестве мною сделано очень мало. Но и в этом малом есть какие-то вехи свои», – деп жазған екен. Өзі айтқандай, оның соңында қалған аз ғана мұрасының өзінен болса да, тұщымды дүниелер табуға болады.

«Біздің осы күнгі оқыған қазақтың аузы да, құлағы да миы да ана тіліне тосаңсып қалған: әр сөздің мағынасы күнгірттеніп көрінеді. Көңілге көмескі тарта бастаған қазақ сөзін қомсынатын, кемсінетін, күдіктенетін әдетіміз осыдан. Байырғы қазақша сөз мағыналарын, байыздап, тұрақтап ойлап көрсең, жоғарыдағы атамалардың (терминдердің) әрі дұрыс

екенін, әрі қонымды екенін байқайсың. Бұл салада көп еңбектенуіміз керек-ақ» деп жазыпты сөз қадірін білген ұлтжанды азамат. Тәжірибелі де шебер аудармашының 1976 жылы осыдан отыз жылдан астам уақыт бұрын жазған осы жоғарыдағы пікірі күні бүгін де мәнін жоғалтқан жоқ. Қазақтың сөздік қорын, терминологиялық лексикасын байытуға тиіс көптеген байырғы сөздеріміз әлі де қалтарыста қалып, қажетімізге жаратылмай отыр. Кешегі тіліміздің ғылым саласындағы қызметі шектеліп келген кеңестік кезеңде ғана емес, қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін иеленген бүгінгі уақытта да ұлт тілінің өз лексикалық байлығын ұтымды пайдалану тиісті деңгейде жүзеге асырылып жатыр дей алмаймыз. Бұл бағытта азды-көпті атқарылып жатқан істердің бар екендігіне қарамастан, мәселені кәсіби тұрғыдан шешу, жүйелі жұмыс, ыждағаттылық, сауатты ұйымдастырылған ауқымды шаруаның қолға алынғанын көре алмай отырғанымыз қазіргі уақыт шындығы.

I. Жарылғапов аударма ісіне, сөз шығармашылығына үлкен жауапкершілікпен қараған және бұл іспен кәсіби деңгейде айналыса білген білікті маман. Біз оның Ө. Қырғызбаев авторлығымен жарық көрген кітапта қамтылған атаулары жөнінде ғана сөз еттік. Осы кітап авторы аудармашының жасаған сөздері бұлармен ғана шектелмеуі мүмкін екендігін айтыпты. Оның қаламынан туындаған атаулары әлі де табылып, түгенделіп жатса нұр үстіне нұр. Білікті аудармашының қаламынан туындаған сөздерін толық жинақтап, сөз жасау тәжірибесін тілдік тұрғыдан талдау қазақ лексикасы дамуының кешегі тарихын, кеңестік кезеңдегі сөз шығармашылығын айқындау үшін ғана емес, оның ұтымды үлгілерін бүгінгі уақытта да қажетімізге жарату үшін де қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Өмірбеков Ж.* Соны сөз туындатқан // «Жұлдыз» журналы, 1990 жыл. № 11.
2. *Қырғызбаев Ө.* Сөз зергері Ісләм Жарылғапов. Алматы, 2008 жыл.
3. *Әлімбаев М.* Сөз суреті. «Қазақстан мұғалімі», 19 мамыр 1966 жыл.
4. *І. Кеңесбаев.* Газетінде жарияланған «Қазақ әдебиеті» газетіне хат // «Қазақ әдебиеті» газеті, 1958 жыл.
5. *Ә. Сатыбалдиев.* «Тіл шұбарлығы неден?» // «Қазақ әдебиеті» газеті, 1958 жыл 21 қараша.



Е. Әбдірәсілов,

филология ғылымдарының докторы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Салалық терминдер мен жалпығылыми терминдердің электрондық жиынтығын жасау қажеттілігі

Терминографияны терминдер жеткізуші құрал, оның тиімді тәсілдері мен жолдарын қарастыратын терминтанудағы бағыт десек, оның соңғы кезеңдердегі басты қарастыратын тәсілі – электрондық-ақпарат жүйесі арқылы терминдер туралы ақпарат беру, электрондық сөздіктер жасау. Бұл жөнінде: «Терминография немесе терминологиялық лексикография ғылыми-техникалық дамудың негізгі шарты болып саналады», - деп көрсетеді ғалым Ю.Н.Марчук [1, 190 б.]. Ғалым терминографияның басты тәсілдері туралы былай деп көрсетеді:

«Терминография тәсілдері мыналарды қамтиды:

- терминографияланатын мәліметтерді таңдау;
- арнайы сөздіктерде лексикалық бірліктерді, терминологиялық бірліктерді тиімді орналастыру;
- сөздік құрылымын ойластыру және ұйымдастыру;
- терминологиялық сөздік құрылымындағы бөліктерді тиімді орналастыру, бір-бірімен байланыста сатылай беру».

Бүгінгі таңда осындай маңызды міндеттері бар терминографиядағы терминдерді электрондық құралдар арқылы жеткізу, жүйелеу ісіндегі тиімді тәсілдердің бірі – терминдердің электрондық жиынтық базасын жасау. Бұл – сатылай дамыған, қазіргі қоғам, іс жүргізушілер мен салалық мамандар қажет етіп отырған құралдардың бірі.

Аталған еңбектердің даму, қалыптасу, қазіргі деңгейдегі қажеттілікті туындату тарихы электрондық құралдардың дамуымен байланысты. Шамамен 1970 жылдардың бас кезеңіндегі 1960 жылдардың соңындағы барлық мәселелер жалпы лексикография саласының аясында қарастырылып келген орыс терминологиялық лексикографиясындағы және жалпы лексикографияға қатысты өзге де еңбектерде «тезаурус», «ақпараттық-ізденіс сөздігі» (ИПС – информационно-поисковый словарь) ұғымдары пайда бола бастады [2, б. 34]. Бұл бағыттағы еңбектердің, сол кезеңдегі ғылыми зерттеулердің негізгі мақсаты – сөздіктің ғылыми немесе тілдік жүйені басқаша, өзгеше тәсілмен беруге ұмтылған, әрі

оларды электронды техника тіліне бейімдеген сөздік түрін жасап, оларды жасаудың әдіс-тәсілдері мен өзіндік қағидаттарын, сөздіктің лексикографиялық ерекшеліктерін, құрылымын анықтау еді. Нәтижесінде, жалпы тіл білімі деңгейінде қазіргі кезеңде кең қолданылып жүрген «тезаурус» ұғымының екінші мағынасы пайда болып, орыс тіліндегі салалық ғылыми терминдердің «тезаурус» сөздіктері сала-сала бойынша жасала бастады [3, б. 35-36].

Аталып өткен тезаурустың жаңа ұғымын атау еткен сөздік түрі – өзгеше құрылымды жаңа сөздік түрін дайындаудағы орыс лексикографиясындағы ізденістің алғашқы жемісі еді. Тезаурус сөздік – құрылымындағы тілдік бірліктердің бір-бірімен жүйе ішіндегі семантикалық, жүйелік қатынастарына негізделіп берілетін, әрі сол негізде компьютерлік техника мамандарының электронды бағдарлама жасауына икемді етіп жасалатын, әрі қалыптасқан үрдіс бойынша баспадан шығарып, кітап түрінде қолдануға да болатын сөздік түрі екендігі қазіргі тіл білімі үшін ғылыми-теориялық тұрғыдан да, тәжірибелік тұрғыдан да жаңалық емес.

Осындай ғылыми ізденістердің нәтижесі қазіргі уақытта терминдердің электрондық жиынтығын жасауға, оны бір көзге жинақтауға дейін жетті. Орыс лексикографиясында терминдерді де ақпараттық-ізденіс сөздіктері арқылы жүйелеу барысында, терминдерді үйлестіру, реттеу жұмыстарындағы ғылыми зерттеулер дами келіп, «терминологический банк данных» [4, б. 73-74], «база банка терминологических данных» [5, б. 45-46], «банк терминов» [6, б. 68-69] ұғымдарына негізделген жаңа идеялар пайда болды. Бұл ізденістердің мақсаты – тілдегі термин сөздердің жалпы жиынтық мәліметін жасап, оларды ақпарат көзі ретінде пайдалану. Орыс терминографиясының тарихында бұл бағыттағы жұмыстарды Жалпыкеңестік ғылыми-зерттеу институтының ақпараттандыру комитеті (ВНИИКИ) жүзеге асырып келді. Қазір де осы мекеме бүкілресейлік ұйым ретінде қайта құрылып, орыс тіліндегі терминдердің жиынтық мәліметін толықтыру, оны реттеп-жүйелеу мәселелерін толық қадағалап, осыған қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп отыр. Бұл терминдердің жиынтық мәліметін жинақтап, оны терминдерді реттеп отыру мақсатына қолданып, өзгертіп, толықтырып отыруға мемлекеттік деңгейде мән беріліп отырғандығынан хабардар етеді.

ТБД-ны, яғни «терминологический банк данных» деп аталатын жиынтық мәліметтерді жасау тәжірибесі сонымен бірге өзге дамыған елдерде де пайда болып, кеңінен қолданылуда. Мұны батыс және дамыған өзге де елдердегі жарық көрген еңбектер мен ақпараттық



бағдарламалар нақтылай түседі. Себебі, компьютерлік техниканың дамуына байланысты, терминдердің жиынтық мәліметі компьютер тіліне негізделген бағдарламалар түрінде жасалып, ғалымдар мен көпшіліктің пайдаланылуына қолайлы етіп шығарылууда. Зерттеушілердің ғылыми-зерттеу еңбектерінен, сондай-ақ ТБД-ны жинақтап, түзудің өзі өз алдына жеке ғылыми мәселе ретінде қарастырылып, оны түзудің өзіндік ерекшеліктері мен қағидаттарының, ТБД-ны жасаудың тиімді жолдарының терминография мен лексикографияда арнайы зерттеу нысаны болып отырғандығын аңғаруға болады.

ТБД-ны жасаудың тиімділігі теориялық терминографияда да, тәжірибелік терминографияда да дәлелденіп отыр. Терминографияның жеке мәселелерін сөз еткен еңбектерінде орыс ғалымдарының қай-қайсысы да бұл мәселеге тоқталмай өтпейтіндігін байқау қиын емес. ТБД-ға қатысты маңызды мәселелерді олардың әрқайсысы әр қырынан талдап көрсетуге ұмтылууда. Мақсат – терминографияның соңғы кезеңдердегі маңызды зерттеу нысандарының біріне айналған ТБД-ның терминдерді реттеудегі, терминологиялық сөздіктердің сапасын арттыра түсудегі қолданысы мен оны ұйымдастырудың пайдалы жақтарын анықтай түсу.

ТБД-ның қазақ тіл біліміндегі қазақша нұсқасын «терминдердің жиынтық мәліметі» деп атағанды ұсынудың жөні бар. Атау әрі қазақ тілінде көрсетілген ұғымның белгілерін ашып тұр, әрі қазақ тілінің өзіндік тіркесті терминдер жасау ерекшелігіне сәйкес келеді. Екінші жағынан, атаудың қысқарған түрін ТЖМ нұсқасында қазақша айту қолайлылау.

Қазақ лексикографиясы мен терминографиясының тарихындағы ғылыми мақалалар мен еңбектерге зер салсақ, бұл тақырып бойынша мәселе көтеріліп, сөз қозғала қоймаған. Оның негізгі себептерінің бірі Америка мамандарының жасаған, қолданысқа қолайлы, дамыған компьютерлік техникаларының елімізде соңғы 10-15 жылда ғана пайда болып, қолданылуымен байланысты болса, екінші себебі компьютерлік техника, компьютерлік бағдарламалар мен қазақ тіл білімінің мәселелерін ұштастыра зерттеуге мән бермей келуімізбен де сабақтас болуы керек.

Бұл арада қол астындағы барлық республикаларға қоғамның барлық салалары бойынша ықпал етуге бейім болып келген «елдің» техника тілімен байланысты осындай мәселелерге көңіл аудармауын, өздері қол жеткізген жетістіктер негізінде техника тілі мен ұлт тілдерінің лингвистикалық мәселелерін ұштастыра зерттеу саласына кеңестік дәуірде қалыптасқан дәстүрлі нұсқауды бермеуін байқамай қалуға да болмайды. Оның да өзіндік түсінікті-түсініксіз себептері бар екендігі

анық жайт. Бұл да қазақ терминографиясындағы «терминдердің жиынтық мәліметтерінің» жасалмай, қолға алынбай келгендігінің бір себебі болса керек. Ал белгіленіп берілген нұсқау бойынша жұмыс істеуге бейімделген ғалымдар қауымының бұл мәселені өз бетімен қолға ала қоймағандығы да түсінікті жағдай. Қазақ терминографиясында терминдердің жиынтық мәліметінің электрондық нұсқасын есептегенде, тілшілер мен салалық мамандар дайындаған баспадан шыққан жоба түріндегі нұсқасы да әзірге жасала қойған жоқ. Солай бола тұрса да «терминдердің жиынтық мәліметі» қазақ терминографиясы үшін түсініксіз бола қоймайтын мәселе. ТЖМ-ның қазақ тіл білімінде алдағы уақытта қолға алып, жүзеге асыруға болатын терминографиялық жұмыс, қазіргі қазақ терминографиясындағы зерттеу нысаны екендігін дұрыс түсіну керек. Қазіргі қазақ терминографиясындағы терминологиялық сөздіктердің шығарылу ісін реттеудің өзекті болып отыруы да осы саладағы үйлестіру жұмыстарын жеңілдеті алатын құралдың бірі – қазақ терминдерінің жиынтық мәліметін жасауға деген қажеттілікті аңғартып отыр.

Мейлі лексикографиядағы сөздік түрлерін жасауда болсын, мейлі арнаулы лексиканың, оның ішінде, терминдердің, кәсіби сөздердің, т.б. сөздіктерін жасауда болсын тілдік бірліктерді жинақтаудың немесе өзге де әр түрлі ақпараттар мен мәліметтерді жинақтаудың тәсілі – картотекаға жазу арқылы жинақтау. Бұл – тілдік бірліктер мен оларға қатысты түрлі ақпараттарды жинақтаудың классикалық тәсілі болып есептеліп, қазақ тіл білімінде кеңінен қолданылып келді және қазір де қолданылуда. Ал, компьютерлік машина тіліне жазу арқылы ақпараттарды жинақтау, оның қолданысын әр түрлі бағдарламалар арқылы түрлендіру – техника тілінің дамуымен байланысты пайда болған бұл бағыттағы жаңа тәсіл. Оның нәтижесі – терминдердің жиынтық мәліметі болып табылады.

Терминдердің жиынтық мәліметі ұғымына кеңірек, дәлірек тоқталсақ, бұл – терминдер сөздігінің электрондық нұсқасы немесе электрондық нұсқасы бар, тілдегі термин атаулының сұрыпталып, бекітіліп, сүзгіден өткен толық жиынтығы деп те түсіндіруге болады. Ол алдымен компьютерде теріліп, электрондық нұсқада жасалып машина тілінде сақталады. Қазіргі заманғы баспа ісінің де электронды машиналармен тығыз байланысты жүзеге асырылатынын, нақтырақ айтқанда, теріліп, басылып, сол арқылы баспаға дайындалып, содан кейін ғана баспадан жарыққа шығатынын ескерсек, мұндай электронды нұсқадағы мәліметтердің негізінде дайын сөздік шығару да жеңілге соғады. Бұл терминдердің жиынтық мәліметін жасаудағы мақсаттардың қазіргі заман талабымен



үндесіп жатқандығын да көрсетеді. Тіпті, жиынтық мәліметтерді сол күйінде, дайын қалпында ала салудың біржақты, түбегейлі дұрыс бола қоймайтындығын, ондай сөздік шығарудың орынсыз екендігін ескерсек, еш болмаса сол дайын мәліметтерді сапаландыра отырып, өзгертіп, түзетіп, реттей отырып, сөздік шығаруға дайындау арқылы сөздікті баспадан шығару анағұрлым істі жеңілдететіндігі сөзсіз. Сөздік шығарушылар өз терминдерін, мәліметтерін сөздік жасау барысында әр жолы қайта-қайта басынан бастап аяғына дейін компьютерде теріп, түзетіп, тексеріп әуре болмайды деген сөз. Оның орнына кететін уақыт пен күш-қуат сол ТЖМ-дағы дайын тұрған терминдерді толықтыруға, сөздік құрылымы мен сапасын жақсартуға жұмсалады. Бұл біріншіден, сөздік жасау ісіне кететін уақыт пен интеллектуалды күш-қуатты үнемдейді деген сөз, екіншіден, сөздік сапасының жақсара түсуіне, сапасының жоғарылауына ықпал етеді деген сөз. Демек, терминдердің жиынтық мәліметі кез-келген уақытта, қажеттілікке орай сөздік түзуге дайын тұрған, қай кезде де түзетуге, толықтыруға, құрылымын өзгертуге, әр түрлі мақсаттағы қолданылған терминдердің қолданысын реттеп, бақылап отыруда негізгі тірек етіп пайдаланатын, терминдердің машина тіліне салынған толық жиынтығы.

Дайын болған терминдердің жиынтық мәліметінің өз қызметін дұрыс атқаруы оның мамандардың қарауынан, сүзгісінен өткен, қолданысқа енгізіп, сұрыптап барып арнайы мемлекеттік, республикалық деңгейдегі ұйымдардың бекітуімен мойындалған, көпшілік қолдаған эталондық еңбек болып дайындалуына байланысты. ТЖМ-ның өзінің негізгі қызметі де терминдерді үйлестіру, реттеу ісінде эталондық тірек қызметін атқаруға ұмтылуында. Сондықтан қазақ терминографиясында ТЖМ жасауды қолға алған жағдайда оны ұйымдастыру мәселелері мен оған іріктеп алынатын терминдер ретіне, оларды ТЖМ-да берудің құрылымына баса мән берілуі және сапалы болуы үшін ұзақ мерзімде дайындалғаны қажет.

Сондай-ақ ТЖМ барлық сала бойынша бірден жасала салатын немесе соңғы шыққан 31 томдық терминологиялық сөздіктер сериясы сияқты науқанды түрде түзіле салатын еңбек болмауы тиісті. ТЖМ-ды жасаудың да әлемдік тәжірибеде қалыптасқан сатылары бар. Айталық, алдымен әр ғылым салалары терминдерінің жиынтық мәліметтері жеке-жеке жасалуы тиісті. Олардың біртұтас жиынтығы ғана жалпыұлттық терминдер жиынтығын құрайды.

Бұл арада «ТЖМ-ның баспа бетінен шығарылып тұратын сөздіктерден айырмашылығы неде?» - деген орынды сұрақ туындайды. Бұл тұрғыда, ТЖМ да белгілі бір уақыт айналымында шығарылып отыратын сөздіктер

сияқты өзгертіліп отыратындығын жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, жоғарыда да ТЖМ-ның бірқатар тиімді жақтары талданып көрсетілді. Бірақ ТЖМ-ның тиімді жақтары айтылғандармен шектелмейді. ТЖМ-ды жалпы сөздіктен ажырататын белгілері де осы тиімді жақтарымен байланысты.

Солардың бастысы – олардың машина тіліне бағдарламалауға икемділігі. Бағдарлама арқылы ТЖМ-ның әр түрлі нұсқаларын да жасауға болады. Айталық, терминнің басқа терминдермен байланысы туралы ақпарат беретін бөлім арқылы ізденіс жасалып отырған терминнің жүйе ішіндегі басқа терминдермен қатынасы анықталып, өзге де терминдер туралы ақпарат ала отырып, сала ішіндегі терминнің орнын анығырақ айқындай, түсіне түсуге болады. Немесе бағдарлама тілінде терминнің бір ғана тілдегі аудармасын емес, бірнеше тілдегі аудармасын да көрсетіп беруге мүмкіндік мол. Мұндай тәжірибені көршілес орыс терминографиясында жасап үлгергендігіне Жалпыресейлік ғылыми-зерттеу институтының ақпараттандыру комитетіндегі (ВНИИКИ) терминология бөлімі ұйымдастырған конференцияда баяндалды (2004 жылғы 28 мамыр). Оған қоса, айтып өткендей, ізденіс жасау арқылы термин туралы ақпарат алу ТЖМ-ның сөздіктерге қарағанда қолданыста анағұрлым ыңғайлы, қолайлы болатындығын көрсетеді. Ал аталып өткен жан-жақты қызметтерді баспа жүзіндегі сөздіктерде қамтып беру мүмкін бола бермейтін жағдай. Екінші жағынан сөздік арқылы мұндай ақпараттарды оқып білу, түсіну де қолайлы бола қоймайды. Дегенмен, мұндай қызметтердің жүзеге асуы тек тілшілердің, сала мамандарының ғана емес, негізінен бағдарлама жасаушы информатика мамандарына байланысты екендігін де мойындауға тиістіміз.

Ғалым Ю.Н. Марчук соңғы шыққан еңбектерінің бірінде арнайы сөздер сөздігіне мынандай талаптар қойылуы тиісті деп көрсетеді. Олар:

- «ғылым мен сал ұғымдарына қатысты барлық сөздер мен терминдердің толығырақ қамтылуы;
- Қажет емес ақпараттардың қамтылмай, тасылып кетуі;
- Сөздік құрылымдарының әмбебаптығы, бірнеше сөздік қызметін бір ғана еңбектің атқарып, олардың бір түрінен екінші түріне пайдалану барысында ауысып қолданудың жеңіл болуы» [1, 194 б.].

Ғалымның көрсетіп отырған соңғы талабы – тиімді, оңтайлы, пайдалы, сөздік-еңбек, сөздік-құрал дайындауды меңзейді. Оны ғалымдар бірде оқулық сөздік, бірде тақырыптық сөздік, тақырыптық-оқулық сөздік деп әр түрлі жобада ұсынып жүр.

Бұл талаптардың тек терминологиялық сөздіктерге ғана емес, қазіргі қоғам қолданысында маңызды болып саналатын ТЖМ сынды орталықтандырылған жиынтық жүйеге де қатысы бар және бұл талаптар оларды сапаландырудағы негіз екендігі сөзсіз.

Демек, ТЖМ баспадан шығатын сөздіктерге эталон болатын, олардың жарыққа шығуын жеңілдететін, әрі электронды түрде қолданылып, сақталатын көлемді еңбек түрі. Осы тұста, бағдарламаға байланысты ТЖМ-ның тағы бір ерекшелігі – оның әр түрлі бағдарлама түрінде жасала алатындығында. Бұл сапалы бағдарламаны сұрыптап алуға тағы мүмкіндік береді деген сөз. Бірақ эталон еңбек болғандықтан, бір ғана нұсқасының бекітіліп қолданылғаны, мемлекеттік деңгейдегі ТЖМ ретінде қарастырылғаны орынды.

Сонымен бірге, терминографиялық тұрғыдан, терминдерді жүйелеу тұрғысынан мән беруге тиісті міндеттердің қатарына мыналарды атап көрсеткен орынды:

- сөздік шығару орталықтары мен баспаларын бекіту, оларға арнайы лицензия беру арқылы, шығарылған сөздіктердің сапасын қадалауды, бақылауды, олардың алдағы уақыттағы сапасына жауапты болуға шақыру;

- осындай орталықтар мен сөздік шығарушы баспаларды мемлекеттік бақылауда ұстау және онда жұмыс істеуге білікті мамандарды тарту, т.б.

Ал ТЖМ-ның ең басты қажеттілігі мен маңызы терминологиялық сөздіктердің шығарылуын, сапалық жағынан жақсаруын бірізге түсіруге түрткі болатын тетік бола алуында.

Әдебиет:

1. *Марчук Ю.Н.* Компьютерная лингвистика: учебное пособие. – М.: Восток-Запад, 2007. – 317 с.

2. *Богачева Д.П.* Проблемы лексикографического описания научной терминологии: дис. канд. филол. наук. – М., 1999. – 213 с.

3. *Никитина С.Е.* Тезаурус по теоретической и прикладной лингвистике. – М.: Наука, 1978. – 375 с.

4. *Никитина С.Е.* Семантический анализ языка науки. – М.: Наука, 1987. – 141 с.

5. *Гринев С.В.* Вопросы разработки отраслевого терминологического банка данных // Научно-техническая терминология. – 1985. – № 11. – С. 45-49.

6. *Скорородько Э.Ф., Стогний А.А.* Некоторые вопросы создания банка терминов: Лингвистический аспект // Научно-техническая информация. – 1986. – № 8. – С. 67-70.

С.С. Исақова,

филология ғылымдарының докторы

С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті

Лингвистикалық терминдерді когнитивтік тұрғыдан талдау

Адамзат дамуының тарихы сөзге деген көзқарастың өзгергенін және тілдің сөздік құрамын саналы түрде реттеуге ұмтылуды көрсетеді. XX ғасырдың басындағы тіл білімі тілді психика мен қоғамдық-мәдени өмірдің арасын байланыстырушы ретінде тілдегі адамның тілінің өзін зерттеуге аса көңіл бөліп отыр.

Когнитивтік лингвистика тілдің адам санасындағы яғни, ойлаушыдағы орнын анықтау көзқарасы тұрғысынан зерттейді. Тіл мен ойлаудың байланысы туралы А. А. Реформатскийдің: «Егер ойлау тілсіз өмір сүре алмаса, тіл де ойлаусыз мүмкін емес» (Реформатский, 1996, 24 бет) деген сөзі қанатты сөзге айналып отыр. Адам іс-әрекетінің танымдық жемісі ойға айнала отырып, тілде оның бірлігі – сөздің көмегімен көрініс табады. Осыған сәйкес, тіл біліміндегі когнитивизм екі жақты мәнге ие: бір жағынан, ойлаудың танымдық әрекетінің нәтижесін бекіту, екінші жағынан, дүниені алдыңғы ұрпақтың вербалданған концептілері арқылы тану мүмкіндігі.

Когнитивтік терминтаным аспектілерінің бірі – адам ойлауы тілге қаншалықты тәуелді деген сұрақ болып табылады. Антропоцентристік парадигма зерттеушілерінің назарын таным нысанынан (тілден) таным субъектісіне (адамға) аударуға мәжбүр етті. Бар назар тілдегі адам болып табылды. Антропологизм жеке бағыт ретінде тек қана лингвистикамен шектелмейді деген көзқарастар бар. Тіл адам үшін өзіндік өмір сүру ортасы бола тұрып, адамның назарын бәрінен бұрын тілдік бірліктердің мағыналық жағына, семантикасына аударуға мәжбүр етеді. Қазіргі кезде тіл, ойлау және шындық өмір арасындағы байланысты қарастыратын тілдік және философиялық зерттеулерге деген қызығушылық арта түсуде.

Қазіргі терминтаным (атап айтқанда, когнитивтік терминтаным) жалпы тіл білімінің құрамында бола тұрып, арнайы мақсатта қолдануға арналған терминді сипаттау құралы ретінде лингвистиканың теориялық базасына сүйенеді: лексикалық бірлік пен ұғымның арасындағы қаты-

насты сипаттауға арналған терминдер ретінде «семантика», «мағына», «мазмұн», «концепт» сөздері пайдаланылады. Алғаш лингвистикалық терминдерді талдау тілдің метатілдік қызметіне байланысты болды.

«Семантика» терминінің ерекшелігі оның тек лингвистикада ғана емес, әдебиеттануда да, философия, психология, педагогика т.б. көптеген ғылым саласында қолданылуынан көрінеді. «Семантика» термині туралы ХХ ғасырдың ортасында поляк ғалымы А. Шафер: «Семантика дегенде біз нені айтамыз, бәрінен бұрын өзім үшін және басқалар үшін осыны түсіндіргім келеді. Бүгінгі таңда семантика ғылыми пән ретінде өте күрделі болып табылады, ал терминнің өзінің көп мағыналығы сонша, егер біз логикалық дәлсіздіктен және түсініспеушіліктен құтылғымыз келсе «семантика» сөзінің өзіне семантикалық талдау жасауымыз керек», – деп жазды. (Шафер. А. 1963, 23 бет). «Семантика» термині өзінің көпмағыналығымен қатар, ең негізгі «лингвистикалық бірліктің мағынасы» деген мағынасымен ерекшеленеді.

Жалпықолданыстағы және арнайы тілдегі «мазмұн» термині де көпмағыналы болып келеді. С.О. Ожегов сөздігі бұл лексикалық бірліктің 7 мағынасын көрсетеді, олардың әрқайсысы жалпықолданыстық сипатқа ие болады (Ожегов, 1984, 66 бет). Ғылымаралық «мазмұн» терминінің семантикалық құрылысы синонимдік және омонимдік қатынастағы мағыналарды көрсетеді.

«Мағына» сөзінің мағынасы көп қырлы, лингвист оның белгілі бір қырын пайдаланады. Мысалы, Г. Фрегеде «мағына» «сигнификатқа» (тілдік таңбаның ұғымдық мазмұны) тең десе, У. Куайн «мағынадан» бас тартып, семантиканы «әлсіз», «сыртқы» деп бөле отырып, семантиканы «референцияның» «күшті», «сыртқы» жағы деп анықтайды. Тілдік бірліктің мағынасы әлі күнге дейін біржақты жауабы жоқ барлық лингвистикалық еңбектерге арқау болатын сұрақ. Қазіргі қазақ тілінде «мағына» белгілі бір сөзге тән ұғым, мән деп түсіндіріледі.

М.В. Никитин ауызекі сөйлеу тілінде «мағына» (значение) мен «мағына» (смысл) көпмағыналы және олардың көпмағыналылығы мағыналарында жатыр деп атап көрсетеді. Автор «мағына (значение) сөзді белгілеу қызметімен байытады, ол атаудың денотатқа, оның референциясына қатысын білдіреді, нақтырақ айтқанда – денотаттың атын көрсетеді. Мағына (смысл) денотат анықтайтын белгілердің құрылысы ретінде көрінеді» (Никитин М.В., 1988, 38 бет).

Мағына (смысл) лексемасы лингвистикалық термин ретінде арнайы сөздіктерде былай анықталады:

«Мағына (смысл) – нақты сөйлеу жағдаятында сөз немесе сөз тіркесінің білдіретін мағынасы» (Розенталь Р.Э., 1976, 435 бет);

«Мағына (смысл) – нақты мәнмәтін қолданысында, нақты сөйлеу жағдаятында, қарым-қатынаста сөздің, сөз тіркесінің білдіретін мазмұны, мағынасы; қарым-қатынас жағдаяты (немесе оны мәнмәтін жағдаяты деп те атайды) сөзді тілдік ортада қарастыратын лингвистикалық мәнмәтінге қарама-қарсы қойылады.

Аударматаным термині ретінде мағына (смысл) – 1. Екі тілдің бірліктері арасындағы заңды сәйкестікті орнатуға негіз болатын семантикалық мазмұн; аудару кезінде инвариант мағына (смысл) болу керек. 2. Аударма теориясында нақты жағдаяттағы сөйлеу іс-әрекетінің мазмұны, ақпараттың семантикалық және жағдаяттың өзара әсерінің нәтижесі ретінде анықталады. 3. Нақты сөйлеу жағдаятында сөз немесе сөз тіркесінің білдіретін мағынасы (Нелюбин Л.М., 2001, 171 бет). Берілген анықтамалардан мағына (смысл) дегеніміз көпмағыналы сөздің мағынасының біреуінің сөйлеу жағдаятында қолданылуы. Осыған сәйкес мағына (смысл) мен мағына (значение) бірін-бірі алмастыра алмайды.

«Концепт» термині соңғы кездері ғылымда кең қолданылады, бірақ оның бір мағынада қолданылуы байқалмайды. «Концепт» сөзінің сөздіктерде берілуіне талдау жасау, оның семантикалық құрлысының әлі қалыптасу деңгейінде екенін анықтады. «Концепт» сөзінің белгілі бір ғылым саласындағы қолданылу ерекшелігін ғана байқауға болады. Көптеген авторлар «концепт» ұғымының шекарасын сөздің семантикалық құрылысын сипаттауда қолданылатын басқа ұғымдармен салыстыра отырып, концепт пен ұғымның, концепт пен мағынаның аражігін көрсетуге ұмтылады. Мәселен, Е.В. Урысон «концепт» ұғымы сөздердің лексикалық мағынасына жақын, бірақ онымен тең емес. Концепт де, сөздің лексикалық мағынасы да – бұл сөз мағынасының қандай да бір сөзге айналмаған белгісі. Бұл ұғымдардың арасындағы бірден бір айырмашылық – зерттеу ракурсы болмақ. Концепт – тілдің ұғымдық жүйесінің бірлігі, бірақ оны сөз мағынасынан да көруге болады. Концепт зерттеу міндеттеріне қарай алынатын болғандықтан, ол лексеманың лексикалық мағынасымен сәйкес келеді (Урысон Е.В., 2003, 104 бет). Концепт пен мағына арасына тең белгісін қоятын зерттеушілер: «тілдік концепт – тілдік коммуникация үдерісінде, мәнмәтінде пайда болатын атаулардың мағынасы» дейді (Зинченко В.Г. және Лихачев Д.С., 2003, 70 бет). Концептіні ұлттық мәдени құбылыс ретінде қарастырады: «Концепт тікелей сөз мағынасынан пайда болмайды, ал сөздің сөздіктегі мағынасының жеке тұлғамен және адам тәжірибесімен араласуының нәтижесі» (Лихачев Д.С., 1997, 284 бет).

Тілдік бірліктердің семантикалық көлемінің өзгеруі туралы сұрақ тіл тарихымен байланысты және адам ойлауының дамуына тәуелді өйткені, адамның ойлауынан танымдық қабілет арқылы заттың өзі мен атауының арасындағы байланыс қалыптасады. Сөздің мағыналық көлемі (семантикалық көлемі) – экстралингвистикалық және интерлингвистикалық мәнбілермен (факторлармен) байланысты қозғалмалы құбылыс. Когнитивтік терминтаным үшін лексикалық бірліктердің мағыналарының саралануы үлкен қызығушылыққа ие. О.С. Ахманованың сөздігінде «сөз мағынасының саралануы – сөздің жалпы (барлық адамға түсінікті) мағынасының жойылып, оның орнына барынша аз танымал (арнайы) мағынасының ауысуы» (Ахманова О.С., 1969, 448 бет). Лексикалық бірліктер мағынасының саралануы омонимдердің барлық түрлерінің пайда болуына ықпал етеді, бірдей дыбыстالاتын сөз әр түрлі функционалдық жүйеде қолданыла отырып консубстанционалды терминге айналады. Өкінішке орай, консубстанционалды термин қазіргі кезде тілдік құбылыс ретінде жете зерттелген жоқ. «Консубстанционалды термин» (Гринев С.В., 1993, Члегова Л.П., 2001) терминін тырнақшаға алып жазу ол ұғымның жаңа пайда болғанын көрсетеді. Қазіргі кезде «Консубстанционалды термин» тырнақшасыз қолданыла бастады, бұл аталған лексикалық бірліктің термин ретінде қалыптасып, тұрақтана бастағанын көрсетеді. Консубстанционалды терминдер дегеніміз жалпықолданыстағы (көбінесе бір сөзден тұратын) лексеманың терминдену нәтижесінде арнайы мағынаға ие болып, кәсіби тілде қолданылуы немесе кәсіби тілдің лексемасының бейтерминдену нәтижесінде жалпықолданыстағы сөзге айналуы.

Терминдерді талдауға қажетті уәжділік (мотивированность), уәжде (мотивация), уәждеме (мотивировка) ұғымдарына қазіргі сөздіктер әр түрлі анықтамалар береді. Мәселен О. С. Ахманованың «Лингвистикалық терминдер сөздігінде» уәжділік туралы бір ғана «имплицитті уәжділік» ұғымы беріледі: «Имплицитті уәжділік ағылшынның *implicit motivation*, француздың *motivation implicite*, испан тілінің *motivacion implicita* деген сөзінен шыққан. Қарапайым сөздердің уәжділігі олардың тілдің басқа бірліктерімен жүйелі – ассоциативті қатынастарынан көрінеді (Ахманова О.С., 1968, 174 бет). Сөздік авторы уәжділік және уәждеме терминдерінің мағыналарын бір деп санайды. «Лингвистика және семиотиканың ағылшынша-орысша сөздігінде» уәжділік және уәждеме терминдері синоним ретінде беріледі. Аталған сөздердің қазіргі қолданысын талдау олардың мағыналарының бір екенін көрсетеді. Оның себебі біріншіден, сөздіктер сөздің сөйлеу актісіндегі қолдану ерекшелігіне негізделген

мағынасын тіркейді. Екіншіден, сөздік нормативті құжат ретінде сөздің сөздікте берілген мағынасын пайдалануға мүмкіндік береді.

Берілген екі терминнің түрлері бірдей болғандықтан паронимия құбылысын байқауға болады. Қарастырылып отырған лингвистикалық терминдердің мағынасындағы айырмашылық олардың сөзжасамдық формантының өзгешелігінде болып отыр:

1. «Уәждеу» термині мағынасындағы семантикалық реңкіне байланысты «іс-әрекетті, үрдісті» білдіру үшін қолданылуы мүмкін. «Уәждеу» термині сөз тудырушы сөздің өзінен туындайтын басқа сөзді жасау үрдісін білдіретін жағдаятта қолданылуы тиіс.

2. «Уәжділік» термині өзінің морфемалық құрылысы мен -ділік деген күрделі қосымшасының көмегімен берілген туынды сөздің басқа сөз тудырушы сөзге тәуелділігін білдіретін сөз мағынасының бөлігін, белгісін, сапасын, сипатын айқындауға мүмкіндік береді. «Уәжділік» термині «уәжді» (мотивированный) сын есімінен жасалынған, -лік қосымшасы «күйді» білдіретін семантикалық реңкке ие. Осыған сәйкес, «уәжділік» термині «күй, сипат, бір сөздің мағынасы оған негіз болған екінші сөзге тәуелділікті» белгілеу үшін қолданылады.

3. «Уәждеме» термині өзінің морфемалық құрылысына сәйкес «іс-әрекет, үдеріс және іс-әрекет нәтижесі» деген мағыналарды қамтиды. Осыған байланысты «уәждеме» терминін қолдану қажеттілігі сөздің оның тудыруға негіз болған сөзге тәуелділігін көрсетумен түсіндірілуі керек.

Терминтанымда терминнің уәжділігі бұл - ғылым, техника, өнер т.б. ұғымдармен байланысты оның шындық өмірдің тілдік немесе тілден тыс мағыналармен шарттастығы деген сөз.

Уәжділіктің түрлерін бөліп көрсету ондағы дублеттердің болуымен байланысты: фонетикалық уәжділік – фонетикалық уәждеме; сөзжасамдық уәжділік – сөзжасамдық уәждеме; морфологиялық уәжділік – морфологиялық уәждеме; семантикалық уәжділік – семантикалық уәждеме.

Фонетикалық уәжділік лексиканың алғашқы даму сатысымен сипатталады. Фонетикалық уәжділік адамдар коммуникативті мақсатта пайдаланылатын заттың табиғи дыбыстық бейнесі сол затты білдіретін дыбыстық кешенмен байланысының адам санасындағы бейнеленуіне негізделеді.

Сөзжасамдық уәжділік – әлеуметтік себептермен байланысты құбылыс. Сөздердің байланысы қарым-қатынаста көрінетін әлеуметтік негізі арқылы анықталады. Сөзжасамдық уәжділік - заттардың табиғи

байланысын ғана емес, заттарды білдіретін сөздердің морфемалық құрлысының байланысында талдауға мүмкіндік беретін адам ойлауының дамуына негізделген тілдің грамматикалық жүйесінің дамуымен байланысты құбылыс. «Сөзжасамдық уәжділік» терминіне қазақ тілінің лингвистикалық терминологиясында синоним ретінде «құрылымдық уәжділік» (структурная) термині қолданылады. Құрылымдық уәжділік құбылысы ұғымдардың өздерінің байланысын адам ойлауымен қабылдауға негізделеді. Содан соң ұғымдардың осы қабылданған байланысы тілде сөздер арқылы бекітіледі; яғни, жаңа лексикалық формаға ие болады. Құрылымдық уәжділік ұғымдар арасындағы байланысты сөз формалары мен сөзжасамдық форманттар арқылы бере отырып, олардың арасындағы қатынасты қалыптастырады. Құрылымдық уәжділік арқылы берілген ұғымдар тәуелділігінің айқындығы, оны тіл саясатының бірден бір негізгі кезеңін құрайды.

Семантикалық уәжділікке әлеуметтік сипат тән. Семантикалық уәжділік – әр түрлі құбылыстарға тән белгілердің жалпылайтын, салыстыратын, талдайтын ойлау қабілетімен байланысты құбылыс және әлеуметтік тәжірибеге сүйене отырып ұғымдар арасындағы қатынасты орнату. Семантикалық уәжділік адам ойлауының ассоциативтілігін бейнелейді. Семантикалық уәжділіктің негізінде адамның түрлі заттардың ұқсас жақтарын көру қабілетін білдіретін метафоралық құбылыстар, адамның жаңа сөз жасаудан гөрі, дайын, бұрын қалыптасқан лексикалық бірлікті пайдалануға ұмтылуы жатыр.

Жоғарыда айтылған ойлардан шығатын қорытынды төмендегідей болмақ. Арнайы лексемалардың қолданылуын талдау терминнің бірмағыналыққа және синонимдік қатарды болдырмауға қаншалықты ұмтылуына қарамастан, қазіргі тіл білімінде көптеген лингвистикалық терминдер синонимдер ретінде қолданылатыны анықталды. Ең қажетті және өте жиі қолданылатын терминдер көп мағыналы болып келеді. Сондықтан, лингвистикалық терминология лексикалық бірліктердің мағынасын сипаттау құралы ретінде әлі де жетілдіру, біріздендіруді талап етеді. Сөз мағынасы мен терминнің мағынасының әр түрлі құбылыс екенін айта кеткен жөн. Сөз мағынасы мәнмәтінде көрінетін жеке-жеке мағыналық компоненттерден құралады. Терминнің мағынасы терминнің өзінің тиісті орны бар белгілі бір терминологиялық жүйе шеңберінде бір ғана мағынадан тұрады. Терминнің мағынасы арнайы (кәсіби немесе салалық) сөздікте берілген бір ғана мағынаға тең болады.

Н. Әшімбаева,

А. Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институтының

ғылыми қызметкері

Қазақтың бұрынғы ел басқару құрылымына қатысты кейбір атаулар

Қазақ хандығының қалыптасуы жайлы тарихшылар сан алуан пікірде болғанымен, біз үшін маңыздысы – сол мемлекетті сипаттайтын лексика. Алайда, ұлттық мемлекетіміздің құрылуына себепші болған алғышарттар мен оған кірген ру-тайпалардың тілі туралы сөз қылмайынша, жалпы сол кездегі ел басқару, әкімшілік және билік жүйесіне қатысты атауларды толық тану мүмкін емес.

Бұл зерттеу этнолингвистикалық тұрғыдағы ізденіс болып табылатындықтан, тақырыптың ерекшелігіне байланысты көшпенді қазақ қоғамында дүниежүзілік стандартқа сай мемлекеттілік болғандығы және көшпенді мемлекеттің өзіндік ерекшеліктері бар екендігі секілді принципті мәселелерді тілдік фактілер аясында дәлелдеп, қорыту болып табылады. Сондықтан да біз жұмыс барысында тарих ғылымы мен заң ғылымының, қажет жерінде саясаттану ғылымдарының мәліметтеріне сүйеніп отыруға мүдделіміз.

Мемлекеттілік бар жерде қоғамдық қарым-қатынастарды реттейтін құқық жүйесі мен халықтың көнеден келе жатқан әдет құқығына негізделген заңдар ресми мәртебе ала бастайды.

Осы орайда қазақ тілінде ұлттық мемлекеттілігімізді танытатын ана тіліндегі алғашқы құқықтық нормалар жиынтығы – «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», хан Тәукенің бастамасымен құрастырылған «Жеті жарғы» тәрізді қоғамдық өмірдегі мемлекет пен жеке адам арасындағы қарым-қатынастарды реттеп отыратын ереже нұсқаларының пайда болуы, жалпы алғанда, қазақ әдеби тілінде заңға қатысты атаулардың қалыптасып, құқықтық норма ұғымдарының дифференцияланып, нақтылануына игі ықпалын тигізгенін атап өту керек. Жеке алғанда осы құқықтық нормалардың жүзеге асуына байланысты ел басқару, әкімшілік және билік жүйесіне қатысты атаулар да тұрақтанып, байи түсті.

Академик Р. Сыздықтың пікірінше, алғашқы ұлттық мемлекеттер құрыла бастаған кездегі қоғамдық құрылымды көрсететін сөздерге *жұрт, халық, хан, қарашы, қызметші, ер, батыр, би, ұлы, кеңес, орда* секілді әлеуметтік статусты білдіретін атаулар жатады [1, 17 б.].

Сонымен қатар, ғалымның айтуынша, әлеуметтік категорияларды көрсететін *кедей, бай, патша, хан, би, төре, ақ сүйек, бек, қожса, шора, азамат, батыр, ханзада, қарашы* секілді атақ-лауазымдар жиі қолданыста тауып қана қоймай, өзінің тура мағынасында жұмсалып, сол кездегі әдеби тіл үшін актив жұмсалатын, нормаға түскен атаулар болып есептелген.

Қазақ хандығындағы жоғарғы билік ханның қолында болды. *Хан* сөзінің көне *қаған* тұлғасынан қысқарғанын В.В. Бартольд айтқан болатын [2, 23 б.].

В.В. Бартольдтің пікірін қолдап, қысқаруға ұшырағанын лингвистикалық тұрғыдан түсіндіретін ғылыми дәлелдемелердің бірі деп М. Оразовтың пікірін айтуға болады. Ғалымның ойын дәл беру үшін түпнұсқада беріп отырмыз: «...казахское *хан* в орхоно-енисейских памятниках употреблялось в полной форме *қаған*. На следующем этапе развития тюркских языков *қаған* приобрело форму *қаан (хаан) > хан (қан)*. Здесь налицо действие закона вторичной долготы тюркских гласных, а в некоторых тюркских языках (казахский, узбекский, татарский и др.), в которых отсутствуют долготы, это слово трансформировалось в *кан > хан*, т.е. *қаған > қаан > қан/хан > хан*» [3, 124 б.].

Жалпы *хан* сөзінің этимологиясы туралы пікірлер жоғарыда *қағанға* қатысты деректерге байланысты айтылған. Дегенмен, біз *қаған* сөзі түркі-моңғол сөзі, ал *хан* соның қысқарған түрі деген пікірмен бірге, көне түркі жазбаларына сүйене отырып, *қаған* таза түркі сөзі, ал моңғол сөзі *хан* да онымен бірге қатар қолданылып келген деген ойды қолдайтынымызды ескерте кеткіміз келеді.

Алайда, тағы бір ескерер жай, қазақ хандығы тұсындағы *хан* атауының мән-мағынасы, атқарған міндеті көне *қаған* атауымен де, орта ғасырлардағы *хан* атауымен де сай келе бермейді. Керек десеңіз, қазақ хандығының тарихын саралай отырып, оның өн бойында *хан* сөзімен саяси дәрежесі бірдей емес билеушілердің аталғанын байқаймыз. Мысалы, Тәуке хан дүниеден өткен соң, кейін қазақ жүздері өз аумағында жеке-жеке билік құра бастады. Негізінен алғанда, жалпы саяси одақтастық жойылмаған жүздердің осындай бірлестігі (конфедерациясы) жағдайында әр жүздің басында отырған хандар, тұтас мемлекет иесі емес, жеке князьдіктердің басшысы деуге ғана келетін еді. Немесе Еділ мен Жайықтың

арасындағы қазақтың бұрынғы аумағында құрылған вассалдық хандық Бөкей ордасының да соңғы ханы Жәңгір ханның саяси мәртебесі ханнан гөрі Ресейдің генерал-губернаторына көбірек ұқсайтын. Сол себепті ел басқару, әкімшілік және билік жүйесіне қатысты атаулардың мағыналық дамуына экстралингвистикалық факторлардың үнемі ықпал жасап отыратынын ескермесе болмайды.

Осы тұрғыдан келгенде, сырт көзге кейбір атаулар қайталанып талданып жатқан сияқты көрінгенмен, олардың атаулық анықтамасының әр формацияда, әрбір мемлекеттік құрылым ерекшелігіне орай өзгеріп тұратындығы байқалады. Бұл ел басқару, әкімшілік және билік жүйесіне қатысты атаулардың таза экстралингвистикалық факторларға тәуелді болатынын дәлелдейді және ол барлық атаулардың арасында біздің зерттеу нысанамызға ғана тән.

Тағы бір ерекше айтатын мәселе – қазақ қоғамындағы *хан сайлау үрдісі*. Қазақ билеушілерін *хан* атауымен белгілегенде, оны мазмұны жағынан ерекшелеп тұратын да – осы жайт. Қазақ мемлекетіндегі хан сайлау үдерісі көшпенділер қоғамы үшін тек ұлы саяси оқиға ғана емес, сонымен қатар, үлкен этномәдени қоғамдық құбылыс болып саналған. Бұл жағдайда ел басқару, әкімшілік және билік жүйесіне қатысты лексика этнографиялық түсініктермен астасып жатады. Мысалы, хан сайлау үшін қазақ дәстүрімен бүкіл елге сауын айтылатын болған [4, 108 б.].

Бұны тек таза этнографиялық атау деп қарамасақ керек. Өйткені ол сайлау жүйесіндегі басты атрибуттардың бірі болып есептелген. Ханның инаугурациясы кезеңіндегі «*хан сарқыты*» немесе ханның отставкасын бейнелейтін «*хан талау*» тәрізді салттардың атауы ретінде де осыны айтуға болар еді. Бұлардың әрқайсысының астарында құқықтық аспект жағыр. Және осы тұрпатты жөн-жоралғылардың моральдік негізі қазіргі Ата заңымызда нақты мән-мағынаға ие болып, заңды түрде көрініс тапқан.

Осы тұрғыдан келгенде, орта ғасырлардағы *хан* атауының семалық қатарында біздер құқықтық сана тұрғысынан «диктатор» немесе «тиран» секілді ұғымдарды таба алатын болсақ, қазақ мемлекетіндегі *хан* атауының семантикалық құрылымында аталған семалар болмайды және ол сол қоғамдағы «далалық демократияға» байланысты болып отыр. Олай болса ел басқару, әкімшілік және билік жүйесіне қатысты лексиканың тағы бір тілдік ерекшелігі – олардың әр тарихи дәуірде мән-мағынасы да, сыртқы формасы да үнемі өзгеріп отырады, ал оның сыртқы пішіні сақталып қалғанның өзінде де сол мемлекеттік құрылымдағы орын алған

саяси жүйеге орай атаудың семантикалық құрылымындағы семалар құрамы құбылып тұрады.

Әкімшілік және билік, ел басқару жүйесіне қатысты атаулардың дені қоғамның құқықтық өмірінің әртүрлі буынын бейнелейді және ол атаулардың өзгеруі тілдің ішкі заңдылықтарынан гөрі мемлекеттің, қоғамдағы саяси жүйенің даму бағытына көбірек тәуелді болады.

Сайып келгенде, осы сыртқы факторлардың нәтижесінде тілге жаңа билік институттарының атаулары үздіксіз еніп жатады.

Қазақ хандығында далалық демократияға негізделген сондай билік институтының бірі *билер кеңесі* деп аталған. Билер институты бұл қазақ қоғамындағы парламентаризм дәстүрлерінің құқықтық негіздерінің тым әріде жатқанын көрсетеді. Көрнекті түркітанушы Лев Гумилев «Республикалық құрылыс» деп атаған хандық құрылыс кезінде, яғни қазақ мемлекетінде абсолюттік монархия ешқашан да болған емес. Өйткені, хан биліктің ең жоғарғы тұтқасы болып де-юре есептелгенмен, де-факто билер кеңесі оның шешімдеріне вето қоя алатын.

Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, *билер кеңесі* деген күрделі атаудың құрамына қарап, сол кездегі қазақ әдеби тілінің атаужасам қабілетінің ерте байқалғанын анықтауға негіз бар.

Билер кеңесі бұған дейінгі *хан кеңесі* деген атаулық тіркестің үлгісінде дүниеге келген деп жорамал жасауға болатын тәрізді. Күрделі атаужасамға негіз болып тұрған модель сөз – *кеңес* орта түркі кезеңінен бері мемлекеттік ел басқару атауы ретінде қолданылып, *кәнеш* тұлғасында билеушінің канцеляриясы деген мағына берген. Қазақ хандығы тұсында үлкен ел жиындарын «кеңес» деп атаған. Айталық, «*Күлтөбенің басында күнде кеңес*» деген аталы сөз содан қалған.

Ал *би* сөзінің мағынасына келсек, қазақ тілінде ол бірнеше мағына беретіні белгілі. Егер бұған дейін *би* сөзі әлеуметтік категорияны білдіретін *бек* сөзінен туындап, сол мағынада ұғынылса, алғашқы ұлттық мемлекет құрылған сәттен бастап *би* сөзінің мән-мағынасы кеңейді. Біріншіден, ол *хан кеңесшісі* деген мағынаны берді. Екіншіден, Қазақ хандығының басқа елдермен дипломатиялық қарым-қатынасының нәтижесінде елші болып баратын ресми өкілдер билерден құралатын болды. Үшіншіден, *би* сот билігін жүзеге асырушы адам болып есептелінді. Төртіншіден, *бидің* алдыңғы міндетін атқаруға қажетті қасиеттердің негізінде оның сөзге ұста, шешен деген лексикалық мағынасы қалыптасты.

Сонымен бірге осы кезде дипломатиялық лексиканың да жеке атаулар саласы болып қалыптаса бастағанын ерекше айтып өткіміз келеді.

Бұл тілдік дерек қазақ хандығы барлық атрибуттары бар мемлекет болғандығын дәлелдей түседі. Әсіресе, осы атаулардың ішінде *елші* сөзінің белсенді түрде қолданысқа енгені ерекше. *Елші* сөзінің көне түркілік *ел* сөзінен туғандығында дау жоқ. Осы арада көне түркі тіліндегі *-чі* жұрнағының кейін ел басқару, әкімшілік және билік жүйесіне қатысты атаулар жасауда өнімді жұрнақ болғанын айта кету керек. *Жауластырмақ жаушыдан, елдестірмақ елшіден* деген секілді көнеден келе жатқан тұрақты сөз тіркесі де еліміздің дипломатиялық дәстүрлері мықты мемлекет болғандығын дәлелдейді. Аталған мәтелде Қазыбек бидің аузымен қалмақ ханына айтылған әйгілі шешендік сөзінде көрінген найзаның ұшымен, қылыштың күшімен ғана емес, қажет кезінде Абылай хан секілді көрегенділікпен, сөз құдіреті арқылы бітімге келетін, жауын жұмыр жауаппен жасқай алатын, бірлікке досын бастай алатын қазақтың сыртқы саясатының негізгі стратегиялық бағыты танылып тұр.

Қазақтардың, негізінен, экстенсивті мал шаруашылығымен айналысуы, көшпенділердегі экзогамиялық салттың қатаң сақталуы тәрізді жағдаяттар, сайып келгенде, олардың мемлекеттік құрылымында рулық жүйенің сақталуын аса талап етті.

Өйткені, рулардың әрқайсысының жаз жайлауы, қыс қыстауы *ру ақсақалдарымен* белгіленіп отырды, басқаша айтқанда, рулардың жер иемденуі мен олардың шекаралық межеленуінде белгілі бір жүйелілік сақталды.

Қазақ жұртына рулардан тұратын жүздерге бірігу не үшін керек болды деген сауалға ғалым М. Арынов былайша жауап береді: «Ру системасы қазақ халқына неге керек болғанын түсіндіру керек... Көшпенді қазақ халқына бірін-бірі тану үшін керек болды. Екіншіден, жерді бөлген кезде де белгілі бір принципті ұстау қажет болды» [5, 77 б.].

Міне, осы себепті де *ру* сөзі тек туыстық ұғымды беріп ғана қоймай, сонымен бірге хандық құрамындағы тайпалардың территориясын да белгілейтін бірлікке айнала бастады.

Рудың әкімшілік бөлініс екендігін көрсететін құқықтық белгілері болды. Мысалы, біріншіден, әр рулық ұйымның нақты территориясы белгілі болды. Екіншіден, қазақ рулары әкімшілік бөліністегі бір буын бола отырып, өзінен ірі бөлініс бірлігіне, жүздерге топтасты. Үшіншіден, *рубасылар* – ақсақалдар қазақ хандығындағы беделі күшті саяси билік иелері болды. Ақсақалдар биліктің орта буынын құраған саяси институт болып қалыптасты.

Қалыптасқан тарихи жағдайларға байланысты Қазақ хандығының XVIII ғасырдың басынан бастап, Ресей патшалығына тәуелді бола бастағаны белгілі.

Осы кезде қазақтың байырғы сөздерінің мағынасы кеңейіп, кейбіреулері алғаш рет атаулық мәнде жиі жұмсала бастады. Сондай-ақ, бұрыннан келе жатқан әкімшілік пен билікке байланысты қазақтың көне атауларының орнына *партия, сот, сияз, старшын, майыр, губерния, губернатор, дума, земство, окружный приказ, сенат, правление, собрание, управа, адукаат* секілді орыстың кірме сөздерінің қазақ тілі заңдылықтарына икемделгенімен, тұтас тұлғасында кең қолданыс табуы кең етек алды.

Қазақ тіліндегі бұрыннан келе жатқан атаулардың сапалық өзгерістерге ұшырауы отаршыл патша өкіметінің қазақ даласындағы хандық билікті біржолата жоюымен байланысты болатын. Әсіресе, 1822 жылы болған «Сперанскийдің реформасы» деп аталып кеткен «Сібір қырғыздары туралы жарғы» деген құжаттың дүниеге келуіне байланысты Ресей мемлекетінің әкімшілік жүйесі ең алдымен Орта жүз территориясында, одан кейін Кіші жүзде күштеп енгізіле басталды [6, 122 б.].

Сібірдің генерал-губернаторы жасаған осы жарғы бойынша бұрынғы хандық билік пен рулық жүйенің орнына территориялық принципке негізделген *сұлтандық билік* орнады. Сөйтіп, қазақ даласындағы *сұлтандық* әлеуметтік топ атауымен бірге, жаңа отаршылдық билеу институтын белгілейтін әкімшілік атауына айнала бастады.

Қазақ қоғамындағы биліктің бір тармағы – сот жүйесі де елеулі өзгеріске түсті. Осыған орай *би* сөзінің мән-мағынасы өзгеріске ұшырады. Ол бұрынғыдай рудың ақсақалын көрсететін, *рубасы* атауы ретінде емес, жеке алғандағы қазақ даласында жаңа жағдайға байланысты туған құқығы шектеулі сот институтының атауы ретінде ұғыныла бастады.

Болыс пен *старшын* атаулары бұрынғы хан-сұлтан қызметтеріне қарағанда ұсақ лауазым қызметтерді белгілейтін атаулар ретінде қалыптасты. Оның ең басты себебі – патша өкіметінің жергілікті биліктің құзырын шектеп, ұсақтату арқылы далалық метрополиядағы өзінің саяси билігін күшейту пиғылынан болатын. Сол тұрғыдан келгенде, атаулардың анықтамаларының өзінен-ақ патша өкіметінің отаршылдық саясаты айқын білінеді.

Болыстық кейінгі жүргізілген отаршыл реформалар нәтижесінде әкімшілік бөліністің негізгі буыны болды. Сол себепті де ол сол кезде атау ретінде белсенді қолданысқа түсті. Оны осы тарихи кезеңдегі қазақтың

ақын-жазушыларының шығармаларынан кездестіреміз. Мысалы, Абай шығармаларында болыстардың осы мәнде жиі суреттелгенін көруге болады.

Қазақ даласындағы бұл өзгерістер әсіресе, 1867 және 1868 жылы болған реформалар қорытындысында анық көрінді. Сонымен бірге бұл жаңалықтар нәтижесінде Б. Сүлейменовтың айтуынша, әкімшілік ауылдың шекарасы мен рулық бөлімдердің ареалы сәйкес келе бермейді [7, 115 б.].

«Төле, Қазыбек, Әйтеке билерге арнап Астанада орнатылған (қатар отырған) көрнекті ескерткіш – «ресми мойындалмаған» қазақ мемлекетінің символына айналуға» – деп көрсетеді академик-заңгер С.З. Зиманов [8, 5 б.].

Үш атақты шешен бидің бұл отырысын – біреуі сол қолын жүрек тұсына ұстап, халқына тәжім етіп отырғандай, екіншісі – жартылай жұмылған оң қолын алдына тосуда, үшіншісі – қолында қағаздары бар – автор қазаққа жақын, әрі түсінікті отырыс деп көрсетеді.

Заңгер-ғалым С.З. Зимановтың қазақ құқығы мен әкімдік-билік туралы бұл зерттеулеріндегі құнды сәттерінің біріне оның: *«Қазақ қоғамында сөз құдіреті жоғары бағаланған»* деген пікірін жатқызуға болады. Ол осында: «Дауласқан даугерлерді, жауласқан ішкі жауларды (билер) бір ауыз сөзбен тоқтатқан. Шешендік өнер адамдардың қарым-қатынастарының барлық деңгейлерінде – отбасылық, рулық, мемлекеттік – негізгі атрибуттардың бірі болып есептеледі. Сөздік қорының байлығы, оны пайдалана білу ерекше бағаланды. Қазақша сот билігі – билер соты шешендік сөздің күш-құдіретіне негізделген. Би – қазақ құқығы нормаларының білгірі, әрі шешен болған. Шешендік өнердің бастапқы қайнар көзі, оның сақтаушысы, әрі реформаторы соттық билікті жүзеге асырған билер болатын. Осыған байланысты қазақ билері әр заманда жоғары бағаланып келеді. Бидің беделі батырдан биік саналды: *«Барақ жүнді батырды екі қатынның бірі табады, Ел билейтін биді мыңның бірі табады»*, *«Ханда қырық кісінің ақылы болса, биде қырық кісінің ары, білімі бар»* деген мақалдар осыдан қалса керек.

Қорыта келгенде айтарымыз, қазақтың өткен замандардағы қауымында қандай да бір атаққа ие болған таңдаулы азамат болсын немесе қоғамдағы белгілі бір билік пен әкімшілікке қолы жеткен азамат болсын, баршасы – жүргізген билігін қазақ құқығы негізінде, «дала демократиясының» принциптеріне сүйеніп, логикалық парасаттылық бойынша жүргізгенін көріп отырмыз. Бұл биліктердің іс-әрекеттерінің нәтижесін олардың шешімдерінен айқын көріп отырмыз.

Резюме

В статье рассматриваются некоторые наименования, относящиеся к структуре управления народа казахов в прошлом.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. *Сыздықова Р.Ф.* XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 256 б.
2. *Бартольд В.В.* Двенадцать лекций по истории турецких народов СА.- Алматы: Жалын, 1998. – 193 с.
3. *Оразов М.* Исторический принцип этимологических исследований в казахском языке // Проблемы этимологии тюркских языков. – Алматы: Ғылым, 1990. С. 117-221.
4. *Мағауин М.* Қазақ тарихының әліпшесі. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 208 б.
5. *Арынов М.* Бес анық: тәрбие туралы толғамдар. Алматы: Даму институты. 1990. – 117 б.
6. *Бекмаханов Е.* Восстание хана Кенесары. – Алматы: Ғылым, 1992. – 216 с.
7. *Сулейменов Б.С.* Об административном устройстве Казахской степи по реформе 1867-1868 годов // Вестник АН КазССР, 1951. № 2, С. 16-23.
8. *Зиманов С.З.* Россия и Букеевское ханство. – Алматы: Наука, 1982. – 170 с.

*Искакова Н.С.,
начальник группы военной
терминологии научного центра
Национального университета обороны*

Проблемы перевода военных терминов в военно-технической научной литературе

В военно-технической политике Республики Казахстан немаловажное значение имеет вопрос перевода военно-технических терминов. Не секрет, что на период становления Вооруженных Сил суверенного Казахстана нам достались в наследство от советской армии вооружение и военная техника старого образца. Наименования и обозначения данной техники изначально сохранились в той форме, в какой она была принята.

С приобретением республикой суверенитета и государственной независимости, созданием собственных вооруженных сил возникла проблема языка как средства общения в военной сфере. Высокая степень политизации этой проблемы во многом связана с всеобщим процессом национально-культурного возрождения. С обретением казахским языком статуса государственного встал вопрос перевода на государственный язык военных и военно-технических терминов. В связи с этим возросла роль грамотных специалистов-переводчиков, которые сумели бы точно и правильно передать содержание всех дефиниций.

Сложность вопроса заключается в недостаточной разработанности методологии и методики перевода военных и, в частности, военно-технических терминов. Характерной особенностью научно-технического стиля является, прежде всего, использование научно-технической терминологии, т.е. так называемой специальной лексики. Известно, что терминами называются слова и словосочетания, обозначающие специфические объекты и понятия, которыми оперируют специалисты определенной области науки или техники, и особенно в военной технике. На наш взгляд, в качестве терминов могут использоваться как слова, употребляемые почти исключительно в рамках данного стиля, то есть в военной технике, так и специальные значения общепринятых слов. Например, такие лексические единицы, как *танк, боевая машина пехоты, зенитно-ракетный комплекс* трудно встретить за пределами военно-технических материалов. В то же время в этих текстах выступают в качестве терминов и такие

слова, как *корпус, комплекс, аппарат, прибор, база, операция*, имеющие общеупотребительные значения. Военные термины должны обеспечивать четкое и точное указание на реальные объекты и явления, устанавливать однозначное понимание специалистами передаваемой информации. Поэтому к этому типу слов предъявляются особые требования. Прежде всего, военный термин должен быть точным. Он должен иметь строго определенное значение, которое может быть раскрыто путем логического определения, устанавливающего место обозначенного термином понятия в системе понятий данной области военной науки. К примеру, если понятие *боеприпасы* мы переводим как *оқ-дәрілер*, то значение этого термина должно точно соответствовать определению понятия. *Боеприпасы - это составная часть вооружения, непосредственно предназначенная для поражения живой силы и техники, разрушения сооружений, укреплений и выполнения специальных задач.* Данное определение связывает его с другими понятиями, содержащимися в определении: *қару-жарақ, техника, жою, қирату, арнайы тапсырма*. Если деталь военной техники именуется – *прицел (көздеуіш)*, то этот термин должен обозначать только эту деталь, выполняющую определенные функции, и никакие другие части данного прибора или какого-либо иного устройства. По тем же причинам термин должен быть однозначным и в этом смысле независимым от контекста. Иначе говоря, он должен иметь свое точное значение, указанное его определением, во всех случаях его употребления в любом тексте, чтобы пользующимся термином не надо было каждый раз решать, в каком из возможных значений он здесь употреблен. Непосредственно связано с точностью термина и требование, чтобы каждому понятию соответствовал лишь один термин, т.е. чтобы не было терминов-синонимов с совпадающими значениями. Понятно, что точная идентификация объектов и понятий затруднена, когда одно и то же именуется по-разному. Термин должен быть частью строгой логической системы. Значения терминов и их определения должны подчиняться правилам логической классификации, четко различая объекты и понятия, не допуская неясности или противоречивости. И, наконец, термин должен быть сугубо объективным наименованием, лишенным каких-либо побочных смыслов, отвлекающих внимание специалиста, привносящих элемент субъективности. В связи с этим термину «противопоказаны» эмоциональность, метафоричность, наличие каких-либо ассоциаций и т.п.

В результате наших исследований мы пришли к выводу, что на сегодняшний день состояние переведенных военных терминов оставляет же-

лать лучшего и, прежде всего по причине неточности переводов и их многозначности. Например, такие важные оперативно-тактические термины, как *наступление, нападение и атака* переведены одним словом *шабуыл*. Далее, анализ переведенных терминов показал, что какая-то часть терминов остается в изначальной форме, таким образом, мы видим, что не выявлен критерий единого подхода к переводу военно-технических терминов. Этому свидетельствует тот факт, что такие слова, как *гильза, боеголовка, дуло, курок* переведены на государственный язык, а слова *снаряд, бомба, граната* остались неизменными.

Политические, экономические, социальные изменения, появление новых технологий постоянно вызывают появление новых понятий, а вместе с ними и новых слов и переосмысление старых понятий. Это явление присуще любому государству, любому народу и любому языку.

Словарный состав – наиболее проницаемая, изменчивая и подвижная сторона языка, которая непосредственно реагирует на то, что происходит в мире. Казахский язык в этом смысле не является исключением. Характерной особенностью словаря является его способность бесконечно разрастаться за счет новых слов и новых значений, которые образуются различными путями. Создание неологизмов – свидетельство жизни языка, его стремление выразить все богатство человеческих знаний, прогресс цивилизации.

В военной терминологии наиболее быстро идет создание неологизмов. В мире передовой и быстро развивающейся отраслью является военная технология, именно поэтому военная лексика чаще всего пополняется новыми терминами. Так, например, возникли в свое время такие слова, как *самолет, атомоход, ракета* и т.п. Очевидно, что такие слова воспринимаются как неологизмы только до тех пор, пока выражаемые ими понятия не станут привычными, после чего они прочно входят в словарный состав и уже не воспринимаются как новые. Так произошло со словами *ұшақ, тікұшақ, оқ-дәрі*.

Объем современной научно-технической информации особенно велик на английском и русском языках. Обширные слои терминологической лексики все больше включаются в активный словарь и оказывают влияние на характер словообразовательных связей внутри языка, в том числе казахского. Представляя собой нейтральное знаменательное слово с точным номинативным значением, термин обозначает конкретный предмет, явление, понятие, процесс без оценочного элемента.



Первым шагом в переводе военной научно-технической литературы в казахстанской армии можно назвать одну из работ кандидата технических наук, профессора Ермекбаева П.А. «Боевая машина пехоты» – «Жаяу әскердің ұрыс машинасы».

Анализ военных терминологических и толковых словарей показал, что на сегодняшний день не нашли своего адекватного перевода такие военно-технические термины, как *авианосец, автоштурман, баррикада, авиадесант, эшелон, аэродром, автопилот, арсенал* и др.

Таким образом, состояние военной терминологии находится в своем начальном развитии, вместе с тем, исторический военный опыт казахского народа, непосредственно отразившийся в казахском языке, несет в себе неиссякаемый потенциал для внедрения и развития военной терминологии Вооруженных сил Республики Казахстан. Потенциальные возможности казахского языка огромны, так как многовековая история формирования казахской государственности, ее территория безусловно связаны с военным потенциалом, с военными традициями, с многовековой вооруженной борьбой казахского народа за свою независимость и территориальную целостность.

Список использованных источников и литературы:

1. А. Тасбулатов, К. Аманжолов. Военная история Казахстана. Очерки Алматы, 1998.
2. Русско-казахский толковый словарь военных терминов. Алматы, 2003.
3. Казахско-русский русско-казахский терминологический словарь. Алматы, 2000.
4. Стрелковский Г.М. Теория и практика военного перевода. Воениздат 1979.

Бұл мақала әскери-техникалық терминдерді қазақ тіліне аудару ісіндегі кейбір өзекті мәселелерге арналады

This article devoted to some problems of translation into the Kazakh language of military – technicals terms

Терминтану әлемнің көптеген елдерінде ғылымның бірқатар салаларымен тығыз байланыста дамып, қалыптасып келе жатқан кешенді ғылыми пән. Оның өзіне тән ұғымдар жүйесі, зерттеу пәні мен нысаны, сала ұғымдарын білдіретін жүздеген атаулары бар. Терминология мәселелерін арнайы зерттейтін терминтанушы ғалымдармен қатар, терминологиялық жұмыстарды жүргізу барысында түрлі сала мамандары осы ұғымдардың атауларымен танысып, олардың мағыналарын білулеріне тура келеді. Сондықтан терминтанушылардың, терминшілер мен терминологиялық жұмыстарға әр түрлі дәрежеде қатысы бар өзге сала мамандарының да қажетіне қарай пайдалануы үшін филология ғылымдарының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлының авторлығымен жарияланған («Терминтану сөздігі» Қарағанды, 2009. 145 бет. бойынша) терминтану пәнінің негізгі терминдердің түсіндірме сөздігі беріліп отыр. Хабаршының өткен санында терминтану атауларының орысша-қазақша сөздігі жарияланған болатын. Бұл терминтану ұғымдарының атауларын түрлі ғылыми еңбектер мен сөздіктерден дербес пән терминдері ретінде бірнеше жыл жинақтап, олардың көпшілігінің қазақша баламаларын жасап, мағыналарын түсіндіріп, жүйеге түсіріп ұсынылып отырған қазақ тіліндегі алғашқы сөздік.

ТЕРМИНТАНУ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІГІ

I. Терминтану

Қазіргі кезеңде терминтанудың (терминологияның) ғылымдар жүйесіндегі орны туралы ғалымдардың пікірі бір арнаға тоғыса бермейді. Оларды үшке жіктеуге болады:

1. терминтану – лексикологияның бір тармағы.
2. терминтану – дербес лингвистикалық пән.
3. терминтану – өзіндік зерттеу пәні, әдістері қалыптасқан жеке ғылым саласы.

Бізде соңғы кезеңге дейін «терминтану – лексикологияның бір тармағы» деген пікір ғана болды. Терминология мәселелері жан-жақты зерттелген елдерде терминтану – жеке ғылыми пән деген пікір кеңірек қолдауға ие болып отыр.

Теориялық терминтану (*теоретическое терминоведение*) – жеке-леген терминдер мен олардың жиынтығының мазмұндық, тұлғалық және функционалдық құрылымын зерттейтін терминтанудың саласы.

Қолданбалы терминтану (*прикладное терминоведение*) – теориялық терминтану қағидаттарының түрлі бағыттағы терминологиялық жұмыстарды жүргізуде пайдаланылуын қарастырады.

Практикалық терминтану (*практическое терминоведение*) – терминологиялық қызмет нәтижелерін алу мен оларды пайдалану мәселелерін қарастыратын терминтанудың саласы.

Терминтанушылық мәтін теориясы (*терминоведческая теория текста*) – терминтану мен жеке мәтін теориясының тоғысқан тұсында пайда болған, құрамында терминдер кездесетін мәтіндер типологиясын және мәтіндердегі терминдер қолданысының түрлі аспектілерін (мәгінді терминологиялық талдау мен терминді мәтін арқылы талдау) қарастыратын теория.

Жалпы терминтану (*общее терминоведение*) – арнаулы лексиканың барынша жалпы қасиеттері, түрлі мәселелері мен онда болып жататын процестерді зерттейді.

Жеке терминтану (*частное терминоведение*) – белгілі бір ұлт тіліндегі жекелеген салалардың арнаулы лексикасы мен ұғымдарын зерттейді.

Типологиялық терминтану (*типологическое терминоведение*) – терминологияның жалпы қасиеттері мен әр сала терминологиясының өзіндік сипатынан туындайтын ерекшеліктерін айқындау үшін жекелеген сала терминологияларын салыстыра зерттейтін терминтанудың бір тармағы.

Салғастырмалы терминтану (*сопоставительное терминоведение*) – әр түрлі тілдердің арнаулы лексикасының жалпы қасиеттері мен айырмашылықтарын салыстыра зерттейді.

Семасиологиялық терминтану (*семасиологическое терминоведение*) – арнаулы лексемалардың мағынасын (семантикасын), мағынаның өзгері мен көпмағыналылық, омонимия, синонимия, антонимия сияқты түрлі семантикалық құбылыстарға қатысты мәселелерді зерттейді.

Ономасиологиялық терминтану (*ономасиологическое терминоведение*) – арнаулы лексемалардың құрылымдық формаларын, арнаулы ұғымдарға ат беру процестері мен атаулардың тиімді формасын таңдауды зерттейді.

Тарихи терминтану (*историческое терминоведение*) – терминологияның жасалу және даму үрдісін анықтай отырып, соның негізінде оны ретке келтіруге арналған дұрыс ұсыныстар беру үшін зерттейтін терминтанудың бір саласы.

Функциональды терминтану (*функциональное терминоведение*) – терминдердің әр түрлі мәтіндер мен кәсіби қарым-қатынас жағдаяттарындағы, мамандар даярлаудағы қазіргі кезеңдегі қызметін, сондай-ақ терминдердің сөйлеу процесі мен компьютерлік жүйелерде пайдаланылу ерекшеліктерін қарастырады.

Гносеологиялық (когнитивтік) терминтану (*гносеологическое терминоведение*) – ғылыми таным мен ойлау процесіндегі терминдердің рөлін зерттейді.

Контрастивті терминтану (*контрастивное терминоведение*) – тілдер арасындағы өзара сәйкестікті, қатынасты терминологиялық лексикамен байланыста зерттейді.

Терминтану тарихы (*история терминоведения*) – терминология туралы ғылымның даму, қалыптасу тарихын зерттейді.

* * *

Терминтанудың (немесе терминологияның) кейбір салалары бірқатар елдерде едәуір терең зерттелгендігімен, жақсы дамығандығымен ерекшеленеді. Олардың қатарына *неонимия*, *терминография*, *терминжасам*, *терминологиялық дериватология* сияқты салаларды жатқызуға болады.

Терминография (*терминография*) – арнаулы сөздіктер түзудің жалпы әдіснамасы мен нақты тәсілдерін жасауды, терминологиялық сөздіктерді түріне қарай топтастыру мен жіктеудің қағидаттарын жасауды, жекелеген типтегі сөздіктерге арнаулы лексиканы таңдап алу мен оларды сөздікте берудің, сипаттаудың, мағынасын түсіндірудің ғылыми негізделген қағидаттарын жасауды қарастыратын терминтанудың саласы.

Терминографияны терминтанудың жеке бір саласы ретінде қарастырушы ғалымдар оны іштей бірнеше тармаққа жіктейді. Мысалы, терминографияның методологиялық, теориялық мәселелерін қарастыратын саласын – **жалпы терминография** (*общая терминография*), екі тілді терминологиялық сөздіктер жасаудың ғылыми-практикалық мәселелерін қарастыратын саласын – **екітілді терминография** (*двуязычная терминография*), көптілді (үш немесе одан көп тіл) терминологиялық сөздіктер жасаудың ғылыми-практикалық мәселелерін қарастыратын саласын – **көптілді терминография** (*двуязычная терминография*), ал бір ғана арнаулы саланың терминологиялық сөздіктерін жасау мәселелерін қарастыратын саласын – **салалық терминография** (*отраслевая терминография*) деп атаушы ғалымдар бар.

«Терминография» терминін 1971 жылы А.Д. Хаютин ұсынған болатын. Қазір бұрын қолданыста болған «терминологиялық лексикография» (*терминологическая лексикография*), «ғылыми-техникалық лексикография» (*научно-техническая лексикография*) терминдерін «терминография» термині толық алмастырды деуге болады. Соңғы жылдары Ресей терминтанушылар мектептері өкілдерінің барлығы дерлік «терминография» терминін бірізді қолданып жүр. Ал бізде бұл термин кейінгі 5-6 жыл көлемінде ғана қолданыс таба бастады.

Бізде терминологияны негізінен семасиологиялық терминтану, тарихи терминтану, салғастырмалы терминтану, қолданбалы терминтану тұрғысынан зерттеу біршама қолға алына бастады. Жарық көрген ғылыми еңбектердің терминология мәселелерін осы аспектілерде қарастырғанын айту керек. Терминография саласын зерттеуге арналған Е. Әбдірәсіловтің «Қазақ терминографиясының жүйесі» (2005) атты алғашқы монографиялық еңбегі жарық көрді. Ал терминтанудың қалған аспектілері тұрғысынан жүргізілуге тиісті зерттеулер әлі өз кезегін күтіп тұр деуге болады.

Неонимия (*неонимия*) – жаңа терминдердің пайда болуының себептерін, семантикасын, т.б. зерттейтін неологияның бір тармағы.

«Неонимия» терминтанудың ішкі бір тармағы ретінде Канадада жақсы дамыған. Канадалық ғалым Рондо «неонимия – жаңа терминдердің пайда болуы туралы ғылым» деп таниды.

Терминжасам (*терминообразование*) – термин жасаудың тәсілдерін, оның ұлт тілінің сөзжасам тәсілдерінен өзіндік ерекшеліктері мен ортақ жақтарын ескере отырып қарастыратын терминтанудың саласы.

Терминологиялық дериватология (*терминологическая дериватология*) – түбір терминдерден жаңа терминдердің жасалу үлгілерін, заңдылықтары мен тәсілдерін зерттейді.

II. Термин

Термин – ғылыми немесе өндірістік-технологиялық ұғым атауы болып табылатын арнайы қолданыстағы дефинициясы (ғылыми анықтамасы) бар сөз немесе сөз тіркесі.

Терминтанушылық анықтама:

Термин – терминологиялық жүйенің элементі.

Арнаулы мақсаттар тілі теориясы тұрғысынан берілген анықтама:

Термин – адам қызметі мен білімнің арнаулы салаларының жалпы, нақты немесе абстракті ұғымдарын белгілейтін белгілі бір арнаулы мақсаттар тілінің лексикалық бірлігі.

Термин анықтамасы (*дефиниция термина*) – ұғымның тиісті ұғымдар жүйесіндегі орнын, қалпын көрсететін, сөз арқылы берілген сипаттамасы.

Терминнің анықтамасы – ұғымды анықтау процесінің нәтижесі. Онда өзге іргелес ұғымдардан өзіндік ерекшелігі, басты белгілері көрініс табады. Термин өзінің анықтамасына тең болады, ал оның анықтамасы ұғым мазмұнына сәйкес келіп, оның негізгі мазмұнын береді.

Термин ұғым атауы болса, терминнің дефинициясы деген – сол ұғым атауына берілген дәл ғылыми анықтама. Термин сөздің мағынасы оның дефинициясы арқылы анықталады.

Термин-сөз (*термин-слово*) – бұл ұғымның атауы, сөз арқылы белгіленуі. Термин-сөз белгілі бір терминологиялық өріске қызмет ететін лексикалық жүйенің мүшесі.

Термин-ұғым (*термин-понятие*) – белгілі бір ғылыми түсінік (концепт). Термин-ұғым арнаулы салалар ұғымдар жүйесінің мүшесі, оның сол жүйедегі нақты орны бар.

Термин авторы (*автор термина*) – терминді алғаш жасап, қолданысқа енгізуші.

II. 1. Терминнің негізгі қасиеттері

Ұғым атауы болуы (*названия понятий*) – терминнің белгілі бір арнаулы сала ұғымының (абстракты, заттық) атауы ретінде сол саланың тілінде ұғымның негізгі белгілерін білдіруі.

Ғылыми анықтамасының болуы (*дефинированность*) – өзі белгілейтін ұғымның басты белгілерін қамтитын дәл ғылыми анықтамасының болуы.

Термин өзінің анықтамасына (дефинициясына) тең болады да, ал анықтама ұғым көлеміне сәйкес келіп, оның негізгі мазмұнын береді.

Салаға тәндігі (*отраслевая отнесенность термина*) – белгілі бір терминологияның мүшесі, сол арнаулы сала ұғымының атауы болуы.

Біздіңше, терминнің бұл белгісінің *жалпығылымдық, салааралық* терминдерге қаншалықты қатысты екендігі арнайы қарастыруды қажет етеді.

Мағына дәлдігі (*точность значения*) – термин мағынасы шекарасының анық, айқын болуы. Термин атаудың өзі белгілейтін ұғымның мазмұнын қамтып, ұғымның негізгі басты белгілерінің термин мағынасы арқылы берілуі.

Біз термин мағынасының дәлдігі туралы сөз қозғағанда бұл талапты оның дефинициясының дәл берілуіне қатысты қойған дұрыс деп пайымдаймыз. Бұл талапты «терминнің толықмағыналылығы» деп атайтын ғалымдар да бар. Олар «термин мағынасында ол белгілейтін ұғымды дәл беретін ең басты, мейлінше аз белгілерінің қамтылуы» оның толық мағыналылығы деп түсінеді.

Терминнің бұл белгісін «мазмұн дәлдігі» (*содержательная точность*) деп атап жүрген ғалымдар да бар. Сондай-ақ кейбір ғалымдар *мағына дәлдігін* терминнің белгісі емес, ол *терминге қойылатын талап* деп біледі. **Контекстке тәуелсіздігі** (*независимость от контекста*) – терминнің контекстен тыс тұрып та өзі атау болған арнаулы ұғым жөнінде мәлімет беретіндігі. Басқаша айтқанда, термин мағынасының контекст көмегінсіз де түсінікті болатындығы.

Өзге лексикалық қабаттарды құрайтын сөздермен салыстырғанда айрықша байқалатын терминнің бұл қасиеті әдетте оның ұғым атауы болатындығымен, бірмағыналылығымен байланысты түсіндіріледі.

Стильдік бейтараптылығы (*стилистическая нейтральность*) – терминмен белгіленетін ұғым мазмұнының объективтілігіне байланысты көп жағдайда оның қандай да бір қосымша ассоциация, стильдік реңк туғызбайтын қасиеті.

Терминологиялық әдебиеттерде терминнің бұл белгісін «терминнің эмоционалдық бейтараптылығы», «терминнің экспрессивтік бейтараптылығы», «терминнің эмоционалды-экспрессивтік бейтараптылығы», «терминнің модалдық бейтараптылығы» деп атау да кездеседі.

Арнайы жасалатындығы (*целенаправленный характер появления*) – терминнің көп жағдайда ғылыми-техникалық және басқа да арнаулы салалардың ұғымдарының атауы ретінде мақсатты түрде жасалу қасиеті. Терминнің бұл белгісін бүкіл терминологиялық лексикаға тән белгі деп тану қиын болғанымен, көптеген терминтанушы ғалымдар.

Дайын қалпында қолданылуы (*воспроизводимость в речи*) – құрамында бірнеше сөз болатындығына қарамастан терминологиялық сөз тіркестердің синтаксистік бірлігін сақтай отырып, тұрақты қалпында, семантикалық тұтастықта жұмсалуды.

Атауыш сөз болуы (*номинативный характер*) – терминнің атау сөз болып, қандай да бір ұғымды белгілеуі.

Жалпы әдеби тілдегі сөздер қарапайым ұғымдардың атауы болса, термин сөздер адам қызметінің түрлі салаларына қатысты арнаулы ұғымдардың, ғылыми және ғылыми-техникалық ұғымдардың атаулары болады.

Терминологиялық тіркестердің семантикалық тұтастығы (*семантическая цельность терминологических словосочетаний*) – құрамында бірнеше сыңары бар күрделі терминдердің бөлшектенбей, мағына тұтастығын сақтау қасиеті.

Терминнің бұл ерекшелігін көрсетуде «аталым тұтастығы» (*цельность номинации*), «құранды терминдердің бөлшектенбеуі» (*неделимость составных терминов*) терминдерін қолданатын да ғалымдар бар.

Терминнің келісімділігі (*конвенциональность термина*) – терминнің терминтанушылар мен сала мамандарының келісімі негізінде, мақсатты түрде жасалатындығы. Осы ерекшелігіне байланысты кейбір ғалымдар терминнің бұл сипатын «терминнің шарттылығы» (*условность термина*) және «терминнің жасалатындығы» (*создаваемость термина*) деп те атайды.

Терминдердің елеулі бөлігі қажетіне қарай ойлап табылатындығы, келісім негізінде жасалатындығы рас. Алайда, көптеген терминдер ұлттың тұрмыс-тіршілігіне, ата кәсібіне байланысты ертеден қалыптасқан байырғы сөздер болады. Олар ұлт тілінде бұрыннан бар, тарихи қалыптасқан атаулар болғандықтан, оларды мамандар келісіп жасады деу қиын. Сондықтан терминнің бұл сипатын бүкіл терминдерге тән деп қараудың негізі берік дей алмаймыз.

II. 2. Термин мағынасы

Термин мағынасы (*значение термина*) – терминнің ғылыми анықтамасында (дефинициясы) қамтылған, өзі атау болған ұғым жөнінде арнаулы ақпарат беретін мағынасы.

Бұл терминнің «*терминнің мазмұн межесі*» (*план содержания термина*), «*термин семантикасы*» (*семантика термина*), «*терминнің мәні*» немесе «*терминнің мәндік мағынасы*» (*смысловое значение термина*) сияқты ғалымдар тарапынан жарыса қолданылып жүрген нұсқалары да бар.

Термин мағынасының кеңеюі (*расширение значения термина*) – термин мағынасының ауқымы мейлінше кеңейіп, бұрынғы ұғым орнына сол ұғым да кіретін тектік ұғымды немесе жалпы ұғымды білдіруі.

Термин мағынасының тарылуы (*сужение значения термина*) – термин мағынасының мейлінше нақтыланып, бұрынғы кең ұғым орнына оның бір түрін (түрлік ұғымды) немесе соның бір бөлігін білдіруі. «Терминнің арнайылануы» деген терминді қолданған да ғалымдар болған.

Анық мағыналы термин (*дефинитивный термин*) – терминнің тұлғасы атау болған ұғымның мазмұнын жеткілікті дәрежеде ашып

тұратындықтан, оның анықтамасынан сол мазмұнды құрайтын бірқатар белгілері көрініс табуы қажет болмайтын термин.

Тең мағыналы терминдер (*равнозначные термины*) – бір ұғымның атауы ретінде пайдаланылатын мағыналары бірдей (немесе дәл сондай) терминдер.

Терминнің бірмағыналылығы (*однозначность термина*) – терминнің бір ғана ұғымның атауы болып, бір ғана мағынаны білдіруі.

Көптеген терминтанушы ғалымдар терминнің бірмағыналылығы белгілі бір арнаулы сала шеңберінде ғана сақталуы мүмкін деген пікірді қолдайды.

Терминнің абсолютті бір мағыналылығы (*абсолютная однозначность термина*) – терминнің белгілі бір ұлт тілінің шеңберінде бір ғана мағынаны білдіруі.

Терминнің салыстырмалы бірмағыналылығы (*относительная однозначность термина*) – терминнің белгілі бір сала терминологиясының шеңберінде немесе туыстас пәндер терминологиясында бір ғана мағынаны білдіруі.

Терминнің көпмағыналылығы (*многозначность термина*) – бір терминнің бірнеше мағынаны білдіруі.

Терминологияда термин бір ғана мағынаны білдіріп, «бір сөз – бір ұғымды білдіруі керек» дегенталап болғанымен, көпмағыналылық кездесіп тұратын құбылыс. Соған сәйкес жалпы тілдегі сияқты терминологияға да көпмағыналылық тән деген пікірді ұстанатын ғалымдар да бар.

Авторлық көпмағыналылық (*авторская многозначность термина*) – жеке авторлардың өзі жасаған терминдерін қолдануы.

Қазақ терминологиясының тәуелсіздік тұсындағы дамуы кезеңінде авторлық көпмағыналылық айрықша көрініс берді. Мысалы, бір ғана экономика термині әр түрлі авторлар жасаған терминологиялық сөздіктерде – *демеуші, мияткер, жебеуші, қолдаушы, спонсор* түрінде қолданыс тапса, сол сияқты биология термині – *жасуша, торша, торкөз, клетка, ұлпа* түрінде қолданылды. Мұндай көпмағыналылық әр салада орын алды.

Терминнің жасырын көпмағыналылығы (*скрытая многозначность термина*) – әр түрлі тілдердегі терминдерді салыстыру барысында анықталатын көпмағыналылық.

Термин түсініктілігі (*понятность термина*) – терминнің тілді тұтынушылар тарапынан қиындықсыз қабылдануы, жалпыға ұғынықтылығы. Бұл терминді «термин мағынасының тұнықтығы» (*прозрачность значения термина*) деп атайтын ғалымдар бар.

Терминнің уәжділігі (*мотивированность термина*) – термин мағынасының ұғынықты, семантикасының айқындығы, ал тұлғалық тұрғыдан өзі белгілейтін ұғымы жөнінде анық мәлімет беруі.

Термин уәжінің дәлдігі (*точность мотивированности термина*) – терминнің белгілейтін ұғымы мен уәжінің дәл сәйкес келуі, жалған уәждің болмауы.

Жартылай уәжді термин (*частично мотивированный термин*) – термин сөздің мағынасы мен терминді құраушы сыңарлардың жекелеген бөліктерінің ғана мағынасы түсіндірілетін термин.

Толық уәжді термин (*полностью мотивированный термин*) терминді құраушы бөліктер мен құрамы арқылы термин мағынасын толық түсіндіруге болагын термин.

Жалған уәжді термин (*ложномотивированный термин*) – белгілейтін ұғымы мен уәжі сәйкес келмейтін термин.

Дұрыс бағыттаушы термин (*правильноориентирующий термин*) – мағынасы ұғым мазмұнын дәл беретін, мағына қайшылығы болмайтын термин.

Терминнің мағыналық құрылымы (*состав значения термина*) – терминнің мағынасын құраушы сыңарлар жиынтығы.

Мағына ажыратушы белгі (*дифференциальный признак*) – іргелес ұғымдардан терминмен таңбалаушы ұғымның мағыналық айырмашылығын көрсететін белгі.

Тектік белгі (*родовой признак*) – термин арқылы таңбаланған ұғымның тегін ажырататын белгі.

Түрлік белгі (*видовой признак*) – термин арқылы таңбаланған ұғымның түрін, түрлік байланысын ажырататын белгі.

Елеулі белгі (*существенный признак*) – термин мағынасындағы ұғымның басты ерекшелігін көрсететін белгісі.

Елеусіз белгі (*несущественный признак*) – термин мағынасындағы ұғымның маңызды болып саналмайтын қасиетін көрсететін белгісі.

Сипаттаушы белгі (*характеристический признак*) – термин мағынасындағы таңбаланған нысандар тобының (класының) барлығына тән сипатын көрсететін елеулі белгі.

Жалған белгі (*ложный признак*) – термин мағынасынан орын алғанымен, ұғымның қандай да бір қасиетін білдірмейтін, басы артық белгі.

Терминнің арнайылануы (*специализированность термина*) – белгілі бір арнаулы сала ұғымының атауы ретінде термин мағынасының кәсіптік сөзге тән сипатқа ие болуы. Осы ерекшелігіне байланысты кейбір ғалымдар «термин мағынасының арнайылануы», «терминнің кәсіптік сипаты» деген терминдерді де қолданады.

Терминнің жалпылануы (*эврисемантизация термина*) – термин мағынасының кеңейіп, жалпы ғылыми терминге немесе терминбөлшекке айналуы.

II. 3. Термин түрлері

Байырғы термин (*исконный термин*) – белгілі бір тілде ертеден бар немесе сол тілдің терминологиясы қалыптаса бастаған алғашқы кезеңдерде жасалған термин.

Жаңа термин (*термин-неологизм*) – жаңа ұғымдардың атауы ретінде жасалып қолданысқа енген немесе бұрыннан бар ұғымның жаңа атауы ретінде ұсынылған термин.

Канадалық терминтанушы ғалымдар жаңадан жасалып, негізінен арнаулы салаларда қолданылып жүрген термин сөздерді «неоним» деп атап, ал жалпы тілдегі жаңа сөздерді «неологизм» деп атауды ұсынады. Олардың бұл ұсыныстары біртіндеп қолдау тауып, жаңа терминдерді «неоним» деп атаушылар қатары көбейіп келе жатқаны байқалады.

Көне термин (*термин-архаизм*) – ертеде болған ұғымды білдіргенмен көп уақыт бұрын қолданыстан шығып, қазір мағынасы мүлде түсініксіз болып қалған термин.

Ескірген термин (*устаревший термин*) – кейіннен мейлінше сәтті әрі ұғымды дәл бейнелейтін атаулар жасалғандықтан, қазіргі уақытта қолданыстан шеттеп қалған термин (көбінесе синоним термин).

Тарихи термин (*термин-историзм*) – тарихи ұғым атауы ретінде сақталғанымен, ол белгілейтін ұғымның өзі жойылғандықтан, қазір қолданылмайтын көнерген термин түрі.

Кірме термин (*заимствованный термин*) – өзге тілдерден тұтастай немесе жекелеген аспектілері (тұлғасы ғана, мазмұны ғана, құрылымы) алмасқан термин.

Өзге тілден алмасқан элементтерінің түрлеріне қарай (тұлғасы немесе жасалу үлгісі) олар *тұлғасы* (форма) *алмасқан* және *сөзжасамдық* немесе *синтаксистік құрылымы алмасқан* терминдер деп екіге бөлінеді.

Калька термин (*термин-калька*) – өзге тілден сөзжасамдық немесе синтаксистік құрылыммен алмасқан термин.

Калька термин – өзге тілдегі терминді оның құрылымын сақтай отырып, ұлт тіліне соған сәйкес келетін сөзбен, морфемамен дәл аудару арқылы жасалатын сөз термин немесе тіркесті термин.

Будан термин (*гибридный термин, гибридо-термин*) – бір бөлігі өзге тілден алмасқан, ал өзге бөлігі қабылдаушы тілге аударылған немесе байырғы сөз болып келетін терминдер. Мысалы, олардың қатарына *жартылай калька* (мысалы, **теле** (tele) + **көпір** (мост), **радио** + қондырғы) және бір бөлігі өзге тілден алынған, ал екінші бөлігі төл сөз болып келетін *жартылай кірме терминдер* жатады. Мұндайда түбір морфема да (мысалы, **демократия** + лан/дыр/у, **реформа** + шыл/дық) немесе қосымша морфема да (**фото** + сурет,т.б.) алмасуы мүмкін.

Диалект термин (*термин-диалект*) – жергілікті сөздерді терминдендіру тәсілі арқылы жасалған термин.

Мысалы, *құжат*, *ұжым*, *үрдіс*, *түнек* т.б. терминдер осы тәсілмен жасалған. Қазақ тілінде жергілікті сөздерді терминқор қалыптастыру көзі ретінде танып, оларды термин шығармашылығында пайдалана бастау кейінгі жылдары ғана байқалып отырған үрдіс.

Базалық термин (*базовый термин*) – белгілі бір терминологияның алғаш пайда болуы кезінде сол терминологияның жасалуына негіз болған

терминологиядан немесе лексиканың бір саласынан алмастырылып алынған термин.

Негізгі термин (*основной термин*) – белгілі бір арнаулы саланың негізгі ұғымдарын білдіретін термин. Мысалы, *дыбыс, фонема, буын, сөз, сөйлем, мәтін, морфема* сияқты терминдер тіл білімінің негізгі терминдері.

Тірек термин (*опорный термин*) – терминологиялық сөз тіркестерін жасауда негізгі тірек етіп алынатын термин.

Бастапқы термин (*исходный термин*) – туынды терминдерді жасауда пайдаланылатын негіз.

Өзіндік термин (*собственный термин терминологии*) – арнаулы сала терминологиясының өз шеңберінде пайда болған термин.

Қатыстырылған термин (*привлеченный термин*) – іргелес білім саласының терминологияларынан алынып, сол саладағы мағынасын сақтай отырып қолданылатын термин.

Ядролық термин (*ядерный термин*) – белгілі бір терминологияның ядросын құрайтын термин. Э.Ф. Скороходько «Семантикалық байланыстары мейлінше көп терминдер» деген анықтама береді. Бұл анықтамалар бірін-бірі теріске шығармайды. Терминологияның қақ ортасында болатын терминдердің әдетте семантикалық байланысы мол болады.

Шеткері термин (*периферийный термин*) – терминологияның ядросынан алшақ, шеткері жататын термин.

Әмбебап термин (*универсальный термин*) – бірнеше тілдерде байқалатын құбылыстарды білдіретін термин.

Бірегей термин (*уникальный термин*) – бір ғана тілге тән ерекше құбылысты білдіретін термин.

Көп мағыналы термин (*многозначный термин*) – бірнеше мағынаны білдіретін термин.

Уәжді термин (*мотивированный термин*) – мағынасының ұғынықтылығы және тұлғасы (форма) арқылы белгілейтін ұғым жөнінде мәлімет беріп тұратын термин.

Латын негізді термин (*латинистический термин*) – латын негізіне ұлттық тіл қосымшасы жалғанып жасалған термин.

Есім термин (*эпонимический термин*) – кісі аттары немесе фамилияларынан жасалған термин.

Терминнің бұл түрін атау үшін шет ел ғалымдары әр жылдары «*фамильный термин*», «*термин-эпоним*», «*термин-антропоним*», «*деантропонимический термин*» терминдерін қолданған.

Топоним термин (*топонимический термин*) – жер-су аттарынан жасалған термин.

Жалқы есім термин (*термин-имя собственное*) – жалқы есімдерден жасалған терминдер. Бұл терминдер құрамына есім терминдер, топоним терминдер және басқа да жалқы есімдерден жасалған терминдердің барлығы кіреді.

Мұндай термин түрлерін ғалымдар әр жылдары «*ономастический термин*», «*ономастионный термин*», «*терминоним*» деп те атаған.

Зат есім термин (*термин-существительное*) – сөз таптарына қатысы тұрғысынан зат есім болатын термин.

Етістік термин (*термин-глагол*) – сөз таптарына қатысы тұрғысынан етістік болып келетін термин.

Халықаралық термин (*интернационализм*) – бірнеше ұлттардың тілдерінде қолданылып жүрген, ғылым тілінде кең тараған термин. Көбінесе латын, грек текті терминдер халықаралық термин мәртебесіне ие болған.

Жартылай халықаралық термин (*полуинтернационализм*) – терминнің бірінші негізі халықаралық терминмен сәйкес келетін, ал екіншісі сәйкес келмейтін термин.

Жартылай аударма халықаралық термин (*полускрытый интернационализм*) – бірінші негізі сәйкес келетін, ал екіншісі ұлт тіліне аударылып алынған термин.

Таралғы термин (*узловой термин*) – туынды, құранды және күрделі терминдерді жасауда дайын терминбөлшек ретінде пайдаланылатын негіз.

Ішкі термин (*внутренний термин*) – басқа көп сыңарлы терминнің құраушы сыңары болып табылатын термин.

Сілтемелі термин (*отсылочный термин*) – анықтамалық сөздіктер ұсынбаған, өзге нұсқасына сілтеме жасалған термин.

Жалпы ғылыми термин (*общенаучный термин*) – бірнеше ғылым саласында қолданылатын термин.

Салалық термин (*отраслевой термин*) – белгілі бір арнаулы салаға (ғылым, техника, өнер, өндіріс т.б.) тән, сол саланың терминжүйесінің мүшесі болып саналатын термин.

Терминдер қай саланың арнаулы ұғымын білдіретіндігіне, қай терминологияның мүшесі екендігіне қарай *ғылыми термин, техника термині, музыка термині, биология термині, заң термині, ботаника термині, экономика термині, әдебиеттану термині, тіл білімі термині, өнертану термині, философия термині, химия термині, физика термині, спорт термині, сәулет термині, математика термині, дипломатия термині, әскери термин, әкімшілік-саяси термин, өндіріс термині* деп аталады. Сондай-ақ бірнеше ғылым саласына қатысты ұғымдарды білдіретіндігіне байланысты *жалпы ғылыми термин, жалпы техникалық термин, іргелес ғылымдарға ортақтығына қарай ғылымаралық термин, салааралық термин*, ал ғылымдардың жіктелісіне қарай *гуманитарлық ғылымдар терминдері, дәл ғылымдар терминдері, жаратылыстану ғылымдары терминдері* деп бөлінеді.

Тарсалалық термин (*узкоотраслевой термин*) – бір арнаулы саланың ішкі кіші тармағына тән термин.

II. 4. Терминнің тұлғасы мен құрылымы

Термин тұлғасы (*форма термина*) – терминді таңбалаушы әріптер арқылы көрінетін оның сыртқы пішіні. Бұл терминнің «*терминнің дыбыстық жамылғышы*», «*терминологиялық пішін*», «*терминнің тұлғалық жағы*» сияқты нұсқаларын да қолданған ғалымдар бар.

Сөз термин (*термин-слова*) – бір сөзден тұратын, дара тұлғалы термин.

Түбір термин (*корневой термин*) – бір ғана түбір морфемадан тұратын термин.

Туынды термин (*производный термин*) – сөз тудырушы қосымшалардың жалғануы арқылы жасалған термин.

Тіркесті термин (*термин - словосочетание*) – екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуі арқылы жасалған термин. Ондай терминдерді кей ғалымдар *терминологиялық сөз тіркесі* (*терминологические словосочетания*) деп те атайды. Оған: «*Терминологиялық сөз тіркесі* – бұл арнаулы кәсіптік ұғымның атауы қызметін атқаратын екі (немесе бірнеше) толық мағыналы сөздердің мағыналық және грамматикалық бірлігі» деген анықтама береді. (*Авербух К.Я.*)

Бұл анықтамаларда қайшылық жоқ. Екінші анықтама біршама толықтау болғанымен, онда алдыңғы анықтамадан айтарлықтай айырмашылық байқалмайды.

Тұрақты тіркесті термин (*термин-фразеологизм*) – кемінде екі немесе үш сыңардан тұратын, құраушы сыңарлары өзге синоним сөздермен алмастырылмай, үнемі тұрақты қолданылатын терминологиялық сөз тіркесі.

Орыс терминтанушы ғалымдары әр жылдары бұл терминнің «*неразложимый термин-словосочетание*», «*несвободное терминологическое словосочетание*», «*термин-идиома*», «*идиоматичный термин*», «*терминологическое фразеологическое словосочетание*» сияқты нұсқаларын қолданған.

Еркін тіркесті термин (*свободный многословный термин//термин-свободное словосочетание*) – көп сыңарлы терминнің бірінші сыңарының біріншісін синониммен алмастыруға болатын термин.

Тізбекті термин (*цепочечный термин*) – кемінде үш сыңардан тұратын, олардың аралары дефис арқылы бөлініп жазылатын термин.

Қос сөз түріндегі терминдер ұшырасқанмен, тізбекті терминдер үлгісі қазақ тілінде кездесе бермейді.

Қосымшалы термин (*аффиксиальный термин*) – негізгі түбір сөз бен қосымшадан тұратын термин. Туынды терминнің бір түрі.

Күрделі термин (*сложный термин*) – терминнің негізі бірнеше түбір морфемадан тұратын термин. Мысалы, *сегізбұрыш* (мат).

Сөзтаңба термин (*термин-символослово*) – құрамында әріп немесе сан таңба және сөз болатын термин. Мысалы, Уран-235, М-мезон т.б.

Моделсөз термин (*термин-моделеслово*) – құрамына (сөзбен бірге) өз тұлғасымен белгілейтін нысанын модельдеуші графикалық таңба кіретін термин.

Көп сыңарлы термин (*многокомпонентный термин*) – құрамында үш немесе одан да көп түбір морфемалар болатын термин. Мысалы, біртекті сызықтық жүйе (мат). Көп сыңарлы терминдердің бір түрі – *тізбекті терминдер* (*цепочечные термины*) – кемінде мейлінше дербес үш негізден құралған (көбінесе дефис арқылы бірігетін) терминдер болса, екінші түрі – *жалғанбалы терминдер* (*агглютинированные термины*) – құрамында кемінде өзара тығыз байланысқан үш негіз болатын терминдер.

Екі сыңарлы термин (*двухсловный термин*) – екі сыңарлы терминологиялық сөз тіркесі.

Мысалы, *ашық буын* (лингв.), *қосымша құн* (экон.), *ортақ көбейткіш* (матем.), *әдеби ағым* (әдеб.), *аралық ми* (биол.), *жарық шоғы* (физ.) т.б.

Үш сыңарлы термин (*трехсловный термин*) – үш сыңарлы терминологиялық сөз тіркесі.

Мысалы, *үш еселі нүкте* (матем.), *ас қорыту бездері* (биол.), *қос құлаштап жүзу* (спорт), *жеке тектік құжат* (іс жүргізу) *қос құрамды сөйлем* (лингв.) т.б.

Төрт сыңарлы термин (*четырёхсловный термин*) – төрт сыңарлы терминологиялық сөз тіркесі.

Мысалы, *айналым қаражаты айналымының саны* (экон.), *өзіндік векторлар бойынша жіктеу* (матем.), *ток көзінің ішкі кедергісі* (физика), *ерітіндінің иондық күш ережесі* (хим.) т.б.

Құрама термин (*термин-композит*) – бастапқы сөз тіркесінің негіздерін біріктіру арқылы жасалған термин.

Ескерту: «Латын-грек терминбөлшектерінен құрап жасалған терминді» де құрама термин деп санайтын ғалымдар да бар.

Құранды термин (*составной термин*) – бірнеше бөлшектен тұратын күрделі құрамды, туынды термин.

Қысқартылған термин (*аббревиатурный термин*) – ықшамдылыққа қол жеткізу мақсатымен әріптік, буындық немесе аралас қысқарту

тәсілімен қысқартылып жасалған термин. Бұл – сөздерді түрлі жолмен қысқарту арқылы жасалған терминдердің барлығының басын біріктіретін жиынтық атау.

Қима термин (*термин-усечение*) – бастапқы сөздің бір бөлігін қиып (кесіп) алып тастау арқылы жасалған термин.

Әріптік қысқарым (*акронимный термин*) – термин құраушы сыңарлардың бастапқы әріптерін ғана алып қысқарту жолымен жасалған терминдер. Мысалы, ТМҚ (терминологиялық мәліметтер қоры).

Күрделі қысқарым (*сложносокращенный термин*) – терминді құраушы сыңарлардың бөліктері мен тұтас сөзді біріктіру арқылы жасалатын термин.

Ескерту: Күрделі қысқарымға сәл өзгеше анықтама беретін ғалымдар да бар. Мысалы: бастапқы бір сөз тұтас қалпында алынып, қалған екінші бөлігі өзге сыңарлардың бәрін қысқартып алу арқылы жасалған термин.

Телескопиялық термин (*телескопический термин*) – бастапқыда сөз тіркесі түрінде қолданылған терминнің бірінші сөзінің басқы бөлігін (алғашқы буынын) екінші сөздің соңғы бөлігін қосу арқылы жасалған термин.

Терминдерді тұтастыру (*стяжение терминов*) – терминнің ортаңғы бөлігін алып тастап, бастапқы және соңғы бөліктерін тұтастырып ықшамдап алу.

Терминнің қысқа варианты (*краткий вариант термина*) – терминнің қысқартылып, ықшамдалып алынған нұсқасы. Мысалы, *терминөріс* (*терминологиялық өріс*), *терминқатар* (*терминологиялық қатар*) т.б.

Терминнің толық варианты (*полный вариант термина*) – терминнің қысқартылмай толық қалпындағы алынған нұсқасы.

Терминнің графикалық варианты (*графический вариант термина*) – терминнің тек жазылуы арқылы айрықшаланатын нұсқасы.

Терминнің фонетикалық варианты (*фонетический вариант термина*) – терминнің тек айтылуы арқылы айрықшаланатын нұсқалары.

Терминнің фонетика-графикалық варианты (*фонетико-графический вариант термина*) – терминнің айтылуы мен бірдей лексемалардың түрліше жазылуы арқылы айрықшаланатын нұсқасы.

Терминнің синтаксистік варианты (*синтаксический вариант термина*) – термин жасалуының синтаксистік үлгісі (моделі) арқылы айрықшаланатын тіркесті терминдердің нұсқалары.

Терминнің сөзжасамдық варианты (*словообразовательный вариант термина*) – терминнің әр түрлі сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалған нұсқасы. Мысалы, әкімдік – әкімият.

Терминнің морфологиялық варианты (*морфологический вариант термина*) – сөз өзгертуші қосымшалар арқылы ажыратылатын термин нұсқалары.

Терминнің морфология-синтаксистік варианттары (*морфолого-синтаксические варианты термина*) – бір нұсқасы тіркесті термин немесе күрделі термин болатын, ал екіншісі – синтаксистік және морфологиялық өзгерістерге ұшырау арқылы жасалған терминдер.

Терминнің эллипс варианты (*эллиптический вариант термина*) – бастапқыда сөз тіркесі түрінде қолданылған терминнің бір сыңарын қалдырып кету арқылы жасалған нұсқасы.

Мысалы, *дауысты дыбыстар* → *дауыстылар, дауыссыз дыбыстар* → *дауыссыздар* т.б.

Терминнің құрама варианты (*композитивный вариант термина*) – көп сыңарлы терминнің сөздерін немесе негіздерін біріктіру арқылы жасалған морфология-синтаксистік нұсқасы.

Термин ұзындығы (*длина термина*) – терминнің сол шекарасы мен оң шекарасының аралығы.

Терминнің таңбалық ұзындығы (*знаковая длина термина*) – терминді құрайтын әріп санымен өлшенетін ұзындығы. Бұл терминнен өзге «*терминнің әріптік ұзындығы*», «*терминнің графикалық ұзындығы*» деген атау да қолданылған.

Терминнің төменгі шегі (*нижний предел термина*) – термин мен термин емес сөздің шекарасы.

Терминнің жоғарғы шегі (*верхний предел термина*) – терминологиялық сөз тіркесі мен еркін сөз тіркесінің шекарасы.

Термин шекарасы (*границы термина*) – терминнің басы мен соңы, басталуы мен аяқталуы.

Терминнің сол шекарасы (*левая граница термина*) – терминнің басы. Мысалы, *Ібітеу буын* терминінің сол жақ шекарасы «/» таңбасымен көрсетілген.

Терминнің оң шекарасы (*правая граница термина*) – терминнің соңы. Мысалы, *тұйық буын* терминінің оң жақ шекарасы «/» таңбасымен көрсетілген.

Термин құралымы (*глубина термина*) – терминді құраушы морфемалар саны.

Терминнің жүйелілігі (*систематичность термина*) – белгілі бір ұғымдар жүйесіндегі алатын орны мен оның сол жүйедегі өзге ұғымдармен байланысы оны белгілейтін терминнің құрылымынан, тұлғасынан көрініс табуы.

Терминдердің лексикалық ұштасымы (*лексическая сопряженность терминов*) – әр түрлі тілдер терминологияларын құраушы терминдердің тұлғаларының (форма) жақындығы.

II. 5. Термин қызметі

Термин қызметі (*функции термина*) – арнаулы сала ұғымының атауы ретінде термин атқаратын қызметтердің жиынтығы.

Терминнің атауыштық қызметі (*номинативная функция термина*) – терминнің ұғымның, заттар мен құбылыстардың атауы болу қызметі.

Терминнің танымдық қызметі (*гносеологическая функция термина*) – терминнің таным құралы қызметін атқаруы.

Терминнің таңбаланушылық қызметі (*денотативная функция термина*) – терминнің таңбаланушыны белгілеп, оның мазмұнын білдіру қызметі.

Терминнің ұғымдық қызметі (*сигнификативная функция термина*) – терминнің ұғымды белгілеп, оның мазмұнын білдіру қызметі.

Терминнің эврикалық қызметі (*эвристическая функция термина*) – жаңа білімді ашу, табу қызметі.

Терминнің жүйелеушілік қызметі (*систематизирующая функция термина*) – терминнің ұғымдар жүйесін тілдік таңбалар арқылы да жүйелеп беру қызметі.

Терминнің ақпаратты тіркеу қызметі (*функция фиксации термина*) – терминнің ғылыми-техникалық арнаулы ақпаратты сақтау қызметі.

Терминнің ақпараттық қызметі (*информационная функция термина*) – терминнің ақпараттық-қатысымдық қызметі.

Терминнің қатысымдық қызметі (*коммуникативная функция термина*) – терминнің білімді, арнаулы ақпаратты жеткізу қызметі.

Термин белгілі бір сала мамандарының арасындағы кәсіби қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Мамандар өз саласының терминдерін қолдану арқылы өзара ақпарат алмасады.

Терминнің оқулық қызметі (*учебная функция термина*) – терминнің білім беру, түсіндіру, оқыту мақсатында қолданылу қызметі. Терминнің бұл қызметін «*дидактикалық қызметі*», «*педагогикалық қызметі*» деп атайтын ғалымдар да бар.

Терминнің ажыратушылық қызметі (*различительная функция термина*) – терминологиялық жүйе шеңберінде терминдердің өздері белгілейтін ұғымдардың аражігін ажырату қызметі.

Терминнің анықтаушылық қызметі (*дефинитивная функция термина*) – терминнің тұлғасы арқылы ұғымның түрлік-тектік белгілерін көрсету мүмкіндігі.

II. 6. Термин қолданысы

Қолданыстағы термин (*действующий термин*) – тыйым салынған, алмастырылған және көнерген терминдер қатарына жатпайтын, қазіргі ғылым тілінде бірізді қолданылып жүрген термин.

Көпшілік қабылдаған термин (*общепринятый термин*) – ғылыми қауым, жалпы көпшілік жаппай қабылдап, бір ізді қолданып жүрген термин.

Идиолектілі терминдер (*идиолектные термины*) – жеке қолданыстағы, авторлық терминдер.

Мысалы, *термин* – ұғымсөз, *алгоритм* – бағдаржол, *экономика* – үнемиет т.б.

Метадиалект термин (*метадиалектный термин*) – белгілі бір ғылыми мектеп өкілдері немесе ғылыми ұжым ғана қолданатын термин.

Жиі қолданылатын термин (*употребительный термин*) – белгілі бір арнаулы саланың тілінде жиі қолданылатын термин.

Бұл қатарға көбінесе негізгі терминдерді, ядролық терминдерді жатқызуға болады. Мысалы, тіл білімінде – *дыбыс, фонема, сөз, сөйлем, мәтін* т.б., заң терминологиясында – *заң, құқық, заңнама* т.б.

Сирек қолданылатын термин (*малоупотребительный термин*) – ғылыми әдебиеттерде аз қолданылатын термин. Бұл терминнің мағынасы екі түрлі түсініліп жүр. Біріншісі – ұғымды белгілеуші атау сөздің сәтті жасалмауына, терминге қойылатын талаптардың барлығын бірдей қанағаттандыра бермейтіндігіне байланысты мамандардың оны аз пайдалануы. Екіншісі – ғылыми ұғымның ерекшелігіне сәйкес ол туралы мамандардың аз сөз қозғайтындығы. Бұл терминнің ғылым-білімнің қандай да бір тар саласының ұғымын білдіретіндіктен, шеткері термин болуымен т.б. себептермен байланысты болуы мүмкін.

Бір реттік термин (*оказиональный термин*) – белгілі бір контексте, мәтінде жеке автор тарапынан ғана қолданылып, жаппай қолданысқа ие болмаған, бір күндік терминдер. Осы қасиетіне қарай орыс тілінде бұл терминдерді *«термин-однодневка»* деп атайтын да ғалымдар бар.

Қазақ тілінде мұндай терминдер соңғы он-он бес жыл көлемінде жиі ұшырасатын болды. Оның себебін терминологиялық сөздіктердің, оқу құралдары мен оқулық, ғылыми әдебиеттердің терминологиялық сараптамадан өткізілмей шығарыла беретін болғандығымен, терминологиялық бақылаудың әлсіреуімен түсіндіруге болады. Мұндай терминдерді «біржолғы терминдер» деп атауға да болады.

Шұбалаңқы термин (*громоздкий термин*) – бірнеше сыңардан тұратын, ұғым мазмұнын қамтығанмен, сипаттамалық қасиеті басым, қолдануға ыңғайлы бола бермейтін термин.

Ықшам термин (*компактный термин*) – бір сыңардан тұратын, қолдануға қолайлы, жаңа термин жасауға мүмкіндігі мол термин.

Терминнің қолданысқа енгендігі (*внедренность термина*) – мамандардың, ғылыми қауымның жаппай қабылдауы және жиі қолданы-

луымен сипатталатын терминге қойылатын талап. Жазба тілде терминнің қолданыстылығы (употребляемость) оның мәтіндерде кездесетіндігін (санау) есептеу арқылы анықталып, жиі ұшырасатындығына байланысты сипатталады.

Стандартталған термин (*стандартизированный термин*) – ресми терминологиялық стандарттарға енгізілген термин. Мұндай терминдерді бірізді қолдану жалпыға бірдей міндетті деп саналады.

Артықшылықты термин (*предпочтительные термины*) – анықтамалық сөздіктерге енгізілген терминдер. Бірнеше сөздіктерде беріліп жүргендіктен мүмкіндігінше соларды қолданған дұрыс деп саналады.

Қолдануға болатын термин (*допустимый термин*) – терминологиялық стандарттар мен ұсынылған терминдер жинақтарында негізгі терминдермен қатар қолданылуына рұқсат етілген термин.

(*отсылочные термины*) – анықтамалық сөздіктер қолдануға ұсынбаған терминдер.

Ұсынылған термин (*рекомендуемый термин*) – міндетті түрде қолданылуы талап етілмейтін, мүмкіндігінше сол терминнің қолданылғаны дұрыс деп ұсынылатын жинақтарға енгізілетін терминдер.

Ұсынылмаған термин (*нерекомендуемый термин*) – ұсынылған терминдер жинақтарында оларды қолданбау қажеттігі атап көрсетілген термин.

Тыйым салынған термин (*недопустимый термин*) – терминологиялық стандарттарда қолданылуына тыйым салынған терминдер.

Алмастырылған термин (*замененный термин*) – орнына басқа термин ұсынылып, терминологиялық құжаттар арқылы ресми түрде алмастырылған термин.

Арнаулы салада қолданылуы (*специальная область употребления*) – терминнің өзіне тән терминологиялық мағынасын сақтай отырып, өзі мүшесі болып табылатын терминология шеңберінде, арнаулы мақсаттар тілінің бірінде қолданылу қасиеті.

Горький терминтану мектебі бұл терминді «*терминнің кәсіби қолданысы*» (*профессиональное употребление*) деп атайды.

II. 7. Терминге қойылатын талаптар

Терминге қойылатын талаптар (*требования к термину*) – қазіргі заманғы термин жауап беруге тиісті негізгі шарттар.

Тіл мамандары мен терминтанушылардың басым көпшілігінің еңбектерінде атап көрсетіліп жүрген терминге қойылатын негізгі талаптар мыналар:

1. Терминнің бірмағыналылығы (*однозначность термина*). Терминнің негізінен бір арнаулы сала ішінде ғана бір мағынаны білдіруі, синонимдерінің болмауы. «Бір таңбаланушыға – бір таңба, бір таңбаға – бір таңбаланушы» сәйкес келуі керек деген қағидаттан туындаған бұл талапты орындауға салалық мамандардың қай-қайсысы да мүдделі. Кейде бұл талаптың да орындалмай қалып жататындығын кездестіруге болады. Терминнің бірмағыналылығы абсолютті және салыстырмалы болуы мүмкін (қараңыз → термин мағынасы). Бұл талаптың негізінен белгілі бір арнаулы терминология шеңберінде қойылатындығын ұмытпаған абзал.

2. Терминнің қысқалығы немесе ықшамдылығы (*краткость термина*). Бірнеше сөздің тіркесуінен тұратын көп сыңарлы терминнің ұғым атауы ретінде, атаусөз ретінде қолдану қолайлылық туғыза бермейді. Атау сөздердің қысқа да нұсқа болғаны жақсы-ақ. Тіл үнемділікті ұнатады. Тіліміздегі көптеген көп құранды тіркестердің лексикалануы, біріккен, кіріккен сөздердің пайда болуы, күрделі атаулардың ықшамдалуы осы үнем заңының талаптары. Алайда терминологияда бұл талап үнемі орындала бермейді. Терминологиялық тіркестер, терминдер жүйесінде көптеп кездеседі. Терминнің көп құрамдылығы оның кемшілігі емес, қайта ондай атаулардың ұғым мазмұнын дәл беру тұрғысынан артықшылықтары бар деп санайтын ғалымдар да бар. Бұл тұрғыдан келгенде “Термин мағынасының дәлдігі оның қысқалығынан маңызды. Сондықтан да терминнің көп сыңарлы болуын оның кемшілігі деп есептеуге болмайды. Егер қандай да бір ұғым бір-бірімен өзара жақсы үндескен сөздерден тұратын тіркеспен аталса, онда ол терминнің

жүйелілігін және сол ұғымның өзге ұғымдармен байланысын көрсетеді”.

Терминнің қысқалығын а) лексикалық ықшамдылық; ә) тұлғалық ықшамдылық деп іштей екіге жіктеу көрсетушілер де бар.

3. Терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі (*соответствие словообразовательным законам языка*). Терминдер де негізінен жалпы әдеби тілдегі атау сөздер сияқты ұлт тілінің сөзжасам тәсілдерін пайдалану арқылы туындайды. Салалық терминдердің көпшілігі әр саланың ғалымдарының, практик мамандарының қаламынан туындайды. Салалық мамандардың барлығы бірдей ұлт тілінің сөзжасам тәсілдерін, тілдік заңдылықтарды, дыбыстардың тіркесімі мен қосымшалардың жұмсалу ерекшелігін, сөздердің тіркесу қабілетін жетік біледі деп айту қиын. Оның үстіне ұтымды атау жасау үлкен талғампаздық пен шығармашылық қабілетті қажет ететін күрделі жұмыс. Сондықтан да терминологияда сөзжасам заңдылықтарын қанағаттандыра бермейтін термин-сөздер ұшырасып қалып жатады.

4. Тілдік нормаға сәйкес келуі (*соответствие нормам языка*) – кәсіби жаргондардың, фонетикалық және грамматикалық нормадан ауытқулардың болмауы.

5. Терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы (*деривационная способность термина*). Бұл талап терминнің ықшам болуы қажет деген талаппен үндеседі. Қазақ тілі жалғамалы тілдер қатарына кіретіндіктен неғұрлым қысқа, ықшам атауларға сөз тудырушы жұрнақтарды үсті-үстіне жалғау арқылы бір түбірден немесе негізден бірнеше туынды сөз, жаңа атау жасауға болады. Ал көп құрамды атаулар бұл талапқа жауап бере бермейді. Бұл талапты терминге *сөз тудыруға (деривациялық) қабілеттілігі* деп те атайды. Ықшам жасалған, қысқа терминнен туынды термин жасау мүмкіндігі қашанда мол.

6. Терминде эмоционалдылық пен экспрессиялықтың болмауы (*отсутствие эмоциональности и экспрессии*). Жалпы ғылым тілі бейнелілікті, образдылықты емес, әр ұғымды өз атымен атауды қажет ететін дәлдікті, нақтылықты қалайды. Сол себептен де ғылым тілінің негізін құрайтын терминдердің эмоционалдық тұрғыдан бейтараптық танытып, оларға экспрессияның тән болмауы талап етіледі.

Ескерту: Терминге эмоционалдылық пен экспрессиялық жат емес деп санайтын тілші-терминолог ғалымдар да бар. Солардың бірі В.Н. Прохорова «Терминнің эмоционалдылығы туралы» деген мақаласында лексика-семантикалық жолмен жасалған терминдердің метафоралылығы мен метонимиялылығы оның эмоциялылығын білдіреді... Сондай-ақ егер термин белсенді қолданыстағы эмоционалды сөздерден жасалса, онда термин де сол эмоционалды бояуды сақтайды – дейді.

7. Эстетикалық талаптарға сай келуі. Терминнің дыбысталуы айтуға қолайсыздық туғызбай, естуге жағымды болуы. Құлаққа қораштау естілетін, айтуға ауыр қарапайым лексика қатарынан, жаргон, арго сөздердің термин ретінде таңдалмағаны жөн.

Кейбір ғалымдардың «терминнің үндесімділігі» деп атап жүргені осы эстетикалық талапқа сәйкес келеді. **Терминнің үндесімділігі** (*благозвучность термина*) – терминге қойылатын бұл талаптың екі аспектісі бар. Оның біріншісі – терминнің айтуға қолайлы болуына байланысты туындайтын орфоэпиялық тұрғыдан жағымды дыбысталуы. Мысалы, *құқық*.

Екіншісі – термин өзі қолданылатын саладан тыс қажетсіз, жағымсыз ұқсастық (ассоциация) туғызбауы керек. Мысалы, *боқша, қарайғыр*, т.б.

8. Терминнің қолданысқа енгізілгендігі (*внедренность термина*) – терминді мамандардың, ғылыми қауымның қабылдауы немесе оның жаппай бірізді қолданылатындығы.

9. Синонимдердің болмауы (*отсутствие синонимов*) – терминологиядағы «бір ұғымға – бір ғана атау» қағидатына сәйкес синонимдердің болмауы талап етіледі.

Мінсіз жасалған терминологияға қойылатын бұл талап үнемі орындала бермейді. Алайда «терминологияға да синонимділік тән» деп санайтын көзқарастың бар екендігіне қарамастан, терминологияда синонимділіктің болмауы үнемі талап етіліп келеді.

10. Инварианттылық (*инвариантность*) – фонетикалық, графикалық, морфологиялық, сөзжасамдық және синтаксистік варианттардың болмауы.



11. Терминнің уәжділігі (*мотивированность термина*) – термин мағынасының ұғынықты, өзі белгілейтін ұғымы жөнінде анық мәлімет беруі.

Жоғарыда аталған талаптарды терминнің мағынасына, тұлғасы мен қолданысына қарай – *семантикалық талаптар* (1. мағыналық қайшылықтың болмауы, 2. бірмағыналылық, 3. терминнің толықмағыналылығы, 4. синонимдердің болмауы), *терминнің тұлғасына қойылатын талаптар* (1. Тілдік нормаға сәйкес келуі, 2. терминнің ықшамдылығы (қысқалығы), 3. сөз тудыруға (деривациялық) қабілеттілігі, 4. инварианттылық, 5. уәжділік) және *прагматикалық талаптар* (1. қолданысқа енгізілгендігі, жатық айтылуы немесе жағымды дыбысталуы) деп үшке жіктеп қарастыру жиі ұшырасады.

Негізінен терминологиялық әдебиеттердің көпшілігінде негізінен жоғарыдағы талаптар аталады.

Ол үш топтың ішіне жоғарыда біз көрсеткеннен өзге де кейбір талаптарды да қосатын ғалымдар бар. Кейде жекелеген ғалымдар тарапынан бұл талаптардан өзге талаптар да аталып жатады. Мәселен, прагматикалық талаптардың қатарына терминнің қазіргі уақытқа лайық заманауилығы (*современность*), әлем ғалымдары арасындағы қарым-қатынасты жеңілдетуге қызмет ететін халықаралықтығы (*интернациональность*) және кейбір сала мамандарының (медицина т.б.) өздері ғана түсінуге тиіс құпиялығы (*эзотеричность*) жатады деп санайтын ғалымдар да бар.

Терминнің халықаралықтығы (*интернациональность термина*) – бірнеше ұлттық тілдердегі (кемінде үш тілде) тұлғалануы жақын немесе бірдей және мазмұндары сәйкес келетін терминдердің болуы. Терминге қойылатын бұл талапты ұсынушылар оның себебін ғылыми зерттеушілердің оның халықаралықтандыру үрдісінің жанданып, мамандардың халықаралық байланысын жасауға деген сұранысының артуына орай туындап отыр деп түсіндіреді.

Екінші қырынан қарағанда, терминологияны халықаралықтандыруға қарсы – *деинтернационализация*, яғни терминологиялық лексиканың ұлттық сипатын арттыру үрдісі де бар. Әлемнің бірқатар елдері осы бағытты ұстанып тұр. Сондықтан да бұл талапты да терминге қойылатын негізгі талаптар қатарына қосудың негізі берік емес.

Терминнің заманауилығы (*современность термина*) – көнерген терминдерді қолданыстан шығарып, олардың қазіргі заманғы терминдерімен алмастыру арқылы жүзеге асырылатын терминге қойылатын талаптардың бірі. Бірақ терминтанушылардың көпшілігі, бұл талапты міндетті түрде орындалуға тиісті басты талаптарға қоса бермейді.

II. 8. Терминнің түрлі сипаты

Термин сапасы (*качество термина*) – терминнің қолдануға жарамдылығын анықтайтын қасиеттер жиынтығы.

Терминнің сөз тудыру қабілеті (*derivационная способность термина*) – терминнің жаңа терминдердің жасалуына негіз болу қасиеті.

Терминнің әлеуеттік сөз тудыру қабілеті (*потенциальная derivационная способность термина*) – терминнің әлі пайдалануға болатын сөз тудыру мүмкіндігі.

Терминнің пайдаланылған сөз тудыру қабілеті (*реализованная derivационная способность термина*) – терминжасам барысында терминнің сөз тудыру қабілетінің пайдаланылғандығы.

Термин ұялылығы (*гнездовость термина*) – терминологиялық жүйе ішінде тектес терминдердің болуы.

Терминжүйе ішіндегі термин ұялылығына қарап, терминнің сөз тудыру мүмкіндігінің қаншалықты пайдаланылғанын көруге болады.

Термин аудармалылығы (*переводимость термина*) – терминнің ұлт тіліне аударылатындығы.

Терминнің бір аудармалылығы (*однопереводность термина*) – бір баламаның, бір аудару тәсілінің болуы.

Терминнің түрлі аудармалылығы (*разнопереводность термина*) – терминді аудару кезінде аударманың екі немесе одан да көп тәсілінің пайдаланылуы.

Терминнің ішкі синтагматикасы (*внутренняя синтагматика термина*) – құранды терминнің байланысу ерекшеліктері.



Терминнің интенциясы (*интенция термина*) – белгілі бір ұғымдық-заттық өріс ішіндегі таңбаланушыға оның қандай да бір басты сипатын және сол саланың атаулар жүйесімен сәйкесуін барынша дәл бөліп көрсетуге ұмтылу әрекеті. Терминнің интенциясы оның атауға, термин-сөзге қатысты қыры. Сондықтан да кейде мақсатты түрде термин жасауды – «*терминологиялық интенция*» деп атау ұшырасады.

Терминнің экстенциясы (*экстенция термина*) – термин сөздің мағынасы қамтитын, заттық-ұғымдық өріс аймағы. Терминнің экстенциясы оның ұғымдық жағы. Ұғымның сол саланың ұғымдар жүйесіндегі алатын орны.

Терминнің дәлдігі (*точность термина*) – терминнің өзі белгілейтін ұғым мазмұнын дәл қамтуы.

Терминденгендік (*терминологичность*) – термин тұлғасының жалпы қолданыстағы лексикадан байланысын үзуі, терминдену дәрежесі.

Терминқор (*терминофонд*) – белгілі бір ұлттың тіліндегі барлық арнаулы салалардың қалыптасқан, қолданыстағы терминдерінің жиынтығы. Бұл ұғымды білдіру үшін «*ұлттық терминқор*» термині де жиі қолданылады.

Терминтоп (*терминогруппа*) – тақырыптық, ұғымдық тұрғыдан өзара байланысты жүз терминге дейінгі терминдердің жиынтығы.

Бұл ұғымның атауы ретінде «*тақырыптық топ*» (*тематическая группа*), «*терминдер тобы*» (*терминдер тобы*), «*ұғымдық терминологиялық топ*» (*понятийная терминологическая группа*), «*тақырыптық микроөріс*» (*тематическое микрополе*) терминдерін қолданған да ғалымдар бар.

Терминқатар (*терминоряд*) – жарыса қолданылып жүрген мағыналас терминдер тізбегі.

Бұл ұғымды білдіру үшін ғалымдар тарапынан әр жылдары «*Терминдер қатары*» (*ряд терминов*), «*синонимдер тобы*» (*группа синонимов*), «*терминологиялық тізбек*» (*терминологическая цепочка*), «*жарыспа қатар*» (*вариантный ряд*) сияқты терминдер ұсынылған.

II. 9. Терминнің кемшіліктері

Терминнің кемшілігі (*недостатки термина*) – терминге қойылатын талаптарға, тілдік нормаға сай келмеуі.

Терминнің үндесімсіздігі (*неблагозвучность термина*) – терминнің эстетикалық қағидаттарға сай жасалмай, жағымсыз дыбысталуы және жарасымсыз, қажетсіз ұқсастық туғызуы.

Терминнің семантикалық сәйкессіздігі (*семантические несоответствия термина*) – таңбаланушы ұғым мазмұнының терминнің мағынасынан дәл көрініс таппауы.

Бұрыс бағыттаушы термин (*ложноориентирующий термин*) – уәжі қате түсінікке жетелейтін термин.

Термин шұбалаңқылығы (*громоздкость термина*) – терминнің бірнеше (үш, төрт, бес немесе одан да көп) сөздің тіркесуі, қосарлануы, біріктірілуі арқылы жасалып, сөз туғызуға, айтуға, жазуға жалпы қолдануға қолайлы болмауы.

Термин көпмағыналылығы (*многозначность термина*) – терминнің бір терминологиялық жүйе шеңберінде бірнеше мағынаны білдіруі.

Термин варианттылығы (*вариантность термина*) – терминнің бірнеше нұсқасының жарыса қолданылуы.

Квантативті варианттар (*квантативные варианты*) – сыңарларының саны әр түрлі болатын жарыспалы нұсқалар.

Салыстырмалы синонимдер (*относительные синонимы*) – бірінің мағынасы екіншісінен кендеу синоним терминдер.

Толық синонимдер (*полноправные синонимы*) – барлық жағдаяттар мен тіркесім кезінде бір-бірімен алмастыруға болатын синоним терминдер.

Толық сәйкеспейтін синонимдер (*неполноправные синонимы*) – барлық жағдаяттар мен тіркесім кезінде бірінің орнын бірі алмастыра бермейтін синоним терминдер.

Термин жүйесіздігі (*несистематичность термина*) – терминнің түрді, текті немесе ұғымдар арасындағы қатынастарды білдіру тұрғысынан тұлғалық жүйесіздік туғызуы.



II. 10. Термин және мәтін

Терминтанушылық мәтін теориясы (*терминоведческая теория текста*) – мәтіндердегі терминдердің қолданылуын және мәтінді термин арқылы, керісінше терминді мәтін арқылы зерттеу теориясы.

Термин тудырушы мәтін (*терминопорождающий текст*) – теорияларды мазмұндауға, арнаулы салалардың білімі мен қызметін баяндауға, сипаттауға арналған мәтін.

Термин қолданылған мәтін (*терминоиспользующий текст*) – белгілі бір арнаулы сала нысандары мен үдерістерін сипаттайтын мәтін.

Термин тіркеуші мәтін (*терминофиксирующие тексты*) – терминдер мен өзге де арнаулы лексемалар қамтылып, олардың мағыналары түсіндірілетін түрлі сөздіктер мәтіні.

Мәтіннің терминдік құрылымы (*терминологическая структура текста*) – мәтіндегі терминдердің орналасуы, мәтін құрауға қатысы.

Мәтіннің терминдік толымдылығы (*терминологическая насыщенность текста*) – арнаулы лексемалардың, оның ішінде терминдердің мәтіндегі толық мәнді сөздерге қарағандағы, әдетте пайыздық өлшеммен көрсетілетін ара салмағы.

Мәтіндегі терминдер жиілігі (*терминологическая частотность текста*) – арнаулы лексемалардың, оның ішінде негізінен терминдердің мәтіндегі барлық сөздермен салыстырғандағы жалпы саны.

Мәтіннің терминдік бейнесі (*терминологический образ текста*) – мейлінше ақпараттық мәнді терминдер жиынтығы арқылы көрінетін мәтіннің мазмұндық бейнесі.

II. 11. Терминбөлшек

Терминбөлшек (*терминоэлемент*) дегеніміз – терминологиялық мағынасы бар ең кіші бірлік.

Терминбөлшек мағынасын түсіндіретін бірнеше анықтама бар. Солардың ішінде терминбөлшектің мағынасын толығырақ аша түсетін

анықтама ретінде В.Ф. Новодранованың берген мына төмендегі анықтамасын айтуға болады:

Терминбөлшек – әдетте терминнің құрамында белгілі бір орынды иеленіп, мейлінше тұрақтаған жалпы мағынаны білдіретін, туынды терминдердің үнемі қайталанып отыратын және жаңа терминдер жасауға қабілетті бөлшегі.

Орыс тіліндегі *«терминоэлемент»* термині бізде соңғы уақытқа дейін өте сирек қолданылған, тіпті қолданыс таппаған термин деуге болады. Кейінгі жылдары кейбір ғылыми әдебиеттерде бұл терминді *«терминдік элемент»* түрінде тікелей аударып қолдану ұшырасып қалады. Біз бұл терминді қазақ тілінде «терминбөлшек» деп алсақ, ұғым мазмұны дәл қамтылады деп санаймыз.

Терминбөлшек мағынасы (*значение терминоэлемента*) – терминді құраушы бөлшектің, термин сыңарының семантикасы.

Басты терминбөлшек сөз (*ядерный лексемный терминоэлемент*) – терминологиялық сөз тіркесін жасауға негіз болған басты, айқындаушы сөз.

Бұл терминді «айқындаушы терминбөлшек сөз» (*определяющий лексемный терминоэлемент*) деп атап жүрген ғалымдар да бар (Гринев С.В.).

Терминбөлшек сөз (*лексемный терминоэлемент*) – термин түзуші сөз.

Сын есім терминбөлшек (*терминоэлемент-прилагательное*) – терминдерді жасауға негіз болатын сөз табы жағынан сын есімге жататын терминбөлшек.

Түбір терминбөлшек (*корневой терминоэлемент*) – терминбөлшек қызметін атқарып, терминдерді жасауға негіз болатын түбір.

Морфемалық терминбөлшек (*морфемный терминоэлемент*) – термин шығармашылығында тұрақты пайдаланылатын, мағынасы мейлінше жалпыланған термин тудырушы морфема.

Сөзалды терминбөлшек (*префиксальный терминоэлемент*) – терминжасауға негіз болған сөз алды қосымшасы.

Бұл тәсіл негізінен роман-герман, славян, араб тілдері сияқты тілдерге тән. Біздің тілімізде де латын, грек тілдерінің халықаралық сипаты ба-

сым сөзалды терминбөлшектер мен араб тілінен енген кірме қосымшалар арқылы жасалған терминдер бар.

Қысқартылған терминбөлшек (*аббревиатурный терминологический элемент*) – терминбөлшек ретінде дайын қалпында пайдаланылатын қысқартылған сөз.

Шет тілдік терминбөлшек (*иноязычный терминологический элемент*) – өзге тілден қабылданған терминбөлшек.

Халықаралық терминбөлшек (*интернациональный терминологический элемент*) – бірнеше тілдерде дайын қалпында пайдаланылып жүрген терминбөлшек.

Грек-латын терминбөлшегі (*греко-латинский терминологический элемент*) – шығу тегі жағынан грек-латын тілдерінің сөздері болғанмен көптеген ұлттық тілдердің терминологиясында кездесетін терминбөлшектер. Халықаралық терминбөлшектердің көпшілігі осы грек-латын сөздері болып табылады.

Алдыңғы терминбөлшек (*начальный терминологический элемент*) – термин сөздің алдыңғы, басқы жағында тұратын терминбөлшек.

Соңғы терминбөлшек (*конечный терминологический элемент*) – үнемі термин сөздің соңында тұратын терминбөлшек.

Қажетсіз терминбөлшек (*паразитный терминологический элемент*) – басы артық, термин құрамына енгені болмаса, нақты терминдік мағынаны білдірмейтін терминбөлшек. Мұндай терминбөлшекті «паразит терминбөлшек», «артық терминбөлшек», «плеоназм терминбөлшек» деп атап жүрген ғалымдар да бар.

Айқындалушы терминбөлшек (*определяемый терминологический элемент*) – терминнің мағынасын айқындайтын негізгі айқындалушы бөлшегі.

Айқындаушы терминбөлшек (*определяющий терминологический элемент*) – негізінен түрлік ұғымды білдіретін, терминнің айқындаушы бөлшегі.

Терминдік формант (*терминоформант*) – буын түріндегі терминбөлшек. Басқаша бұл терминді «терминдік буынбөлшек» деп атауға болады.

II. 12. Терминүлгі

Терминүлгі (*терминомодель*) – туыстас, іргелес ұғымдардың өзара байланысын, бір-біріне сатылық бағыныстылығын тілдік тұрғыдан да құрылымдық және мағыналық жүйелілікті сақтай отырып көрсету мақсатымен жасалатын, арнаулы лексикадағы ұдайы қайталану үрдісіне сәйкес қалыптастырылатын терминжасам үлгісі.

Бұл терминнің толық нұсқасы «терминологиялық үлгі» немесе «терминологиялық модел». Терминологиялық әдебиеттерде терминүлгі – құрылымдық үлгі (*структурная модель*) және семантикалық үлгі (*семантическая модель*) деп екіге бөліп қарастырылып жүр.

Терминүлгі өнімділігі (*продуктивность модели термина*) – термин шығармашылығында терминүлгінің жиі пайдаланылып, терминжасам барысында белсенділік танытуы.

Терминүлгі өнімсіздігі (*непродуктивность модели термина*) – терминүлгінің терминжасам барысында сирек пайдаланылуы.

Терминүлгінің тарихи өнімділігі (*диахроническая продуктивность модели термина*) – ертеден бастап, қазіргі күнге дейін осы үлгімен жасалған терминдердің жалпы саны арқылы анықталатын терминүлгінің үлесі, сөзжасамдық қасиеті.

Терминүлгінің қазіргі өнімділігі (*синхроническая продуктивность модели термина*) – белгілі бір мерзім ішіндегі (соңғы 30, 40, 50 немесе 100 жыл көлеміндегі) осы үлгімен жасалған терминдер саны арқылы анықталатын қасиеті.

Үздік терминүлгі (*эталонная терминомодель*) – терминге қойылатын талаптарға жауап беретін, терминжүйенің өзіндік сипатын көрсетіп бере алатын мүмкіндігі бар, болашақта өнімді түрде пайдаланылуы керек деп ұсынылатын терминүлгі.



II. 13. Арнаулы лексемалар

Номен (*номен*) – көзге көрінетін және қабылданатын затты белгілейтін, алайда оның басқа заттармен қатынасы мен сыныптық (классификациялық) жүйедегі нақты орнын көрсетпейтін лексикалық бірлік. Номен термин сияқты жалпы ұғымдардың атаулары емес, көбінесе жекелеген ұғымдардың атаулары болып табылатын арнаулы лексема түрі. Оларды *номенклатуралық атаулар* деп те атайды. Номеннің өзіне тән кейбір ерекшеліктері анықталғанмен терминмен ара-жігі әлі толық ажыратылған деуге болмайды.

Номендерді арнайы зерттейтін саланы «**номенология**» деп атап жүрген ғалымдар да бар.

Номеннің сипаттары (*характеристики номенов*) – номен түрлерінің өзіне тән ерекшеліктері.

Номенклатуралық бірліктердің қызметтері (*функции номенклатурных единиц*) – номен түрлерінің атқаратын қызметтері.

Даралаушы қызметі (*индивидуализирующая функция*) – өнімнің ұқсастықтарын анықтап, олардың өзіндік қасиеттерін айрықшалап көрсету қызметі.

Ажыратушылық қызметі (*дифференцирующая функция*) – өнімді оған ұқсас өнімдерден ажырату қызметі.

Прагматикалық қызметі (*прагматическая функция*) – сатып алушының эмоциясына әсер ету қызметі.

Номен құрылымы (*структура номена*) – номеннің тұлғасын құраушы сыңарлары.

Номеннің әріптік бөлігі (*графемная часть номена*) – номенді құраушы сыңардың әріптерден тұратын бөлігі.

Номеннің сандық бөлігі (*цифровая часть номена*) – номенді құраушы сыңардың саннан тұратын бөлігі.

Терминалды атаулар (*предтермины*) – жаңа пайда болған ұғымдарды атау үшін пайдаланылатын, алайда терминге қойылатын негізгі талаптарға жауап бермейтін (көбінесе бірнеше сөзден құралып, ықшамдылық та-

лабына жауап бермейтін) арнаулы лексемалар. Терминалды атаулар қатарына: (а) терминнің ықшамдылық талабына жауап бермегенімен, ұғымның мазмұнын мейлінше дәл сипаттап беретін, бірнеше сөзден тұратын атауыштық сөз сипаттамалы оралымдар мен (б) есімшелі және көсемшелі оралымдар жатады. А.А. Реформатский мұндай термин түрін «үміткер термин» (кандидат в термины) деп атаған.

Түптермин (*прототермин*) – ғылыми кезеңге дейін пайда болған және қолданылған арнаулы лексемалар. Олар арнаулы ұғымдарды емес, арнаулы түсініктерді білдірген.

Қазіргі уақытта түптерминдер әлі ғылыми-теориялық негізі қалыптасып болмаған салаларда немесе ғылыми терминдермен қатар қолданылатын, алайда ұғымдар жүйесімен байланысы жоқ «халықтық терминдер» деп аталып жүрген лексикалық бірліктер түрінде кездеседі.

Терминоид (*терминоид*) – әлі толық қалыптасып болмаған және біркелкі түсінілмейтін, ара-жігі, шегі нақты анықталмаған, ғылыми анықтамасы берілмеген ұғымдардың атауы ретінде қолданылатын арнаулы лексемалар.

Терминтәрізділер (*квазитермины*) – жалпы ұғымдарды білдіріп, арнаулы лексика құрамында қолданылғанымен терминге қойылатын талаптарды қанағаттандырмайтын атаулар.

Кәсіби сөздер (*профессионализмы*) – адам қызметінің бір саласында мен кәсіп иелерінің тілінде қолданылатын сөздер.

Кәсіби жаргондар (*профессиональные жаргонизмы*) – шарттылығы анық байқалып тұратын, нормалық сипатқа ие болмаған кәсіби атаулар.

Жартылай терминдер (*полутермины*) – қызметтері өз алдына бөлек әр түрлі механизмдердің бір терминмен аталуы.

Неоним (*неоним*) – ұжымдық түрде, мамандар тобы жасаған тілдік таңба. Көбінесе оның тілге енуінің уақыты лексикографиялық тұрғыдан белгілі болады.

III. Терминология

«Терминология (*терминология*) – арнаулы сала ұғымдарының жүйелік ерекшелігін көрсете отырып, оның коммуникативтік қажеттілігін өтеуге қызмет ететін атаулар жиынтығы». Ал екінші пікірді ұстанатындар үшін «Терминология – адам қызметі мен білімнің белгілі бір арнаулы саласының пайда болып, оның дамуы барысында стихиялы түрде қалыптасатын сол сала ұғымдарын белгілейтін табиғи тілдің лексикалық бірліктерінің жиынтығы» (Лейчик).

Терминологиялық лексика (*терминологическая лексика*) – арнаулы салалардың барлығында қолданылатын термин сөздер жиынтығы.

«Көркем мәтін мен публицистикалық мәтіндерде қолданылатын термин сөздерді» – «терминологиялық лексика» деп түсіндірген де ғалымдар бар (Хаюгин, 1972). Бірақ терминдердің арнаулы ортадан тыс қолданысын білдіретін бұл анықтаманың ауқымы тар болғанмен, терминологиялық лексикаға берілген жоғарыдағы анықтамаға қайшы келмейді.

Терминклатура – «терминдер жиынтығы» деген ұғымды білдіру үшін «терминология» терминіне жарыстырыла ұсынылған нұсқа.

70-жылдары Н.Б. Вассович «терминология» терминін «номенклатура» атауының үлгісімен «терминклатура» терминімен алмастыруды ұсынған болатын. Алайда бұл атау еш қолдау таппай, ұсыныс ретінде қалып қойды. Бірқатар мамандар бұл атауды орынсыз ұсыныс ретінде қабылдап, жұртшылықты шатастырмау үшін оны *тыйым салынған терминдер* қатарына қосу қажет деп санайды.

Терминология өлшемдері (*параметры терминологии*) – терминдер жүйесінің қасиеттерін, терминологияның түрлі сипаттарын көрсететін өлшемдер жиынтығы.

Бұл ұғымды білдіру үшін терминтанушы ғалымдар тарапынан «терминология сипаттары» (*характеристики терминологии*), «терминология қасиеттері» (*свойства терминологии*), «терминжүйенің сапалық көрсеткіштері» (*качественные параметры терминосистем*), «терминдер жүйесінің қасиеттері» (*свойства системы терминов*) сияқты терминдер де қолданылады.

Терминологиялық өлшем (*терминологический параметр*) – терминологияның белгілі бір қасиетінің байқалу деңгейін көрсететін және сандық (есептік) өлшемдермен өлшеуге болатын сипаты.

Терминологиялық кілт (*терминологический ключ*) – сала терминологиясын жасауға қажетті терминбөлшектер (түбірлер мен қосымшалар) мен ережелер жиынтығы. Халықаралық терминдерді жасауға қатысатын терминбөлшектер мен ережелерді «терминологиялық кілт» деп түсінетін ғалымдар да бар.

Терминологиялық жетімсіздік (*терминологическая лакуна*) – белгілі бір терминжүйеде сол салаға қатысты ұғымдарды білдіретін терминдердің болмауы, жетіспеуі.

Жеке терминология (*индивидуальная терминология*) – белгілі ғалым жасаған, авторы белгілі терминология.

Ғылыми мектеп терминологиясы (*терминология научных школ*) – белгілі бір ғылыми мектеп өкілдері жасап, сол мектептің шеңберінде қолданылатын терминология.

Жас терминология (*молодая терминология*) – әлі толық жасалып болмаған, қалыптасу үстіндегі терминология.

Ескі терминология (*старая терминология*) – қазіргі уақытта арнаулы саланың даму деңгейіне сәйкес жаңа терминология қалыптасқандықтан, белсенді қолданыстан шеттеп қалған, алайда ғылым дамуының өткен кезеңдерінде қолданылған терминология.

Алғашқы терминология (*первичная терминология*) – арнаулы сала дамуының бастапқы кезеңінде жасалып, терминологияның қалыптасуына негіз болған терминдер жиынтығы.

Терминологияның қалыптасу көздері (*источники формирования терминологии*) – терминологияның қалыптастыруына негіз болған көздер.

Терминологияның даму кезеңдері (*периоды развития терминологии*) – ғылым мен техниканың даму қарқынына, қоғам өмірінде болған өзгерістерге байланысты терминология дамуының уақытпен өлшенетін сипаты.

Терминологияның туындауы (*зарождение терминологии*) – терминология дамуының ең бастапқы кезеңі. Бұл кезеңде терминология жасалып, оны қалыптастыруға бағытталған терминологиялық жұмыстар жүргізіліп жатады.

Терминологияның қалыптасуы (*формирование терминологии*) – терминологияның жалпы құрылымы жасалып болған, негізі қаланған кезеңі.

Терминологияның арнайылануы (*специализация терминологии*) – негізі қаланған, қалыптасқан терминологияның ұғымдар жүйесінің талаптарына сәйкестендіріліп, жетілдіру жұмыстарының жүргізілу кезеңі.

Терминологияның кеңеюі (*экстенсивное развитие терминологии*) – арнаулы саланың дамып, ұғымдар жүйесінің толығына байланысты терминологияның құрамына жаңа терминдердің көптеп қосылып, оның қарқынды түрде кеңею кезеңі.

Терминологияның жойылуы (*отмирание терминологии*) – қоғам өмірінде болған елеулі өзгерістер мен ғылымның даму қарқынына байланысты белгілі бір сала терминологиясының немесе бір ғылыми мектеп қалыптастырған терминологиясының қолданыстан шығып қалуы.

Терминология дамуы (*развитие терминологии*) – бүкіл ұлт тіліндегі терминологиялардың жалпы даму сипаты.

Терминологияның толқынды дамуы (*волновое развитие терминологии*) – терминологияның бірде қарқынды, бірде бәсең түрде дамуы.

Терминологияның қарқынды дамуы (*турбулентное развитие терминологии*) – ғылыми-техникалық прогресс кезеңінде, ғылымның белгілі бір салаларының тез дамуына, жаңа салалардың пайда болуына байланысты терминологияның қарқынды түрде дамуы.

Терминологияның қалыпты дамуы (*ламинарное развитие терминологии*) – терминологияның бірқалыпты дамуы.

Терминологияның тарихи сипаты – оның *жасын, жасалу тәсілдерін, байырғылығын, жасалу үлгілерін, тұйықтығын, тұрақтылығын* көрсету арқылы анықталады.

Терминологияның жасы (*возраст терминологии*) – белгілі бір саланың бөлініп шығу кезіне сәйкес мағынаны арнайыландыру арқылы

жасалған терминдердің пайда болуының орташа уақытымен өлшенетін мерзім.

Терминологияның шығу тегі (*происхождение терминологии*) – шығу тегіне қарай терминология құрамының анықталуы.

Терминжасамның түрлі тәсілдері арқылы (лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік) жасалған терминдердің ара-салмағын нақтылауды да терминологияның шығу тегін анықтау деп түсіндіретін ғалымдар бар. Терминологияны құраушы терминдердің ұлт тілдеріне қатысы тұрғысынан қарасақ та, терминжасам тәсілдері тұрғысынан қарасақ та бұл белгілі бір саланың терминжасам үрдісін, дәстүрін анықтап, сол саланың терминологиясын одан әрі жетілдіру үшін қажет жұмыс.

Терминологияның байырғылығы (*исконность терминологии*) – белгілі бір терминологияның құрамындағы байырғы терминдер мен өзге тілдерден енген терминдердің ара-салмағын анықтау арқылы айқындалатын сипаты.

Терминологияның бұл сипатын анықтау – сол сала терминологиясының қалыптасуына өзге ұлттар тілдерінің әсерін және ғылыми-техникалық қарым-қатынастың бағытын анықтау үшін қажет.

Терминологияның құрылу үлгілері (*модель образования терминологии*) – бұл терминологияның тиісті білім саласының құрылу, қалыптасу үлгісіне сәйкес келетін сипаты.

Ғылымтануда білімнің жаңа салалары үш негізгі үлгі бойынша қалыптасатындығы анықталған. Олар:

1. белгілі бір арнаулы саланы бөлшектеу және одан жаңа саланың тармақталып бөлініп шығуы (хирургия – абдоминальді хирургия, торакальді хирургия немесе гигиена-коммуналдық гигиена т.б.)

2. екі ғылым саласының тоғысуы (биохимия, биофизика, математикалық логика т.б.)

3. кешенді ғылымдар мен бірнеше ғылымдардың өзара байланысы негізінде қалыптасатын ғылымдар (ғылымтану, экология, информатика т.б.)

Терминология тұйықтығы (*замкнутость терминологии*) – бір тілдегі терминологиялардың бір-бірінен терминалмасуын, сол саланың өз



Терминологияның туындауы (*зарождение терминологии*) – терминология дамуының ең бастапқы кезеңі. Бұл кезеңде терминология жасалып, оны қалыптастыруға бағытталған терминологиялық жұмыстар жүргізіліп жатады.

Терминологияның қалыптасуы (*формирование терминологии*) – терминологияның жалпы құрылымы жасалып болған, негізі қаланған кезеңі.

Терминологияның арнайылануы (*специализация терминологии*) – негізі қаланған, қалыптасқан терминологияның ұғымдар жүйесінің талаптарына сәйкестендіріліп, жетілдіру жұмыстарының жүргізілу кезеңі.

Терминологияның кеңеюі (*экстенсивное развитие терминологии*) – арнаулы саланың дамып, ұғымдар жүйесінің толығына байланысты терминологияның құрамына жаңа терминдердің көптеп қосылып, оның қарқынды түрде кеңею кезеңі.

Терминологияның жойылуы (*отмирание терминологии*) – қоғам өмірінде болған елеулі өзгерістер мен ғылымның даму қарқынына байланысты белгілі бір сала терминологиясының немесе бір ғылыми мектеп қалыптастырған терминологиясының қолданыстан шығып қалуы.

Терминология дамуы (*развитие терминологии*) – бүкіл ұлт тіліндегі терминологиялардың жалпы даму сипаты.

Терминологияның толқынды дамуы (*волновое развитие терминологии*) – терминологияның бірде қарқынды, бірде бәсең түрде дамуы.

Терминологияның қарқынды дамуы (*турбулентное развитие терминологии*) – ғылыми-техникалық прогресс кезеңінде, ғылымның белгілі бір салаларының тез дамуына, жаңа салалардың пайда болуына байланысты терминологияның қарқынды түрде дамуы.

Терминологияның қалыпты дамуы (*ламинарное развитие терминологии*) – терминологияның бірқалыпты дамуы.

Терминологияның тарихи сипаты – оның жасын, жасалу тәсілдерін, байырғылығын, жасалу үлгілерін, тұйықтығын, тұрақтылығын көрсету арқылы анықталады.

Терминологияның жасы (*возраст терминологии*) – белгілі бір саланың бөлініп шығу кезіне сәйкес мағынаны арнайыландыру арқылы

жасалған терминдердің пайда болуының орташа уақытымен өлшенетін мерзім.

Терминологияның шығу тегі (*происхождение терминологии*) – шығу тегіне қарай терминология құрамының анықталуы.

Терминжасамның түрлі тәсілдері арқылы (лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік) жасалған терминдердің ара-салмағын нақтылауды да терминологияның шығу тегін анықтау деп түсіндіретін ғалымдар бар. Терминологияны құраушы терминдердің ұлт тілдеріне қатысы тұрғысынан қарасақ та, терминжасам тәсілдері тұрғысынан қарасақ та бұл белгілі бір саланың терминжасам үрдісін, дәстүрін анықтап, сол саланың терминологиясын одан әрі жетілдіру үшін қажет жұмыс.

Терминологияның байырғылығы (*исконность терминологии*) – белгілі бір терминологияның құрамындағы байырғы терминдер мен өзге тілдерден енген терминдердің ара-салмағын анықтау арқылы айқындалатын сипаты.

Терминологияның бұл сипатын анықтау – сол сала терминологиясының қалыптасуына өзге ұлттар тілдерінің әсерін және ғылыми-техникалық қарым-қатынастың бағытын анықтау үшін қажет.

Терминологияның құрылу үлгілері (*модель образования терминологии*) – бұл терминологияның тиісті білім саласының құрылу, қалыптасу үлгісіне сәйкес келетін сипаты.

Ғылымтануда білімнің жаңа салалары үш негізгі үлгі бойынша қалыптасатындығы анықталған. Олар:

1. белгілі бір арнаулы саланы бөлшектеу және одан жаңа саланың тармақталып бөлініп шығуы (хирургия – абдоминальді хирургия, торакальді хирургия немесе гигиена-коммуналдық гигиена т.б.)

2. екі ғылым саласының тоғысуы (биохимия, биофизика, математикалық логика т.б.)

3. кешенді ғылымдар мен бірнеше ғылымдардың өзара байланысы негізінде қалыптасатын ғылымдар (ғылымтану, экология, информатика т.б.)

Терминология тұйықтығы (*замкнутость терминологии*) – бір тілдегі терминологиялардың бір-бірінен терминалмасуын, сол саланың өз

терминдері мен өзге саланың терминдерінің ара-салмағын анықтау арқылы көрініс бергін сипаты.

Бұл осы арнаулы салаға іргелес немесе басқа салалардың терминдерінің қаншалықты дәрежеде енгендігін және терминологияның туыстығын айқындау үшін маңызды.

Терминология толықтығы (*полнота терминологии*) – терминология құрамында жетімсіздіктің, бос кеңістіктің болмауы. **Терминология туыстығы** (*родство терминологии*) – бұл терминологияның туыстығы бір арнаулы сала лексикасынан бөлініп шыққан (*генетикалық*) және әр түрлі арнаулы сала лексикаларының шығу тегінің бірдей немесе ұқсас болу (*типологиялық*) сипаты.

Терминология тұрақтылығы (*устойчивость терминологии*) – терминологияның белгілі бір уақыт аралығында негізгі бөлігі мен құрылымын сақтап тұруы.

Жоғарыда терминологияның тарихи сипатын білдіретін ұғымдар аталып көрсетілді. Ал терминологияның формалды сипатын көрсететін ұғымдар мыналар:

Терминология мөлшері (*размер терминологии*) – терминологияның құрамына кіретін терминдер санымен айқындалатын сипаты.

Құрамына 100 терминге дейін кіретін болса оны – **микротерминология**, 100-ден 1000-ға дейін термин болса – **мезотерминология**, 1000-нан астам термин болса – **макротерминология**, ал 10 000 терминнен асса **мегатерминология** деп атайды.

Терминологиядағы терминдердің орташа ұзындығы (*средняя длина терминов терминологии*) – нақты бір терминологиядағы терминдерді құрайтын сөздердің орташа санымен (лексикалық өлшем) немесе терминдерді құрайтын таңба санымен (таңбалық өлшем) өлшенетін сипаты.

Терминологияның құрылымдық құрамы (*структурный состав терминологии*) – терминдердің түрі мен құрылымдық типтерінің арақатынасы арқылы көрінетін сипаты.

Терминология уәжділігі (*мотивированность терминологии*) – әр түрлі типтегі уәжі белгілі терминдердің жалпы пропорциясы мен арақатынасын анықтау арқылы көрінетін сипаты (Гринев, 1993).

Терминологияның заманауилығы (*современность терминологии*) – ғылым мен техниканың қазіргі даму деңгейінің тиісті сала терминологиясынан көрініс табуы.

Терминологияның халықаралықтығы (*интернациональность терминологии*) – терминологиялық жүйенің халықаралық сипатының дәрежесі.

Терминологияны халықаралықтандыру (*интернационализация терминологии*) – терминологияның халықаралық сипатын арттыруды көздей отырып, мақсатты жұмыстар жүргізу үдерісі.

Терминологияға қойылатын талаптар (*требования к терминологии*) – терминологияға қойылатын талаптар жиынтығы.

Терминология кемшіліктері (*недостатки терминологии*) – терминологияға қойылатын талаптардың орындалмауын анықтау арқылы көрсетілетін кемшіліктер.

Терминология жүйелілігі (*системность терминологии*) – терминологияның арнаулы саланың өзіндік ерекшелігін дәл бейнелеп көрсетуі.

Терминологияның логикалық жүйелілігі (*логическая системность терминологии*) – тектік-түрлік және ұқсастық (ассоциативтік) қатынастардың терминологиядан көрініс табуы.

Терминологияның тілдік жүйелілігі (*лингвистическая системность терминологии*) – ұғымдар арасындағы байланыстардың тілдік формадан көрініс табуы. Терминологияның бұл сипатын «**терминологияның сыртқы жүйелілігі**» (*внешняя системность терминологии*) деп атап жүрген де ғалымдар бар.

Терминология жалқы есімділігі (*эпонимичность терминологии*) – терминологиядағы жалқы есімдерден жасалған терминдердің үлес-салмағы, басымдылығы.

Терминологияның ұғымдық сәйкестігі (*понятийная изоморфность терминологии*) – арнаулы сала терминдерінің сол саланың ұғымдар жүйесіне сәйкес келу дәрежесі.

Терминологияның ұғымдар жүйесіне сәйкестігін анықтау кезінде омонимділік пен көпмағыналықтың және терминдердің синонимділігінің үлесіне де болжам жасалады.

Терминология көпсатылылығы (*иерархичность или многоуровневость терминологии*) – терминологияның бір-біріне бағынышты іштей шағын жүйелерден тұруы.

Ғылыми терминология (*научная терминология*) – жалпы ғылыми терминология, әр түрлі пән терминологиялары (математика, химия, тіл білімі т.б.) және сол пәндердің ішкі тармақтары (тригонометрия, фонетика т.б.) құрайтын тар салалардың терминологиялары кіретін терминология.

Техникалық терминология (*техническая терминология*) – жалпы техника терминологиясын, салалық терминологияларды, тарсалалық терминологияларды, тармамандық терминологияларын қамтитын терминология.

Әуесқой терминология (*любительская терминология*) – спорт, аңшылық, радиоәуесқойлық, филателия және т.б. терминологиялар.

Ғылыми-техникалық терминология (*научно-техническая терминология*) – ғылыми және техникалық терминологияларды қоса қамтып алғандағы терминдер жиынтығы.

Жалпы ғылыми терминология (*общенаучная терминология*) – жалпы ғылыми ұғымдарды білдіріп, көптеген ғылым салаларында қолданылатын терминдер жиынтығы.

Ғылымаралық терминология (*межнаучная терминология*) – іргелес ғылымдарға бірдей қатысы бар немесе оларға ортақ ұғымдарды білдіретін терминдер жиынтығы.

Пән терминологиясы (*предметная терминология*) – белгілі бір пәнді қамтамасыз ететін сол саланың өзіне тән терминдер жүйесі.

Дәл ғылымдар терминологиясы (*терминология точных наук*) – математика, физика, химия сияқты ғылым салаларының терминдер жиынтығы.

Гуманитарлық ғылымдар терминологиясы (*терминология гуманитарных наук*) – барлық гуманитарлық ғылымдар терминдерінің жиынтығы. Мысалы, тіл, әдебиет, тарих, әлеуметтану, құқықтану т.б. салалардың терминдері.

Салааралық терминология (*межотраслевая терминология*) – бір-бірімен іргелес салаларға бірдей қызмет ететін терминдер жиынтығы.

Салалық терминология (*отраслевая терминология*). Ғылым мен техниканың, өндіріс пен өнердің сан түрлі салалары болатындығы белгілі. Адам қызметінің алуан түрлі сондай арнаулы салаларындағы деректі және дерексіз ұғымдардың атаулары мындап саналады. Сондай белгілі бір арнаулы сала атауларының жиынтығын – *салалық терминология* деп атайды. Мұндай терминдер жиынтығын *география терминологиясы, физика терминологиясы, математика терминологиясы, музыка терминологиясы* деп өз саласының атымен қосып нақтылап та атай береді. Бұл салалардың атауларын негізінен осы салалардың мамандары жасайды. Олар сол салаларды зерттеуші ғалымдар немесе практик мамандар болуы мүмкін. Біздегі ғылыми әдебиеттерде оларды көбінесе *салалық мамандар* деп атау дәстүрі бар.

Тарсалалық терминология (*узкоотраслевая терминология*) – ғылым мен техниканың немесе өзге де арнаулы салалардың бір тармағы болып табылатын ауқымы шектеулі тар сала терминологиясы.

Сондай-ақ белгілейтін саласының сипатына қарай терминологиялар – **жалпытехникалық терминология** (*общетехническая терминология*), **тарпәндік терминология** (*узкопредметная терминология*), **тарсалалық терминология** (*узкоотраслевая терминология*), **тармамандық терминология** (*узкоспециальная терминология*) деп жіктеледі.

Терминжүйе (*терминосистема*) – әліпби бойынша емес, белгілі бір ғылымның ұғымдарын классификациялау (сыныптастыру) бойынша реттелген терминдердің жиынтығы.

Тұлғалық терминжүйе (*личностная терминосистема*) – ғылым мен техниканың белгілі бір саласының дамуына айрықша үлес қосқан ірі ғалымдар жасаған, солардың есімдерімен байланысты терминдер жүйесі.

Мұндай терминдер жүйесін сол ғалымдардың ізін жалғастырушы ғылыми бағыттардың, ағымдар мен ғылыми мектептердің өкілдері мен сол бағыттағы, олардың көзқарасын қолдайтын ғалымдар көбірек қолданады. Мұндағы «терминжүйе» терминінің орнына «терминология» термині де қатар қолданылып жүр (Б.Н. Головин). Мысалы, «Д. Менделеев терминологиясы», «И. Павлов терминологиясы», «Н. Марр терминологиясы», «В. Виноградов терминологиясы» т.б.

Қазақ тіл білімінде бұл термин әзірге қолданылмаған. Бір өзі жүздеген терминдер жасаған ірі ғалым есімімен «А. Байтұрсынұлы терминологиясы» деген терминді пайдаланып, үлкен ғылыми мектеп қалыптастырған аса көрнекті ғалымдар жасаған терминжүйелерді зерттеудің ғылым тарихы үшін де, терминология үшін де маңызы зор.

Теория терминжүйесі (*теория терминосистемы*) – белгілі бір ғылыми теорияның терминологиялық жүйесі.

Қандай да бір теорияны қолдайтын терминологиялық мектептің қолданатын терминологиялық жүйесі болғандықтан оны В. Лейчик «мектеп терминжүйесі» (*терминосистема школы*) деп те атаған.

Көптілді терминжүйе (*полилингвистическая терминосистема*) – бірнеше тілдің терминдерін калькалау немесе қабылдау арқылы қалыптасқан терминжүйе.

Терминологиялық шағынжүйе (*терминологическая подсистема*) – терминологиялық жүйенің шағын жүйе құрайтын бір бөлігі.

Терминжүйе дәлдігі (*точность терминосистемы*) – терминологиядағы көп мағыналы және синоним терминдердің болмауы, ұғымдар жүйесін дәл бейнелеп беруі.

Терминологиялық мәліметтер қоры (*терминологический банк данных ТБД*) – белгілі бір ақпараттық салаларға қызмет ететін, салалық тілдің үнемі дамып, жетілдіріліп, толықтырылып отыратын түгендеу (*инвентаризация*) жүйесі. *Терминологиялық мәліметтер қоры* – әртүрлі автоматтандырылған жүйелер мен ақпараттық технологияларды лингвистикалық тұрғыдан қамтамасыз ету орталығы деп саналады.

Терминжүйелер тез дамып, толығып отырған қазіргі кезеңде оларда болып жатқан өзгерістерді уақытында тіркеп, тиісті жаңалықтарды тұтынушыларға жеткізіп отыруға дәстүрлі терминологиялық сөздіктердің мүмкіндіктері жете бермейді. Сөздіктердің әр басылымының арасында жылдар өтіп жатады. Сондықтан да ол жұмыстарды машина арқылы жүзеге асыруды *терминологиялық мәліметтер қоры* түрінде түзуді уақыттың өзі алға шығарды.

Терминологиялық мәліметтер қорында көп аспектілі бастапқы терминологиялық ақпараттар сақталады. Ол мәліметтер түрлі лингвис-

тикалық және бағдарламалық құралдар арқылы жеке тұтыну-шының сұранысына орай әр алуан сөздіктерге айнала алады.

Терминологиялық мәліметтер қоры нормативтік және түгендеу қызметтерін атқарады. Мысалы, **Норма-терм** (Франция), **ТЕРМ** (Батыс Берлин) нормативтік қызмет атқаруға бағытталған. Мәліметтер қорының басым көпшілігі түгендеу қызметін атқарады. Қазір әлемде бірнеше жүз терминнен бастап миллиондаған терминдерге дейін қамтитын ондаған *терминологиялық мәліметтер қоры* бар. Олар мынадай қызметтерді атқаруға бағытталған:

- технологиялар мен өнімдерге стандарттар жасаушыларға, оқулық және анықтамалық әдебиеттер жазушыларға, арнаулы сөздіктер түзушілерге, ғылыми-техникалық әдебиеттерді редакциялаушы әр түрлі сала мамандарына ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсетуге;

- ғылыми-техникалық әдебиеттерді дәстүрлі жолмен аударуды жеңілдетуге;

- мәтінді өңдеудің автоматтандырылған жүйесін (бірінші кезекте – машинамен аудару жүйесін) қамтамасыз етуге;

- ақпараттың автоматтандырылған жүйесін лингвистикалық тұрғыдан қамтамасыз етуге;

- терминологиялық жұмыстарды (терминологияны біріздендіру мен стандарттауға, терминологиялық сөздіктерді, сөзтізбелерді, көрсеткіштерді дайындау мен бастыруды автоматтандыру) қамтамасыз етуге;

- терминтанушылық және лингвистикалық зерттеулерді қажетті мәліметтермен қамтамасыз етуге.

Салалық тіл (*подъязык*) – барынша кәсіпке бағыттандырылғандығымен көрініс беретін, тілдің өмір сүруінің айрықша түрі. Әрбір салалық тіл адам қызметінің белгілі бір саласына қызмет етеді.

III. 1. Терминологиялық жұмыстар

Терминологиялық жұмыстар (*терминологические работы*) – терминологияны жасау, қалыптастыру, жүйелеу мен жетілдіру мақсатында

атқарылатын жұмыстар түрі. Олар стандарттау, біріздендіру, реттеу, түгендеу, нормалау, сараптау, жүйелеу, талдау және басқа да төменде көрсетілген жұмыс түрлері.

Терминологиялық жұмыстарды жоспарлау (*планирование терминологических работ*) – терминологиялық жұмыстарды дұрыс ұйымдастырып, тиімді де жүйелі түрде жүргізу үшін олардың атқарылуын алдын ала белгілеу, жоспарлау әрекеті.

Реттеу (*упорядочение*) – терминдердің белгілейтін ұғымдарына мүмкіндігінше толық сәйкес келуін іздеуге бағытталған мамандардың бірлескен жұмысы.

Стандарттау (*стандартизация*) – әр ұғым үшін бір ғана терминді таңдап, оны арнайы құжаттарда бекіту. Бұл терминмен қатар кейде *кодификация* атауы да синоним ретінде қолданылады.

Біріздендіру (*унификация*) – әр түрлі ұлттық тілдердегі терминдермен аталатын ғылыми және техникалық ұғымдардың сәйкес келуі.

Терминологияны біріздендіру бірнеше сатыдан тұратын ауқымды да күрделі жұмыс. Тілші-терминолог ғалымдар терминологияны біріздендірудің бес сатысын атап көрсетіп жүр. Бірінші – *белгілі бір тар мамандықтың шеңберінде біріздендіру*; екінші – *сала шеңберіндегі біріздендіру*; үшінші – *нақты бір ұлт тілінің шеңберіндегі біріздендіру*; төртінші – *туыстас тілдер шеңберіндегі біріздендіру*; бесінші – *тіларалық, ұлтаралық біріздендіру*; алтыншы – *халықаралық, бүкіл ортақ терминдері бар тілдер арасындағы біріздендіру*.

Тіларалық біріздендіру жұмыстарын жүргізуде КСРО халықтарының ортақ тілі орыс тілін үлгі етіп алу ұсынылды. Мәскеудегі КНТТ (Комитет научно-технической терминологии) Одақ көлеміндегі терминологиялық жұмыстарды үйлестіріп отырған басты мемлекеттік орган әрі ғылыми мекеме ретінде кеңес халқына ортақ терминологиялық қордың (*общесоветский терминологический фонд*) орыс тілі негізінде қалыптасуына үлкен ықпал етті.

Халықаралық біріздендірудің түпкі мақсаты – екі немесе одан да көп тілдердің терминологиялық жүйесінің ортақтығы артып, жақындай түсуін көздейді. Сол себепті де кезінде бұл терминді А.В. Крыжанов-

ская “терминологиялық интеграция” деп атауды ұсынған болатын. Алайда ғалымның бұл ұсынысы жаппай қолдау тауып кете алған жоқ. Ғылыми-техникалық әдебиеттерде бұрынғысынша көбінесе екі тілге қатысты *тіларалық біріздендіру*, екі немесе бірнеше тілге қатысты әңгіме қозғалғанда *халықаралық біріздендіру* термині қолданып келді.

КСРО халықтарының тілдерінде негізінен реттеу, стандарттау, біріздендіру сияқты терминологиялық жұмыстар түрлері жүргізіліп келсе, соңғы жылдары терминологиялық жұмыстардың өзге де түрлері айқындалып отыр.

Терминдерді түгендеу (*инвентаризация терминов*) – белгілі бір саланың, пәннің барлық немесе оның бір тармағының терминдерін жинау және сипаттау.

Ұғымдарды жүйелеу (*систематизация понятий*) – сала ұғымдарын категориялары бойынша жүйелеу және ұғымдардың классификациялық схемасын жасау. Яғни, белгілі бір арнаулы саланың (білім, ғылым, техника) құрылымына сәйкес оның ұғымдарын орналастыру.

Терминологияны талдау (*анализ терминологии*) – терминологияның кемшіліктерін анықтау мақсатымен жүргізілетін талдау, сараптау жұмысы. Бұл жұмыс – *семантикалық талдау, функционалдық талдау, диахронды талдау* деп аталатын үш сатыдан тұрады.

Терминдерді нормаландыру (*нормализация терминов*) – мамандардың тілдік қолданысындағы терминдердің ішінен мейлінше қолайлы әрі дәл нұсқаларды, терминдерді қолдану мен жасау ережелерін таңдау және соларға басымдық бере отырып, бекіту. Терминологиялық норма жалпытілдік нормаға негізделеді, алайда оған сәйкес келмейтін жағдайлар да болады.

Терминологияны қалыптандырудың екі жағы бар. Біріншісі – терминдердің мазмұнын реттеуді көздейтін біріздендіру де, екіншісі – тұлғасы жағынан тиімді терминді таңдап алуды мақсат ететін оңтайландыру.

Терминологиялық сараптама (*терминологическая экспертиза*) – құжаттардағы қолдануға ұсынылмаған терминдер нормаланған терминдермен алмастырылады және құжаттағы барлық терминдердің жалпыға



бірдей талаптарға сай келуіне баға беріліп, оларды жетілдіруге арналған ұсыныстар беріледі.

Терминологиялық аударма (*терминологический перевод*) – шет тілдері терминдерінің ұлт тіліндегі терминдерге сәйкестігі анықталады да, ұлт тілінде тиісті баламасы жоқ терминдер болса, соларға сәйкесетін жаңа терминдер жасалады.

Жаңа терминдер мен аударма сөздіктерге енбеген терминдерді аударуға қажетті деңгейдегі білім мен машық керек болады. Сондықтан да терминологиялық аударма кезінде жаңа терминдерді жиі жасауға тура келеді.

Терминологиялық редакциялау (*терминологическое редактирование*) – белгілі бір арнаулы саладағы жеке авторлардың жасаған терминдері мен жалпыға бірдей терминдерді сәйкестендіру, яғни авторлық қолданыстағы терминдерді алмастыру немесе түсіндіру арқылы жүзеге асыру жұмысы.

Бұл жұмыс әр түрлі арнаулы салалар бойынша шығарылатын ғылыми, оқулық, оқу-әдістемелік әдебиеттерді редакциялау кезінде жүзеге асады. Бізде бұл істі ғылыми әдебиеттер мен терминологиялық сөздіктерді басатын баспаларда, салалық заңдар мен түрлі нормативтік құқықтық құжаттарды дайындайтын, оларды сараптаудан өткізетін мемлекеттік органдарда қызмет істейтін мамандар, редакторлар атқарып келеді.

Терминологиялық оқыту (*терминологическое обучение*) – арнаулы ұғымдар жүйесін жақсы түсініп, олардың оқытылатын пән саласындағы орнын білу арқылы алдағы оқу барысында берілетін материалдарды меңгеру «Мамандыққа кіріспе» пәнінің құрамында терминдер жүйесімен таныстыратын терминологиялық қызметтің жаңа саласы.

Терминжүйені қалыптандыру (*кодификация терминосистем*) – жасалған терминжүйені нормативтік сөздік түрінде рәсімдеу.

Терминжүйенің ерекшеліктеріне байланысты қалыптандыру терминдер мен олардың анықтамаларының стандарты түрінде немесе ұсынылған терминдер жинағы ретіндегі ұсыныстар түрінде де болуы мүмкін.

Терминологияны стандарттау (*стандартизация терминологии*) – құжаттарда міндетті түрде қолданылуы тиіс терминдер мен олардың анықтамаларын стандарт ретінде бекіту. Стандарттау халықаралық деңгейде, тіларалық немесе тілшілік деңгейде жүргізілуі мүмкін.

Терминологияны ұсыну (мақұлдау) (*рекомендация терминологии*) – шектен тыс нормалау (стандарт түрінде бекітіп тастау) шығармашылық ойлау мен термин шығармашылығын шектеуге апаратын жағдайда терминге қойылатын талаптарды қанағаттандыратын, мейлінше дұрыс жасалған терминдерді қолдануға ұсыну. Оның нәтижесі ұсынылған терминдер жинағы ретінде жарияланады.

Қазақстанда терминологияны қалыптандыру жұмыстары негізінен ұсыныс түрінде жүзеге асады. Салалық мамандар мен тілшілердің сараптамасынан өткізілген терминдер Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы арқылы бекітіліп, көпшілікке ұсынылады. Олар бекітілген терминдер жинағы ретінде жарияланып жүр. Бірақ олардың мүлтіксіз қолданылуы стандарт сияқты қатаң талап етілмейді.

Терминологияны үндестіру (*гармонизация терминологии*) – екі немесе одан да көп тілдердің терминологиясын салыстыру, яғни тіларалық реттеу жұмысы.

Терминологияны үйлестіру (*координация терминологий*) – жалпы терминдер жүйесі шеңберіндегі жекелеген терминологияларды үйлестіру.

Терминжүйені құрастыру (*конструирование терминосистем*) – білім-ғылымның жаңа саласының терминжүйесін құрау.

Терминжүйені жобалау (*проектирование терминосистем*) – белгілі бір терминжасам үлгісі бойынша терминжүйе жасаумен қатар, терминжүйенің одан әрі дамуы да қарастырылып, сол ұғымдар жүйесінің дамуына байланысты жаңа терминдер жасаудың ережелері белгіленеді.

Ұйымдық терминологиялық жұмыстар (*организационная терминологическая работа*) – терминологиялық органдарды құрып, ұйымдастырудан бастап, олардың қызметін жоспарлау мен үйлестіру

және терминтанушылар мен терминшілерді даярлау жұмыстарының жиынтығы.

Терминологиялық бақылау (*терминологический контроль*) – әр түрлі мәтіндерде қолданылатын терминдердің өздері белгілейтін ұғымдарға барабар келуін, сол ұғымдарды дәл білдіруін тексеру.

Термин таңдау (*выбор термина*) – мамандар тарапынан ұсынылып жүрген терминдердің арасынан терминге қойылатын талаптарға мейлінше сай келетін нұсқаны сұрыптап, таңдап алу үдерісі.

III. 2. Терминологиялық әдебиеттер

Терминологиялық анықтамалық (*терминологический справочник*) – терминдердің мағыналары түсіндіріліп, шығу тегі көрсетілетін басылым түрі.

Терминологиялық басылымдар (*терминологические издания*) – терминология мәселелеріне арналған журналдар, бюллетендер, жинақтар терминологиялық басылымдарды құрайды.

Терминтанушылық жарияланымдар (*терминоведческие публикации*) – терминология мәселелерін зерттеуге арналған ғылыми еңбектер (монографиялар), ғылыми мақалалар, рецензиялар.

Терминологиялық құралдар (*терминологические пособия*) – терминология мәселелерін оқытуға, өз бетімен оқып білуге арналған ғылыми, әдістемелік құралдар. Бұл құралдар белгілі қауымға (мысалы, мектеп оқушыларына, студенттерге, ғалымдарға) аралуы да, түрлі сала мамандарына аралуы да мүмкін.

Терминологиялық сөздік (*терминологический словарь*) – әр түрлі арнаулы сала ұғымдарының атаулары терминдерді қамтып, олардың мағыналарын түсіндіретін, жүйелік байланысын, аудармаларын, қолданылу ерекшеліктерін т.б. сипаттарын көрсететін сөздік түрі. (Қараңыз: осы құралдың соңында терминологиялық сөздіктер тізімі берілген).

Терминологиялық сөздіктер түрлі мақсаттарды (ареальная ориентация, временная ориентация, метадialectная ориентация) көздей отырып,

түрлі тілді тұтынушыға (языковая ориентация) немесе мамандық иесіне (предметная ориентация) арналып жасалуы мүмкін. Терминологиялық сөздіктер әр түрлі типтегі болуы мүмкін. Мысалы, түсіндірмелі, аударма, ақпараттық, этимологиялық, энциклопедиялық т.б. олардың негізгілері мыналар:

Әліпбилік терминологиялық сөздік (*алфавитный терминологический словарь*) – сөздікте қамтылған терминдер әліпби тәртібімен берілетін терминологиялық сөздік.

Әліпбилік-ұялық терминологиялық сөздік (*алфавитно-гнездовой терминологический словарь*) – сөздікке енгізілген терминдер әліпбилік-ұялық тәртіппен берілетін терминологиялық сөздік.

Түсіндірмелі терминологиялық сөздік (*толковый терминологический словарь*) – терминдердің мағыналары түсіндірілетін терминологиялық сөздік түрі.

Энциклопедиялық терминологиялық сөздік (*энциклопедический терминологический словарь*) – сала терминологиясы жөнінде толық та жан-жақты мәлімет беретін терминологиялық сөздік.

Нормативтік терминологиялық сөздік (*нормативный терминологический словарь*) – нормаланған терминдер қамтылатын терминологиялық сөздік.

Этимологиялық терминологиялық сөздік (*этимологический терминологический словарь*) – термин сөздердің шығу төркінін, қай тілге қатысын, қандай мағыналық-құрылымдық өзгерістерге ұшырағандығын көрсететін терминологиялық сөздік түрі.

Түгендеуші терминологиялық сөздік (*инвентаризационный терминологический словарь*) – сала терминдерін түгел қамтуды мақсат ететін терминологиялық сөздік.

Тарихи терминологиялық сөздік (*исторический терминологический словарь*) – терминологияның даму тарихын хронологиялық тұрғыдан көрсететін терминологиялық сөздік.

Жаңа терминдер сөздігі (*словарь новых терминов*) – жаңа қолданысқа енгізілген терминдерді қамтитын сөздік.



Түсіндірмелі-аударма терминологиялық сөздік (*толково-переводной терминологический словарь*) – терминдердің мағынасын түсіндіретін әрі аудармасы қоса берілетін сөздік түрі.

Аударма терминологиялық сөздік (*переводной терминологический словарь*) – терминдердің аудармалары берілетін терминологиялық сөздік түрі.

Оқулық терминологиялық сөздік (*учебный терминологический словарь*) – оқу процесіне арналған терминдер сөздігі. Сөздік мектеп оқушыларына немесе жоғары оқу орындарының студенттеріне арналуы мүмкін.

Біртілді терминологиялық сөздік (*одноязычный терминологический словарь*) – терминдердің бір ғана тілдегі нұсқасы берілетін терминологиялық сөздік түрі.

Екітілді терминологиялық сөздік (*двухязычный терминологический словарь*) – терминдердің екі тілдегі сәйкес нұсқасы берілетін терминологиялық сөздік түрі.

Бізде терминологиялық сөздіктің осы түрі кең тараған. Бұл ұзақ жылдар бойы ғылым мен техниканың көптеген салаларында орыс тілінің үстемдік етіп келуімен, негізінен терминдердің орыс тілі арқылы немесе орыс тілінен тікелей аударылып алынуымен байланысты қалыптасқан жағдай.

Көптілді терминологиялық сөздік (*многоязычный терминологический словарь*) – терминдердің бірнеше тілдегі сәйкес нұсқасы қатар берілетін терминологиялық сөздік түрі. Мысалы, *ағылшынша-қазақша-орысша* немесе *орысша-қазақша-немісше* т.б. терминдер сөздігі.

Бейнелі терминологиялық сөздік (*иллюстративный терминологический словарь*) – ұғымның анықтамасын толықтырып, арнаулы ұғым жөнінде жан-жақты немесе қосымша мәлімет беру мақсатымен көрнекілік әдіс пайдаланылып, сурет, сызба, фото сияқты түрлі бейнелер беріліп отыратын терминологиялық сөздік түрі.

Бұл сөздік түрін абстракті ұғымдары көп ғылым салаларынан (философия, психология, әдебиеттану т.б.) гөрі заттық ұғымдары басым болатын техника, механика, радиотехника тәрізді салалар бойынша жасаған тиімді.

«Иллюстрация» – «айқындау, ашып түсіндіру» деген мағынаны білдірген [illustratio < illustrare] латын сөзі.

Жалпы ғылыми атаулар сөздігі (*словарь общенаучной лексики*) – жалпы ғылыми атауларды қамтитын терминологиялық сөздік.

Көпсалалық терминологиялық сөздік (*политехнический терминологический словарь*) – бірнеше арнаулы саланың терминдерін қамтитын терминологиялық сөздік. Бұл сөздік түрін «энциклопедиялық сөздік» деп атап жүрген ғалымдар да бар.

Салааралық терминологиялық сөздік (*межотраслевой терминологический словарь*) – салааралық терминологияны қамтитын терминологиялық сөздік.

Салалық терминологиялық сөздік (*отраслевой терминологический словарь*) – белгілі бір арнаулы саланың терминдерін қамтитын сөздік. Бұл сөздікті «салалық сөздік» деп те атайды.

Терминдердің жиілік сөздігі (*частотный терминологический словарь*) – пайдаланылу жиілігіне қарай орналасқан терминдер тізімінен тұратын терминологиялық сөздік түрі.

Терминбөлшектер сөздігі (*словарь термиоэлементов*) – терминбөлшектерді қамтитын терминологиялық сөздік. Терминбөлшектердің мағынасы, шығу тегі көрсетіледі.

Қысқартылған терминдер сөздігі (*словарь терминологических сокращений*) – терминдердің қысқартылған нұсқаларын қамтитын терминологиялық сөздік.

Толық терминологиялық сөздік (*полный терминологический словарь*) – бір саланың терминдерін толық қамтитын терминологиялық сөздік.

Бұл сөздік түрін «үлкен терминологиялық сөздік» деп атау да кездеседі. (Мысалы: С. Тоқсанбай. Толық экономикалық орысша-қазақша сөздік. А., 1999. – 816 бет.)

Орташа терминологиялық сөздік (*средний терминологический словарь*) – көлемі орташа, сала ұғымдарының барлығын қамтуды мақсат етпейтін терминологиялық сөздік.

Қысқаша терминологиялық сөздік (*краткий терминологический словарь*) – көлемі шағын, арнаулы саланың негізгі терминдерін қамтитын сөздік. Мұндай сөздіктерді кейде «Шағын терминологиялық сөздік» (*малый терминологический словарь*) деп те атайды.

Стандартты терминдер сөздігі (*словарь стандартных терминов*) – стандарттарға негізделіп түзілген терминдер сөздігі.

Арнаулы сөздік қызметі (*функция специального словаря*) – арнаулы сөздіктің (терминологиялық сөздік) негізгі міндеттері, атқаратын қызметі.

Арнаулы сөздіктер салаға қатысты **терминдерді түгендеу** (*инвентаризационная функция*), **нормалау** (*нормативная функция*), **анықтамалық** (*справочная функция*) қызметтерді атқарады.

Терминдердің берілуі (*подача/расположение терминов*) – терминологиялық сөздіктердегі терминдердің берілу тәртібі, реті.

Мысалы, арнаулы сөздіктерде терминдерді берудің мынадай түрлерін атауға болады: **Терминдерді берудің алфавиттік тәртібі** (*алфавитный порядок расположения терминов*), **терминдерді берудің жүйелік тәртібі** (*систематический порядок расположения терминов*), **терминологиялық сөз тіркестерін беру** (*подача терминологических словосочетаний*), **көпмағыналы терминдерді беру** (*подача многозначных терминов*).

III. 3. Терминологиялық құжаттар

Терминологиялық стандарт (*терминологический стандарт*) – стандарттау құқығы берілген мемлекеттік орган ресми бекітіп, белгілі бір мерзім аралығында ұсынылған қалпында өзгеріссіз қолданылуы міндетті саналатын терминологиялық құжат.

Ұлттық терминологиялық стандарт (*Национальный терминологический стандарт*) – бір ел көлемінде жаппай қолданылуы міндетті болып саналатын терминологиялық стандарт.

Мемлекеттік терминологиялық стандарт (*Государственный терминологический стандарт*) – Өкілеттілігі бар Мемлекеттік стандарттау органы ресми бекіткен, сол мемлекет көлемінде біркелкі қолданылуға

тиісті терминологиялық стандарт түрі. Әдетте терминологиялық стандарттардың қолданылу мерзімі (3-5 жыл) көрсетіледі.

Салалық терминологиялық стандарт (*отраслевой терминологический стандарт*) – белгілі бір арнаулы сала көлемінде бірізді қолданылуға тиіс терминдер қамтылып, сол сала мамандарына ұсынылатын стандарт.

Республикалық терминологиялық стандарт (*Республиканский терминологический стандарт*) – республика көлемінде қолданылу құқығы берілген стандарт.

Халықаралық терминологиялық стандарт (*Международный терминологический стандарт*) – халықаралық стандарттау ұйымы ресми бекіткен, әлем халықтарының ғылыми қарым-қатынаста қолданылуы үшін ұсынылатын және терминологияны халықаралықтандыру мақсатында жасалатын терминологиялық стандарт.

Мысалы, ISO бекіткен терминологиялық стандарттар.

Терминология тұжырымдамасы (*концепция терминологии*) – елдегі терминологиялық ахуалға сипаттама беріле отырып, ұлттық терминқорды қалыптастырудың негізгі міндеттері, терминологиялық жұмыстарды жүргізудің бағыттары, нормативтік құқықтық базасы көрсетілетін, терминологиялық жұмыстарды жүргізу кезінде басшылыққа алу үшін дайындалған терминологиялық құжат.

Қазіргі қолданыстағы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік терминологиялық жұмыс тұжырымдамасы» 2004 жылы жарияланған. Бұл тұжырымдама ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 21 сәуірдегі № 444 қаулысымен мақұлданған.

Терминология дамуының қағидаттары (*принципы развития терминологии*) – терминологиялық қорды қалыптастырудағы әлемдік үрдіс пен ұлт тілдерінің ерекшеліктері ескеріле отырып жасалатын, терминологияны дамытуда басшылыққа алынатын негізгі бағыт пен басты қағидаттар көрсетілетін ғылыми негізделген ережелер жиынтығы.



III. 4. Терминологиялық аталым, термин шығармашылығы, терминжасам

Термин шығармашылығы (*терминотворчество*) – терминжасам тәсілдерінің жиынтығы және сол тәсілдердің барлығын шығармашылықпен пайдалана отырып терминдерді жасау процесі.

Терминжасам тәсілдері (*способы терминообразования*) – терминдерді жасау кезінде пайдаланылатын тәсілдер. Ол тәсілдер қатарына *лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік, терминдену, калька* сияқты тәсілдер жатады.

Терминдену (*терминологизация*) – тілдің жалпы лексикасынан немесе арнаулы лексикасынан терминделуші ұғымға сәйкес келетін сөзді тауып, оны сол ұғым қатысты болатын терминологиялық өріске өткізу арқылы аталған ұғымның атауы ретінде оған терминдік мағына жүктеу процесі. Яғни, ұлт тілінде бұрыннан бар сөз дайын қалпында термин ретінде пайдаланылады.

Көптеген терминтанушы ғалымдар терминденуді термин жасаудың лексика-семантикалық тәсілінен өзіндік ерекшеліктері бар дербес тәсіл деп санайды. Сондай-ақ терминденуге терминжасам тәсілі тұрғысынан емес, құбылыс пен процесс тұрғысынан қарайтын да ғалымдар бар.

Терминденгендік (*терминологичность*) – сөз тұлғасының жалпы қолданыстағы лексикадан қол үзгендігі.

Бұл ұғымды «терминдену дәрежесі» деп атайтын ғалымдар да бар.

Кері терминдену (*ретерминологизация*) – бұрын бір арнаулы саладан екінші бір салаға транстерминдену жолымен алмасқан терминнің сол алмасқан саласындағы қалыптасқан мағынасын сақтай отырып, өз терминжүйесіне қайта оралуы.

Транстерминдену (*транстерминологизация*) – терминнің бір терминологиядан екінші терминологияға өтуі. Басқаша айтқанда, жалпы қолданыстағы сөздің емес, терминнің терминденуі.

Терминдену шегі (*порог терминологизации*) – терминденуші терминнің белгілі бір саланың терминжүйесінен орын алуы.

Терминдену дәрежесі (*степень терминологизации*) – терминологиялық өріске енген терминденуші сөздің сол арнаулы саланың термині ретінде қалыптасуының деңгейі.

Терминдену дәрежесі неғұрлым жоғары болған сайын, соғұрлым терминдердің жасалуында шарттылық, жасандылық жоғары болады.

Терминденудің нөлдік дәрежесі (*нулевая степень терминологизации*) – терминденудің мүлде болмауы.

Терминденудің бұл деңгейінде сөз қалыптасқан белгілі терминологиялардың ешқайсынан орын алып, арнаулы лексика қатарына енбей, жалпы қолданыстағы мағынасын сақтап, контекстке тәуелді болады.

Терминденудің бірінші дәрежесі (*первая степень терминологизации*) – арнаулы сала тілінде сөз жалпы қолданыстағы мағынасынан ажыратылмай, жарыспалы нұсқа ретінде қолданылады. Оның терминдік мағынасы айқын белгіленбейді. Белгілейтін ұғымының мазмұны анық белгіленбеген терминнің бір нұсқасы, «тұрмыстық термин» ретінде қолданылуы.

Терминденудің екінші дәрежесі (*вторая степень терминологизации*) – арнаулы қолданыста бекітілген мазмұны бар, жалпы әдеби тілдегіге қарағанда едәуір аражігі ажыраған ұғымдарды білдіріп, тұйықталған жүйе құрайтын атаулар.

Мысалы, «халықтық терминология», теңізшілер тіліндегі жел атаулары, өсімдіктер мен балық атаулары және басқа да атаулар осы қатарға жатады.

Терминденудің үшінші дәрежесі (*третья степень терминологизации*) – сөздің белгілі бір арнаулы ұғымға бекітіліп, ресми қабылданған, қалыптанған (кодифицированный) таңба ретінде арнаулы, оқулық және анықтамалық әдебиеттерде біркелкі қолданылатын деңгейі.

Терминдену негізі (*основание терминологизации/терминирования*) – терминнің туындауына негіз болған белгілер.

Сөздердің терминденуіне ұғымдардың көбінесе пішін ұқсастығы мен қызмет ұқсастығы негіз болады.

Терминделуші ұғым (*терминируемое понятие*) – белгілі бір терминмен белгіленетін ұғым немесе зат.

Бұл терминнің «терминделуші зат» деген нұсқасы да кездеседі. Д.С. Лотте кезінде «терминоноситель» терминін қолданған. Кейінгі зерттеушілердің еңбектерінде бұл термин өте сирек қолданылды, тіпті қолданылмады десе де болады. Оның орнын жоғарыда көрсетілген нұсқасы алмастырды.

Бейтерминдену (*детерминологизация*) – белгілі бір терминологиялық жүйедегі терминнің жалпы қолданысқа көшу процесі.

Бейтерминдену екі сағыдан тұрады. Біріншісі – терминнің терминологиялық мағынасын сақтаған сөз ретінде жалпы лексикалық өріске енуі де, екіншісі – сол терминнің негізінде жалпы қолданыстағы тұрмыстық сөздің туындауы.

Бейлексикалану (*делексикализация*) – сөздің дербес лексикалық мағынасында қолданылмай терминбөлшек қатарына өтуі.

Терминологиялық аталым (*терминологическая номинация*) – тілдік аталыммен тығыз байланысты болатын ғылым мен техниканың арнаулы ұғымдарына атау беру үдерісі.

Басқаша айтқанда, адам қызметі мен түрлі білім салаларындағы арнаулы ұғымдарды атаудың ойлау арқылы жүзеге асатын үдерісі.

Терминалмасым (*терминозаимствование*) – ұлт тілдері арасындағы бір-бірінен термин алу үдерісі.

Кейбір ғалымдар терминалмасымды терминжасамның тәсілі ретінде қарастырады.

III. 5. Терминологиядағы бағыттар, ағымдар, үрдістер мен қағидааттар

Терминология дамуының үрдістері (*тенденции развития терминологии*) – қоғам дамуының түрлі факторларына байланысты терминология дамуында басымдыққа ие болып, кең қолдау тауып, айқын көрініс беріп отыратын процесс.

Терминологиядағы бұл құбылысты «Терминологиялық үрдістер» (*терминологические тенденции*) және «терминологиялық дәстүрлер» (*терминологические традиции*) деп атаған ғалымдар да бар.

Сондай-ақ «*терминология дамуының заңдылықтары*», «*терминологияның даму заңдары*», «*терминология заңдары*», «*терминология қалыптасуының заңдары*» сияқты атаулар да осы ұғымды білдіру үшін ғалымдар тарапынан әр кезеңде қолданылды.

Терминжасамды дамыту үрдістері (*тенденции развития терминологии*) – терминдерді жасаудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру мақсатын көздей отырып жүргізілетін терминологиялық үрдіс.

Терминдер тұлғасының біркелкілігі үрдісі (*тенденция единообразия форм терминов*) – тектес немесе бір түрге жататын ұғымдарды білдіретін терминдердің тұлғалық біркелкілігіне қол жеткізуді мақсат ететін үрдіс.

Тұтас аталым үрдісі (*тенденция к цельнооформленной номинации*) – екі немесе одан да көп сыңарлы терминдерді тұтас атауға айналдыруды көздейтін үрдіс. Бұл үрдіс сөздерді біріктіруге, кіріктіруге негізделген.

Пуризм (*пуризм*) – латынның *purus* – «таза» деген мағынаны білдіретін сөзінің негізінде француз тілінде *purisme* түрінде қалыптасқан. Бұл термин француз тілінен орыс тіліне, ал орыс тілінен біздің тілімізге өзгеріссіз қабылданған. Әдеби тілді өзге тілдерден енген сөздерден, әр түрлі жаңа түзілімдерден, әдеби тіл құрамына кірмейтін элементтерден (диалектизм, қарапайым сөздер, жаргон, арго т.б.) тазартуға ұмтылушылық.

Кеңестік тіл білімінде *пуризм* негізінен тілдік нормалау кезінде орын алатын шеткерліктің бірі деп түсіндірілді. Бұл үрдістің зияны барынша ұлғайтылып көрсетілді. Термин шығармашылығындағы кез келген кемшілік, сәтсіз жасалған термин пуризмге саналды. Өйткені КСРО тіл саясаты кеңес халқына ортақ жазу, ортақ тіл, ортақ терминологиялық қор қалыптастыруды көздеді. Сондықтан да орыс тілінен өзге ұлттық әдеби тілдің негізінде термин жасау қолдауға ие болмады. Ресейлік, мәскеулік ғалымдармен қатар жергілікті ұлт өкілдерінің арасынан шыққан ортақшылдар да пуризммен аса белсенділікпен күресті. Нәтижесінде пуризмге ұрынып қалмайық деп жүріп, ұлт тіліндегі термин шығармашылығының дағдарысқа ұшырауына жол берілді.

Жалпы пуризм ұлттық әдеби тілдердің қалыптасу кезеңдерінде, сондай-ақ демократиялық қозғалыстардың дамуы, төңкерістер мен соғыс



т.б. қоғам өмірінде болатын елеулі өзгерістер кезінде көрініс беретін құбылыс деп саналады.

Қазір бізде 90-жылдардан бастап қазақ тілінде термин шығармашылығы біршама жандана бастауын тағы да ХХ ғасыр басындағыдай «терминологиядағы пуристік ағым» пайда болды деп дабыл қағушылар да бар. Әрине, термин шығармашылығындағы орын алып жатқан кемшіліктердің, сәтсіз жасалған, дұрыс аударылмаған терминдердің бар екені рас. Оларды түзету, кемшіліктерге жол бермеу орынды. Алайда тағы да пуризммен күресуге шақырудың реті бар деп айту қиын.

Терминологияны ұлттандыру (*национализация терминологии*) – өзге тілдің (тілдердің) ықпалы күшті болған кезеңдерде ұлт тілінің терминдер қорына қабылданған халықаралық, кірме терминдерді төл терминдермен алмастыруға, ұлттың өз тілінде термин жасауға барынша басымдық беретін терминологияны халықаралықтандыруға қарсы бағытталған үрдіс.

Бұл үрдісті қолдаушылардың мақсаты – ұлт тіліндегі термин шығармашылығын дамыту, арнаулы салалардағы терминдердің негізгі бөлігін тілдің иесі болып табылатын халықтың өз тілінде жасау арқылы ғылым тілінің, терминқордың ұлттық сипатын сақтау. Ғылым-білімді ұлт тілінде игеру, салалық тілдер де ұлт тілінің фоно-морфологиялық, грамматикалық заңдылықтарының сақталуы басты назарда болады. Өзге тілдерден термин қабылдауға емес, ұлттың өз тілінде термин жасауға басымдық беріледі.

Бұл көптеген ұлт тілдеріне тән үрдіс. Қазақ терминологиясының даму тарихында ХХ ғасырдың 20-30-жылдары осы үрдіс айқын көрініс берді. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялылары мақсатты түрде осы үрдісті қолдап, оған басымдық берді.

Терминологияны халықаралықтандыру (*интернационализация терминологии*) – әлем халықтары тілдерінде ортақ терминдер қорын қалыптастыру арқылы ғылыми қарым-қатынасты жеңілдету, ғылыми ақпарат алмасуды жақсарту мақсатын көздеушілердің терминологиялық жұмыстарды жүргізу үрдісі. Негізгі мақсат – әлем елдеріне ортақ терминдер қорын молайта түсу. Терминологияны халықаралық деңгейде

біріздендіруге, халықаралық терминологиялық стандарттар жасауға баса көңіл бөлінеді. Кейде *терминологияны халықаралықтандыру үрдісі* деп те аталады. Бұл үрдісті қолдаушы жекелеген ғалымдар да, терминтану мектептері де бар. Бірқатар елдерде терминологияны халықаралықтандыруға көп мән беріледі. Кезінде КСРО-да терминологияны халықаралықтандыруға, кеңес халқына ортақ жалпыкеңестік терминқор қалыптастыруға айрықша көңіл бөлінді. Қазақ терминологиясының даму тарихында 1930-1990 жылдар аралығында халықаралықтандыру үрдісі айрықша басымдыққа ие болды.

Айырмашылықтарды мейлінше азайту қағидаты (*принцип минимальных расхождений*) – түрлі ұлт тілдерінің терминологияларындағы мағыналары мен жазылуы бірдей бірнеше тілге ортақ терминдерді барынша көбейтіп, керісінше, айырмашылықтарды мейлінше азайту мақсатын көздей отырып, белгіленген қағидат.

Бұл қағидат КСРО кезінде белгіленіп, кеңес одағы халықтарының терминқор қалыптастыруда осы қағидатты ұстануы ұсынылды.

Айырмашылықтарды барынша молайту қағидаты (*принцип максимальных расхождений*) – ұлт тілдеріндегі термин шығармашылығына басымдық бере отырып, әр тілдің өзіндік ерекшелігін сақтауды көздейтін, «айырмашылықтарды мейлінше азайту қағидатына» қарама-қарсы бағытталған үрдісті ұстануды белгілейтін қағидат.

КСРО кезінде бұл қағидат кеңестік ғалымдар тарапынан қатты сынға алынып, оған жол бермеу қажеттігі аталып көрсетілді. Бұл қағидат басшылыққа алынған жағдайда, жалпыкеңестік терминқор қалыптастыру идеясының жүзеге асуына үлкен нұқсан келетіндігін ерекше ескеру керек делінді.

Терминологиядағы үнем қағидаты (*принцип экономии в развитии терминологии*) – терминдердің қысқа нұсқасын жасауға ұмтыла отырып, тіркесті терминдер мен күрделі құрамды терминдерді қысқарту қағидаты.

Бұл қағидаттың **ойлау күшін үнемдеу** (*экономия мыслительных усилий*) – терминнің тұлғасы ықшам, мағынасы ұғынықты болып, адамның ойлауға жұмсалатын күшін үнемдеу мен **айту күшін үнемдеу** (*эконо-*

мия производительных усилий) – терминнің айтуға жеңіл, шұбалаңқы болмауына қол жеткізуді көздейтін екі қыры бар. Екі қыры да негізінен терминнің тұлғасын ықшамдаумен байланысты жүзеге асады.

Терминбөлшектердің жалпы санын үнемдеу қағидаты (*принцип экономии общего числа терминологических элементов*) – терминбөлшектердің жалпы санын азайту мақсатын көздей отырып басшылыққа алынатын қағидат.

III. 6. Терминологияның даму барысында болатын құбылыстар

Терминологиялық жағдаят (*терминологическая ситуация*) – терминологияның жай-күйі, жасалу дәрежесі, термин шығармашылығының қағидаттары, дамуының негізгі үрдістері.

Жанадан қолданыла бастағандығына қарамастан, бұл терминді бізде «*терминологиялық ахуал*» және «*терминологиялық жағдай*» деп аударып қолдану да ұшырасып қалады.

Терминологиялық көшкін (*терминологическая лавина*) – ғылыми мен техниканың аса қырқынды дамуына немесе қоғам өмірінде болған саяси-экономикалық, тарихи-мәдени күрт өзгерістерге байланысты күтпеген жерден мол терминдер (жүздеген, мыңдаған) легінің өзге тілден ұлт тіліне бір мезгілде (қысқа мерзім ішінде) енуі.

Терминологиялық бейберекеттік (*терминологический разбой*) – терминологиялық жұмыстардың жоспарлы да жүйелі түрде жүргізілмеуі, дұрыс үйлестірілмеуі салдарынан сала мамандары арасында туындайтын келіспеушілік, термин шығармашылығындағы ала-құлалық.

Осы сипатына байланысты бұл құбылысты «*терминологиялық келісімсіздік*» (*терминологическая несогласованность*) деп атаған ғалымдар да болды.

Терминологиялық дүмпу (*терминологический взрыв*) – бұрын түрлі себептермен термин шығармашылығында пайдаланылмай келген ұлт тілінде термин жасау ісі күрт жанданып, бір мезгілде өзге тілден енген терминдердің басым бөлігін жаңа ұлттық терминдермен алмастыру құбылысы.

Терминологиялық тасқын (*терминологический потоп*) – арнаулы лексиканың дамуы мүлде қадағалаусыз, бақылаусыз бетімен кететін жағдайға жетуі.

Терминологиялық ақпарат (*терминологическая информация*) – бұл тілдік табиғаты бар ұғымдық (семантикалық) ақпарат. Практикалық және теориялық таным кезінде пайда болып, адам баласының кәсіптік-ғылыми қызметінде пайдаланылатын, тілдік форма арқылы жинақталып берілетін терминологиялық ақпараттың ұғымдық сипаты негізінен ғылыми ақпараттың анықтамасымен сәйкес келеді (Супер. С. 225.).

Терминологиялық варианттылық (*терминологическая вариантность*) – сала мамандарының терминологиялық жұмыстарды үйлестіре жүргізуінің салдарынан бір ұғымның бірнеше атауы пайда болып, терминологияда жарыспалы терминдердің шектен тыс көбейіп кетуі.

Бұл терминді кейбір ғалымдар терминологиялық лексика құрамындағы варианттылықтың тілдік табиғатын түсіндіру кезінде де қолданады.

IV. Терминология мәселелерінің зерттелуі мен терминологиялық жұмыстардың үйлестірілуі

IV. 1. Терминтану мектептері

Вена терминология мектебі (*Венская терминологическая школа*) – 1931 жылы Австриялық ғалым О.Вюстер негізін қалаған терминтану мектебі. Бұл мектеп «Австрия терминтану мектебі» деп те аталады.

Ол 1931 жылы «Техника, оның ішінде, электроника тілін халықаралық нормалау» деген тақырыпта жазылған докторлық диссертациясын жариялады. Оның осы еңбегі терминология теориясын жасаудың алғашқы ізденісі, 1930-жылдары шет елдердегі термин туралы ғылымның негізін қалауға бастаған еңбек деп саналады. Терминтанудың негізін қалаған ғалым О. Вюстер австриялық (немесе австрия-германиялық) терминтанушылар мектебіне жетекшілік етті.

Бұл мектеп термин мен терминологиялық жүйенің логикалық жағына, яғни, ұғымдардың табиғатына, олардың өзара қатынасына, қасиеті мен

ұғымға берілген анықтамаға (дефинициясына), сондай-ақ терминдерді стандарттаудың практикалық мәселелеріне, әсіресе, терминологияны халықаралықтандыруға баса мән бергендігімен ерекшеленеді.

О. Вюстер Стандарттаудың ұлттық органдар халықаралық федерациясына (қазіргі Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым ISO) кіретін Терминология жөніндегі техникалық комитетті құрудың бастамашысы болған. Оның бастамасымен 1971 жылы ЮНЕСКО жанындағы Терминология жөніндегі халықаралық ақпараттық орталық – ИНФОТЕРМ құрылған. Бұл мектептің дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдар Х. Фельбер, К. Галинский, В. Недобиты, Г. Будин.

Көп кешікпей көршілес Германияда да терминология мәселелері жақсы зерттеле бастады. Австрия және Германия ғалымдарының ұстанған бағыттары бір, көп мәселеде ортақ пікірге келіп, жұмыс жүргізіп жатқандықтан оларды бөлмей «Австрия-германиялық терминология мектебі» деп те атайды.

КСРО терминтану мектебі (*терминологическая школа СССР*) – КСРО-да терминологиялық жұмыстарға үлкен мән беріліп, 30-жылдары одақтық терминтану мектебінің негізі қаланды. Бұл мектеп «Кеңестік терминтану мектебі» (*Советская терминологическая школа*) деп те аталады. Кеңес одағы кезінде негізі қаланып, осылай аталып кеткені болмаса, бұл мектепті «Ресей терминтану мектебі» деп атауға болады.

1933 жылы С.А. Чаплыгин мен Д.С. Лотте сынды ғалымдардың ұсынысымен Техникалық терминология комиссиясы құрылды. Кейіннен бұл комиссия – Ғылыми-техникалық терминология комитеті болып қайта құрылды. Қазір бұл комитет – Ғылыми терминология комитеті деп аталады. КСРО ғылым академиясы жанынан құрылған бұл комитеттің негізгі міндеті терминология теориясы мен терминологияны реттеудің әдіснамасын жасау болды. Кеңестік терминтану мектебінің негізін қалаушылардың бірі саналатын Д.С. Лотте терминологиялық жұмыстарды жүргізудің әдіснамалық негізін қалай отырып, терминологияны реттеудің жалпы қағидағтарын белгіледі және тұңғыш рет терминге қойылатын талаптарды анықтады. Терминтанушы ғалымдар оның осы еңбектері мен Э.К. Дрезеннің еңбектері, Г.О. Винокурдың, А.А. Реформатскийдің

мақалалары кеңестік терминтану мектебінің негізін қалады деген тұжырым жасайды.

Ресейдегі терминтанудың келесі кезеңі 40-жылдардың аяғы мен 60-жылдардың соңына дейінгі уақытты қамтиды. Бұл кезеңде негізінен терминнің мәртебесі төңірегінде Реформатский А.А., Капанадзе Л.А. және басқа да ғалымдар арасында қызу пікірталас орын алған. Терминология тарихына арналған Л.Л. Кутина, П.Н. Денисова, А.С. Герд, Е.Д. Коновалова еңбектері, терминтанудың логикалық аспектісін зерттеген Е.К. Войшвилло, Н.И. Кондаков, Д.П. Горский және терминдерді аударуға арналған Э.Ф. Скороходько еңбектері жарық көрген. Бұл Ресей тілшілерінің терминология мәселелеріне шындап көңіл бөле бастаған кезең деп есептеледі.

70-жылдардан бастау алған келесі кезең терминтанудың нағыз кең қанат жайып, аймақтық терминтану мектептерінің пайда болған уақыты деп көрсетіліп жүр. Одақтың астанасы болған Мәскеуде терминтану саласындағы негізгі ғылыми жұмыстар КСРО ҒА-ның Ғылыми-техникалық терминология комитетінде Д. Лоттенің ізбасарлары А.М. Терпигорев, В.С. Кулебакин, В.И. Сифоров және Н.К. Сухов, С.И. Коршунов, К.А. Климовицкий, Э.А. Натансон, Т.Л. Канделаки, Г.Г. Самбурова, В.Ф. Журавльев сынды ғалымдар тарапынан жүргізілсе, екінші үлкен орталық Мәскеу мемлекеттік университетінің (МГУ) филология факультетінде П.Н. Денисов, В.П. Даниленко, В.М. Лейчик, В.Н. Прохорова, П.В. Веселов, Р.С. Саголова сынды ғалымдар зерттеулер жүргізіп, Г.Н. Агапова, Н.Б. Гвишиани, М.М. Глушко, С.В. Гринев, В.Л. Налепин сынды ғалымдар кіретін профессор О.С. Ахманованың мектебі қалыптасқан.

Осы кезеңде Л.Л. Кутина, Ф.П. Сороколетов, Е.Д. Коновалова, А.С. Герд, А.И. Моисеев сынды ғалымдар негізін қалаған Ленинградтық терминтану мектебі, Б.Н. Головин мен Р.Ю. Кобрин, В.Н. Немченко, К.А. Авербух сынды ғалымдар кіретін Горький терминтану мектебі, С.З. Иванов, Е.С. Анюшкин бастаған Воронеж терминтану мектебі пайда болған. Сібір мен Оралда да зерттеулер жүргізілген.

Ал 80-жылдардың басынан бастап, терминография теориясы жасауға бағытталған (Шайкевич, А.С. Герд, С.В. Гринев, Ю.Н. Марчук); терминологиялық редакциялаудың қолданбалы және терминтанудың философиялық және әлеуметтік лингвистикалық (В.М. Лейчик, С.Е. Никитина), салғастырмалы, гносеологиялық мәселелері зерттеле бастады.

90-жылдардан бастап терминтанудың когнитивтік, ақпараттық (М.Н. Володина, Л.В. Ивина) және мәтінмен байланысты мәселелерін зерттеуге арналған жұмыстар жарық көрді.

Сөйтіп, КСРО кезінде бастау алған терминтану саласындағы зерттеулер саны жыл өткен сайын артып, Ресейде терминтанудың үлкен ғылыми орталығы қалыптасты.

Қазіргі уақытта да ресей ғалымдары терминтану саласындағы сол басымдығын сақтап қалып отыр. Себебі оларда қалыптасқан ғылыми мектеп және сол мектептен тәрбиеленіп, өсіп шыққан терминтанушы ғалымдар шоғыры бар.

Сонымен қазіргі Ресей терминтану мектебі – Мәскеу терминология мектебі, МГУ терминология мектебі, Ленинград терминтану мектебі, ЛГУ терминология мектебі, Горький терминология мектебі, Воронеж терминология мектебі деп іштей жіктеліп жүр. Олардың әрқайсының көрнекті өкілдері, ұстанған өзіндік бағыттары бар.

Чехословакия терминология мектебі (*Чехословакская терминологическая школа*) – 1930-жылдары негізі қаланған Австрия және КСРО сияқты екі ірі мектептен кейінгі үлкен ғылыми орталық ретінде қалыптасқан терминтану мектебі. Қазіргі Чехия мен Словакия бір ел болып тұрған кезде негізі қаланғандықтан, әлі де солай аталып келеді.

Прага лингвистикалық үйірмесінің негізінде қалыптасқан бұл мектеп терминдердің мәтіндердегі қолданысына мән бере отырып, терминологиялық лексикаға функциональдық және әлеуметтік мәдени тұрғыдан келетіндігімен ерекшеленеді. Ғылым тілін зерттеу оларда тілді мәдениет, өркениет пен технология саласындағы қатынас құралы ретінде қарастыра отырып жүргізіледі. Бұл мектепті «Прага терминтану мектебі» деп те атайды. Чехословакия терминтану мектебінің дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдар чехиялық Л. Дрозд бен словакиялық Я. Горецки.

Прага мектебінің Австрия және КСРО терминтану мектептерінен басты өзгешелігі – олардың ұлттық терминқор құру бағытын ұстанғандығы. Кеңес одағының терминтану мектебі де О. Вюстер негізін қалаған австрия-германиялық терминтану мектебі де терминологияны халықаралықтандыру бағытын ұстанып отырғанда олардың арасында орналасқан Прага терминтанушылар мектебі латын-грек және неміс терминдерінің орнына ұлттық, славяндық терминдер жасауға басымдық берді. Бұл жағынан олар француздар мен француз тілді Канада терминтанушылар мектебіне ұқсайды. Қазақстанда бұл бағыт 20-жылдары алаш зиялылары қауымдасып еңбек еткен терминқор қалыптастыру ісінің басында Ахмет Байтұрсынұлы тұрған кезеңде басымдыққа ие болғаны белгілі.

Канада терминология мектебі (*Канадская терминологическая школа*) – Канада ғалымдары негізін қалап, қазір де өзіндік бағытын ұстанып келе жатқан терминтану мектебі. Бұл мектеп «Квебек терминология мектебі» немесе «Канада-Квебек терминология мектебі» деп те аталып жатады.

Канадада терминтанушылар ең алдымен терминнің лингвистикалық мәселелеріне көп көңіл бөледі. Мысалы, түрлі тілдердегі терминдерді аудару мен салғастыру, терминжасам, терминологиялық деректер қорын жасау т.б. Терминжасам мәселесі Г. Рондо «Неонимия» (терминтанудың саласы) деп атауды ұсынған ғылым аясында қарастырылады.

Скандинавия елдерінде де терминологиялық жұмыстар қарқынды жүргізіліп, терминтанушыларды дайындау дұрыс жолға қойылған. Онда Х. Пихт сияқты ірі терминтанушы ғалымдар жұмыс істейді.

Терминтануды дамытуда елеулі жұмыстар атқарып отырған Польшада С. Гайда, В. Новицки, З. Строберски сияқты белгілі мамандар қызмет етеді.

Жалпы қазір әлем елдерінің барлығында дерлік терминологиялық орталықтар құрылған, онда зерттеулер жүргізіліп, терминологиялық жұмыстар атқарылады. Алайда аталған терминтану мектептері әлемде кеңірек танымал.

IV. 2. Терминологиялық органдар мен ұйымдар түрлері

Халықаралық терминологиялық орган (*международный терминологический орган*) – бір ел көлемімен шектелмей, терминологиялық жұмыстарды бірнеше елдермен байланыста жүргізетін ұйым.

Ұлттық терминологиялық орган (*национальный терминологический орган*) – терминологиялық жұмыстарды бір ел ішінде жүргізетін орган.

Өңірлік терминологиялық орган (*региональный терминологический орган*) – терминологиялық жұмыстарды белгілі бір өңірді қамти отырып жүргізетін орган.

Терминдерді стандарттау органы (*орган по стандартизации терминов*) – салалық терминологиялық жұмыстарды жүргізуге жауапты, стандарттау жөніндегі бас ұйым).

Анықтамалық-терминологиялық қызмет (*справочно-терминологическая служба*) – терминология мәселелері бойынша анықтама, қажетті мәліметтер беретін қызмет түрі.

Терминология комиссиясы (*терминологическая комиссия*) – терминология мәселелерімен айналысатын түрлі сала мамандарынан құралған комиссия.

Мұндай комиссиялар құру КСРО кезінде кең тарап, ұлттық республикалардың көбінде құрылды. Қазір де сол үлгімен жұмыс істейтін комиссиялар кейбір ТМД елдерінде бар. Бізде бұл комиссия сол кездегі дәстүрмен жұмыс істеп келеді. Ол «ҚР Үкіметі жанындағы мемлекеттік терминология комиссиясы» деп аталады. Мемтерминком тоқсанына бір рет жиналып, түрлі сала мамандары ұсынған терминдерді талқылап, өз шешімімен бекітеді. Бекіткен терминдерін көпшілікке ұсынатын консультациялық кеңес органы болып табылады.

Терминология секциясы (*терминологическая секция*) – әр түрлі ғылым салаларының терминдері бойынша жұмыстар жүргізіп, ұсыныстарын терминология комиссиясына бекітуге жолдап отыратын сала мамандарынан құралған жұмыс тобы.

Терминологиялық қауымдастық (*терминологическая ассоциация*) – терминтанушы, терминші мамандардың өз жұмыстарын бірлесіп, қауымдаса отырып жүргізу мақсатымен құрылатын ұйымы.

IV. 3. Әлем елдерінің терминологиялық органдары мен ұйымдары

Араб ақпараттық терминологиялық желісі (ArabTerm), Тунис.

Бельгия терминологиялық орталығы (CBT – Le Centre de Terminologie de Bruxelles), Брюссель.

Ғылыми-техникалық терминология комитеті (КНТТ – Комитет научно-технической терминологии АН СССР), Мәскеу.

Ғылыми және қолданбалы терминологиялық зерттеулердің пәнаралық тобы (GIRSTERM), Квебек, Канада.

Ғылыми және техникалық терминология орталығы (Hispanoterm), Мадрид, Испания.

Дания терминология орталығы (DANTERM).

Европа Қауымдастығының терминологиялық деректер қоры (EURODICAUTOM).

Жапония терминологиялық қауымдастығы (JTA – Japan Terminology Association), Токио.

Инфотерм (Infoterm) – Халықаралық ақпараттық терминологиялық орталық. 1971 жылы ЮНЕСКО-ның қолдауымен құрылған. Вена, Австрия.

ISONET – терминологиялық оқуларды жүзеге асыратын, әр түрлі елдерде тұратын өз мүшелеріне терминологиялық қорда бар барлық ұғымдар мен терминдерді пайдалануға рұқсат беретін, терминологиялық мәліметтерді алмасуға көмектесетін ISO-ның ақпараттық желісі.

ISO/TC 37 – ISO-ның № 37 техникалық комитеті «Терминология (қағидаттар мен үйлестіру)».

Компьютерлендірілген терминология мен аударма жөніндегі агенттіктердің бірлескен мәжілісі (JIAMCATT), Женева.

Қазіргі неміс тілі Клубы жанындағы аудармашылар қоғамы (INTERTERMIN), Чехия.

Қытай ғылыми-техникалық ақпарат институты (ISTIC – Institute for Scientific and Technological information of China; Китайский институт научно-технической информации).

Нидерланд тілді терминология саласындағы ынтымақтастық одағы (SaNT – Samenwerkingsverband Nederlandstalige terminologie).

Ресей терминологиялық қоғамы (Российское терминологическое общество РоссТерм), Мәскеу.

Скандинавия терминология орталығы (NORDTERM), Дания.

ТермНет (TermNet немесе TN) – Терминологиялық ақпаратты тегін (коммерциялық емес) тарататын терминологиялық қорлар мен қызметтердің халықаралық желісі.

Терминологиялық орталық (BTERM немесе TermCat.), Барселона, Испания.

Терминологиялық құжаттамаларды қалыптастыру жөніндегі ұйым (ClearTerm.), Вена, Австрия.

Терминологиялық неологизмдерді біріздендіру жөніндегі халықаралық ұйым (IOVTON – International Organization for Unification of Terminological Neologisms), Польша.

Терминология және неология орталығы (CTN).

Терминдерді біріздендіруге арналған көптілді жүйе, ғылым мен техниканың әлемдік ақпараттық желісі (UNISIST).

Техникалық номенклатура орталығы (TNC – Teknika nomenclaturcentralen), Швеция.

Техникалық терминология кеңесі (RTT – Rfdet for Technik terminology), Норвегия.

Тіл және терминология жөніндегі бүкіләлемдік ұйым (WOLT – World Organization for Language and Terminology), Польша.

Халықаралық терминдердің бүкіләлемдік қоры (WBIT – World Bank of International Terms), Польша.

Халықаралық терминология қауымдастығы (TERMIA), Квебек, Канада.

Халықаралық терминологиялық зерттеулер институты (ИТР – International Institute for Terminology Research немесе ИТФ; Международный институт терминологических исследований).

Эстон терминологиялық банкі (ЭСТЕР – Эстонский терминологический банк).

IV. 4. Терминология мәселелерімен айналысушы мамандар

Терминтанушы (*терминовед*) – терминнің, терминологияның теориялық, қолданбалы және әдістемелік мәселелерін зерттеуші, жүйелеуші тіл маманы.

Бұл терминді бастапқыда Кобрин Р.Ю., Куль Р.В., Авербух К.Я. сияқты ғалымдар қолданса, қазір кең тарай бастады.

Терминші (*терминолог*) – терминологияның қолданбалы мәселелерімен шұғылданушы сала маманы.

Ресей ғалымдары мұндай маманды *специалист-терминолог*, *специалист-предметник*, *терминолог-практик* деп атап жүр. «Терминовед» термині қолданысқа енгенге дейін Ресейде де, бізде де термин мәселесімен айналысушылардың барлығын да «терминолог» деп қолданып келдік. Қазір олардың араларын ажыратып қолдана бастадық. Өлі де ғалымдар мен салалық мамандар арасында термин мәселесіне қатысы барлардың бәрін бұрынғыша «терминолог» деп атаушылар бар.

Терминограф (*терминограф*) – терминографияның теориялық мәселелерімен, терминологиялық сөздіктер жасаудың ғылыми-практикалық, әдістемелік мәселелерімен айналысатын маман.

Арнаулы сөздіктер түзудің жалпы әдіснамасы мен нақты тәсілдерін жасау, терминологиялық сөздіктерді түріне қарай топтастыру мен жіктеудің қағидаттарын жасау, жекелеген типтегі сөздіктерге арнаулы лексиканы тандап алу мен оларды сөздікте берудің, сипаттаудың, мағынасын түсіндірудің ғылыми негізделген қағидаттарын жасау сияқты мәселелер терминограф мамандардың атқаратын жұмыстары болып саналады.

«Терминограф» терминін 1975 жылы Э.Н. Натансон ұсынған.



Редактор-терминші (*редактор-терминолог*) – түрлі құрылымдардың іс қағаздарын жүргізу, редакциялау, сараптау бөлімдерінде қызмет істеп, терминдердің біркелкі қолданылуын қадағалап, сәтсіз жасалған немесе тыйым салынған, ұсынылмаған терминдердің құжаттарға, әр түрлі мәтіндерге енуіне жол бермей, құзыретті орган тарапынан ұсынылған терминдердің қолданылуын жүзеге асыратын мамандар.

Бізде редактор-терминші мамандығы ресми тіркелген мамандықтар қатарына кірмеген. Сондықтан ондай мамандар арнайы дайындалмайды. Алайда олардың жұмыстары түрлі деңгейдегі мемлекеттік құрылымдар мен мекемелер қызметкерлері тарапынан орындалып жатады. Мысалы, ҚР Президент Әкімшілігінің Жалпы бөлімі, ҚР Үкіметінің құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі, ҚР Парламенті Сенатының аударма және редакциялау бөлімі, ҚР Парламенті Мәжілісінің ... бөлімі, министрліктер мен облыстық әкімдіктердің тіл мәселелерімен айналысатын бөлімдерінің қызметкерлері, баспа редакторлары қоса атқарып отыр. Атқарылып жатқан істің сапасы сол құрылымдардағы мамандардың кәсіби дайындығы мен тәжірибесіне байланысты әр түрлі деңгейде болып жатады. Әрине, бұл іспен барлық деңгейде арнайы маманданған редактор-терминшілер айналысса, терминологиялық редакциялау жұмысы жоғары кәсіби деңгейде жүргізіліп, мәтіндердегі термин қолданысы жолға қойылар еді.

Терминологиялық қызметші (*терминологический работник*) – терминологиялық жұмыстарды жүргізетін органдар мен ұйымдарда үйлестіру, ұйымдастыру және басқа да практикалық жұмыстарды атқаратын қызметкер.

Терминком мүшесі (*член терминологической комиссии*) – терминология комиссиясының құрамына енген, терминдерді сұрыптауға, бекітуге қатысатын белгілі бір сала маманы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
 А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
 Терминология бөлімінің мұнай-газ саласының терминдерін
 біріздендіру, жүйелеу мақсатында дайындаған терминдері

Орысша термин	Қазақ тіліндегі баламалары	Ұсынылатын терминдер нұсқасы
Абразивность	қажағыштық, жемірілігіштік, абразив	қажағыштық
Абсорбировать	сіңіру, сіңіргіш зат, бойына сіңіру, жүту, сорылу, ылғалды сору	сіңіру
Авария	авария, апат, сәтсіздік, сыну, бұзылу, қиыншылық	апат
Адаптация	адаптация, бейімделу, үйрену, бой үйрету	бейімделу
Аквагория	су айдыны, айдын, теңіз жағалауы	су айдыны
Активный газ	белсенді газ, әрекетті газ, өрекетті газ	белсенді газ
Ареометр	ареометр, сұйықтықтың тығыздығын өлшейтін аспап, сұйықтың тығыздығын өлшейтін аспап	ареометр

Балансир	теңгергіш, теңгермеші, тербеу, теңергіш	теңгергіш
Башмак	башмақ (тиянақ), тірек, төсем	башмақ
Буровой насос	бұрғы насосы, бұрғылау сорабы, бұрғылау сорғы	бұрғылау сорабы
Вакуум	вакуум, бос кеңістік, ауасыз орта	вакуум
Взрывчатое вещество	жарылғыш зат, тұтқырлағыш зат	жарылғыш зат
Влажный газ	ылғалды газ, дымқыл газ	ылғалды газ
Водоем	су тоғаны, су қоймасы, су, суат	суат
Водоносный горизонт	сулы беткей, сулы горизонт, су тұтқыш деңгейжиек, сулы қабат	сулы беткей
Водоносный пласт	сулы қойнауқат, су қабаты	сулы қойнауқат
Вязкий	тұтқыр, жабысқақ, іпкі үйкеліс	тұтқыр
Газовая залежь	газ шоғыры, газ жатыны	газ жатыны
Газ попутный	серіктес газ, ілеспе газ, жанама газ	ілеспе газ

Гаситель	өміргіш, сөндіргіш	сөндіргіш
Глинистый раствор	саз ерітіндісі, балшық ерітіндісі	балшық ерітіндісі
Головка	бас, қалпақша, басқы, бастик	қалпақша
Закачка	айдау, ендіру	ендіру
Качалка	ырғалғыш, теңселме, тербегіш	теңселме
Месторождение	кен орны, кеніш	кен орны
Модернизация	модернизациялау, жанарту, жаңғырту, жетілдіру, түрлендіру	модернизациялау
Напластование	қат-қабатталу, қойнауқатталу, қабаттану, қабаттасу, қабат-қабат орналасу	қойнауқатталу
Напор	арын, қысым, тегеурін	арын
Насос	насос, сорғы, сорап, бұлқын	сорап
Нефтедобыча	мұнай өндіру, мұнай өнімі	мұнай өндіру
Нефтеперерабатывающий завод	мұнай айыру зауыты, мұнай өңдеу зауыты	мұнай өңдеу зауыты



Нефтяная скважина	мұнай ұңғымасы, мұнай скважинасы, мұнай ұңғысы	мұнай ұңғымасы
Нефтяной фонтан	мұнай фонтаны, мұнай бұрқағы	мұнай бұрқағы
Обсадка	кигізу, кигізбелеу, кигізбе, шегендеу	шегендеу
Осадок	шөгінді, түнба, шөкпе	шөгінді
Откачка	айдап шығару, сору, тартып шығару	айдап шығару
Парафин	парафин, балауыз	балауыз
Перекачка	қайта қотару, аудару, айдау, қотару, қотарылу	қайта айдау
Переработка	өңдеу, айыру	қайта өңдеу
Пластичность	созылымдылық, илемділік, созымталдық, иілімдік, созымдылық	иілімдік
Платформа	тұғырлық, тұғырнама, тұғыр, платформа	тұғыр
Поисковая скважина	іздеуші скважина, іздеме ұңғы, қарастыру ұңғымасы, барлау ұңғымасы	барлау ұңғымасы

Поплавок	қалқыма, қалтқы	қалқыма
Привод	жетек, қозғалтқыш, тартқыш	жетек
Примесь	қоспа, қосылған, араласқан	қоспа
Проба	сынама, тексерме	сынама
Промывочная жидкость	жуғыштау сұйығы, жуу сұйығы	жуу сұйығы
Сброс	сырғыма, қашыртқы, төгінді, ығыстыру, жылжыту, түсіру, лықсыма	төгінді
Сжиженный газ	сұйықталған газ, сұйытылған газ	сұйытылған газ
Смазочное масло	жағатын май, жағар май	жағар май
Сырая нефть	шикі мұнай, мұнай шикізаты	мұнай шикізаты
Теплопотеря	жылу ысырабы, жылу жоғалту	жылу ысырабы
Трубодержатель	құбыр тұтқыш, тұрба тұтқыш	құбыр тұтқыш
Труболовка	құбыр қармағыш, тұрба қармағыш, құбырды ұстайтын құрал, құбыр қажағыш	құбыр қармағыш
Трубопровод	құбыр қармағыш құбыр, құбыр, құбыр желісі	құбырөткізгіш



Узел	торап, түйін, тораб	торап
Упругий	серіпнелі, созылмалы	серпімді
Фиксатор	белгілегіш, бекіткіш, ұстауыш, тіркеуіш	тіркеуіш
Фильтрация	сүзбелену, сүзілу, сүзу	сүзілу
Шлам	шлам, шайынды, қоқыр	қоқыр
Щебень	үшкіртастар, қиыршық тас	қиыршық тас

АҚПАРАТТАР, ШОЛУЛАР

Бұл айдармен терминология саласында атқарылған жұмыстары туралы ақпараттар мен республикада шығып жатқан терминология мәселелеріне қатысты еңбектерге жазылған пікірлер жарияланып, терминологиялық әдебиеттерге шолу жасалады.



Ш. Құрманбайұлы


ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ
ЖАҢА АТАУЛАР МЕН
ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР

Құрманбайұлы Ш. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа атаулар мен қысқарған сөздер. Астана, 2009. – 256 бет.

Бұл кітапта соңғы 20 жылдай уақыт көлемінде қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар мерзімді баспасөз беттерінен жинақталып, мысалдарымен беріліп отыр. Автор қазіргі сөзжасам, терминжасам тәжірибесіне жан-жақты тоқталып, талдау жасайды. Баспасөздің жаңа қолданыстарды қалыптастырудағы рөлі мен онда орын алып отырған кемшіліктер атап көрсетіледі. 1990-2009 жылдар аралығындағы терминологияның даму бағыты, осы кезеңнің сипаты, ерекшеліктері көрсетіледі.

Кітаптың екінші бөлімінде бүгінгі қазақ баспасөзінде қолданылып жүрген қысқарған сөздер мысалдарымен көрсетіліп, кітап соңында олардың орысша-қазақша сөздігі берілген.

Ғылыми-практикалық еңбек тілші ғалымдар мен оқытушыларға, терминтанушылар мен терминшілерге, аудармашылар мен журналистерге, филология факультеттерінің студенттері мен магистранттарына, сондай-ақ қазіргі қазақ тілі лексикасының даму ерекшеліктері, бүгінгі терминжасам үдерісі қызықтыратын көпшілік қауымға арналған.



К.Б. Базарбаев. Орысша-қазақша әлеуметтік сала терминдерінің сөздігі. Русско-казахский словарь социальной терминологии. – Астана, 2008. – 248 бет.

Сөздік Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі министрлігінің қызметкерлері ғана емес, онымен бірге Қазақстан Республикасының барлық министрліктері мен ведомстволарының, облыстық, қалалық, аудандық және ауылдық әкімдерінің кадр бөлімдерінің азаматтарды ұдайы жұмысқа қабылдаумен, оқытумен және әлеуметтік қамсыздандарумен айналысатын

қызметкерлері, сондай-ақ еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғауға арналған пәндерді оқыту және зерделеу барысында жоғарғы және орта оқу орындарының оқытушылары мен студенттері күнбе-күнгі іс-әрекеттерінде кеңінен қолданатын 7,5 мыңнан астам терминдер мен сөз тіркестерін қамтиды.

Сөздік әр түрлі қоғамдық ұйымдардың, шағын кәсіпкерлердің және басқа мекемелердің қызметкерлеріне де пайдалы болуы мүмкін.

МАЗМҰНЫ***Ш. Құрманбайұлы***

Ісләм Жарылғаповтың сөзжасам тәжірибесі **5**

Е. Әбдірәсілов

Салалық терминдер мен жалпығылыми терминдердің электрондық жиынтығын жасау қажеттілігі **18**

С.С. Исақова

Лингвистикалық терминдерді когнитивтік тұрғыдан талдау **25**

Н. Әшімбаева

Қазақтың бұрынғы ел басқару құрылымына қатысты кейбір атаулар **31**

Искакова Н.С.

Проблемы перевода военных терминов в военно-технической научной литературе **39**

Ш. Құрманбайұлы

Терминтану терминдерінің түсіндірме сөздігі **44**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

Терминология бөлімінің мұнай-газ саласының терминдерін біріздендіру, жүйелеу мақсатында дайындаған терминдері **117**

Ақпараттар, шолулар **123**



МАЗМҮНІ

Ш. Құрманбайұлы	Қазақстан Республикасының тіл және мәдениет министрінің	3
С. Әбдіқали	Қазақстан Республикасының Ұлттық тіл және мәдениет агенттігінің	10
С.С. Нәсімов	Қазақстан Республикасының Ұлттық тіл және мәдениет агенттігінің	20
Ж. Әбдіқали	Қазақстан Республикасының Ұлттық тіл және мәдениет агенттігінің	31
Жұлдыз Ж.С.	Қазақстан Республикасының Ұлттық тіл және мәдениет агенттігінің	18
Ш. Құрманбайұлы	Қазақстан Республикасының Ұлттық тіл және мәдениет агенттігінің	44
А. Байтұрсынұлы	Қазақстан Республикасының Ұлттық тіл және мәдениет агенттігінің	167
А. Байтұрсынұлы	Қазақстан Республикасының Ұлттық тіл және мәдениет агенттігінің	171

**ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ХАБАРШЫ
№ 2 (28)**

Бас редакторы – Шерубай Құрманбайұлы
Жауапты хатшы – Гүлжанат Азанбаева

Редакцияның мекенжайы:

**Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Тіл комитеті**

Астана қаласы, Есілдің сол жағалауы,
Министрліктер үйі, «А» блогы, 15-кіре беріс, 2-қабат
Тел.: 8 (7172) 74-05-02, 74-05-06, 74-05-08

Теруге берілген күні 16.06.2009 ж. Басуға қол қойылған күні 19.07.2009 ж.
Пішімі 70x100 1/16. Көлемі 8,0 баспа табақ. Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс № 374/3359. Бюллетень «1С-Сервис» ЖШС-де басылды. 010000, Астана қаласы